

«ЖЕКЕ ҚАУПСІЗДІК» ТАҚЫРЫБЫНДАҒЫ САБАҚТАР

- **Мектепалды даярлық (4-5 жас)**
- **Бастауыш мектеп (1–4-сыныптар)**
- **Негізгі мектеп (5–9-сыныптар)**
- **Орта мектеп (10–11-сыныптар) және ТжКБ (1–2-курстар)**

МАЗМҰНЫ

Кіріспе.....	3
«Жеке қауіпсіздік» тақырыбындағы сабақтар. Мектепалды даярлық (4 жас).....	6
«Жеке қауіпсіздік» тақырыбындағы сабақтар мектепалды даярлық (5 жас).....	20
«Жеке қауіпсіздік» тақырыбындағы сабақтар 1-сынып.....	34
«Жеке қауіпсіздік» тақырыбындағы сабақтар 2-сынып.....	58
«Жеке қауіпсіздік» тақырыбындағы сабақтар 3-сынып.....	13
«Жеке қауіпсіздік» тақырыбындағы сабақтар 4-сынып.....	11
«Жеке қауіпсіздік» тақырыбындағы сабақтар 5-сынып.....	31
«Жеке қауіпсіздік» тақырыбындағы сабақтар 6-сынып.....	12
«Жеке қауіпсіздік» тақырыбындағы сабақтар 7-сынып.....	11
«Жеке қауіпсіздік» тақырыбындағы сабақтар 8-сынып.....	26
«Жеке қауіпсіздік» тақырыбындағы сабақтар 9-сынып.....	185
«Жеке қауіпсіздік» тақырыбындағы сабақтар 10-сынып.....	204
«Жеке қауіпсіздік» тақырыбындағы сабақтар 11-сынып.....	233

КІРІСПЕ

Қазақстан Республикасының білім беру ұйымдарында жеке қауіпсіздік сабақтары енгізіледі

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылы 31 тамыздағы № 748 Балаларды зорлық-зомбылықтан, суицидтің алдын алудан қорғау және олардың құқығы мен әл-ауқатын қамтамасыз ету жөніндегі 2023–2025 жылдарға арналған кешенді жоспар бекітілді, ол балалардың әл-ауқаты мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі алгоритм мен нұсқаулықтарды әзірлеуді қарастырады.

Осы жоспар аясында **130 жеке қауіпсіздік сабағы** (бұдан әрі – Сабақтар) әзірленді:

- мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдары үшін **20** сабақ;
- орта білім беру ұйымдары және ТЖКБ үшін **110** сабақ.

Сабақ мазмұнына мынадай элементтер енгізілді:

1. Жеке адам құқығы мен бостандығының қорғалуы, бұл зорлық-зомбылықтың физикалық, психологиялық және моральдық нысандарын қоса алғанда, балалардың құқығы мен бостандығын қорғауды білдіреді.

2. Тұлғаға қажетті сапа мен тұрмыс деңгейін қамтамасыз ету, бұл балалардың әл-ауқатын қамтамасыз етудегі білім алуына, медициналық көмек, тұрғын үй және басқа да қажетті ресурстарға қол жеткізуін қамтамасыз ету.

3. Қоғам мен мемлекетте адамның тұлға ретінде дамуына жағдай жасау, бұл балалардың білім алуға, мәдениетке, спортқа және өзіндік дамудың басқа да нысандарына қол жеткізуін қоса алғанда, жеке тұлға ретінде дамуына жағдай жасауды білдіреді.

Сабақтардың мақсаты – балаларға күнделікті өмірде қауіпсіздікке ықпал ететін дағдыларды үйрету; жеке басын қорғау мен айналасындағыларға саналы, жауапты көзқарас қалыптастыру.

Сабақ міндеттері:

- жеке қауіпсіздігін қорғау шаралары туралы хабардарлықты арттыру;
- өзін-өзі қорғау дағдыларын дамыту;
- жауапты мінез-құлықты қалыптастыру;
- психологиялық дайындық;
- әлеуметтік құзыреттілік;
- ақпараттық қауіпсіздік.

Сабақтардың мақсатты тобы:

- мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарының тәрбиеленушілері;
- жалпы білім беретін орта мектеп білім алушылары;
- ТЖКБ ұйымдарының білім алушылары.

Сабақтарды апта сайын сынып сағаттарында 10 минуттан өткізу жоспарланып отыр.

Педагогтер мен сынып жетекшілері үшін тақырыптар **130** сабаққа бөлінген.

20 тақырыптың ішінен бір жас санатынан екіншісіне ауысатын тақырыптар бар (Мысалы, тақырыптар: «Төтенше жағдайлар кезіндегі әрекеттер»: шұғыл қызметтердің нөмірі, төтенше жағдайлар туындаған кездегі шұғыл қызметтерге қоңырау шалу скриптері) бірақ, сабақтың мазмұны мен берілуі әртүрлі.

Сабақ балаларға интернетте және көшеде қалай қауіпсіз болу керектігін жақсы түсінуге көмектеседі. Ол үшін Қазақстандағы TikTok, Instagram, Facebook, ВКонтакте және Youtube платформаларының өкілдерімен балалар үшін қауіпсіз

контентті қалыптастырудан жұмыстар жүргізу жоспарлануда.

Өмірде болатын қауіптің алдын алуға, болдырмауға және қажет болса, әрекет етуге көмектесетін қауіпсіздік ережелері маңызды. Бұл ереже ғаламторда да маңызды, егер оны қалай сақтауды білмесеңіз, онда жаһандық байланыс қауіпті болуы мүмкін.

Қауіпсіздік тек қауіп-қатерлерден қорғану туралы ғана емес, бұл адамның өз өмірі мен басқа адамның өміріне саналы көзқарасы, бұл біздің табиғаттың бір бөлігі екенімізді және біздің қауіпсіздігіміз қоршаған ортаның қауіпсіздігіне және біздің барлық нәрсеге деген көзқарасымызға байланысты екенін түсінуге көмектесетін экологиялық сананың бір бөлігі.

Өмірге деген саналы көзқарас өзін және басқа адамдарды, олардың жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін жақсы түсінуге көмектесетінін есте сақтаңыз. Бұл бізге рефлексивті болуға және айналамыздағы адамдарды терең түсінуге көмектеседі.

Осылайша, жеке қауіпсіздік сабақтары балаларға интернетте өзін қорғап қана қоймай, өмірде қауіпсіз болуды үйретеді, сондай-ақ экологиялық сана мен өмір мен қоршаған ортаға деген саналы көзқарасты дамытады.

Сабақтарда пайдаланылатын ресурстар мен бейнероликтер, таныстырылымдар, алгоритмдер, шұғыл құтқару қызметтерімен хабарласу скриптері жағдайдың стандартты емес дамуы кезінде, төтенше жағдайлар кезінде жедел эвакуация кезінде шешім табу қабілетін тұжырымдауға бағытталған.

Модельді жағдаяттар шынайы өмірге барынша жақын, бұл болашақтағы жағдайларға жақсы дайындалуға мүмкіндік береді.

Жеке қауіпсіздік сабақтарын өткізу форматы

Сабақтарды өткізудің бірнеше форматы ұсынылады: бейнедәрістер, анимациялық дәрістер және мәтіндік дәрістер, бұл оқытудың әртүрлілігі мен ыңғайлылығын қамтамасыз етеді. Білімді бақылау үшін озық білім беру технологияларына негізделген тест, кейстік, жобалық және интерактивтік тапсырмалар пайдаланылады.

Курс өтудің жеке траекториясын қалыптастыруға мүмкіндік береді, бұл білім алушыларға түрлі бағыттардан, техникалық бағыттан гуманитарлық бағыттарға дейін олардың мүдделері мен қажеттіліктеріне сәйкес білім мен дағдыларды дамытуға мүмкіндік береді.

Оқыту нәтижесінде балалардың мынадай дағдылары қалыптасады:

- 1) нақты жағдайдың өмірге және денсаулыққа қауіптілік дәрежесін бағалау;
- 2) қауіпті жағдайда жылдам әрекет ету үшін экстремалдық ойлау;
- 3) өз эмоциясы мен мінез-құлқын бақылау;
- 4) өз мінез-құлқының және айналадағыларға ықпал ету тәсілдерінің алгоритмін құру, жауапкершілік таныту;
- 5) өз эмоциялық жай-күйін тұрақтандыру және іс-әрекеттерде қауіптілік деңгейін байыпты қабылдау жөніндегі өз ролі мен функцияларын түсіну;
- 6) тез эвакуациялау немесе басқа да қауіпті, күтпеген, стресстік, стандартты емес жағдайларда шешім қабылдау;
- 7) арнайы қызметтермен өзара әрекеттесу кезінде өз функцияларын түсіну.

Оқыту нәтижесінде балаларда мынадай құзыреттер қалыптасады:

- 1) қауіпсіз және қауіпті жағдайлар туралы хабардар болу;
- 2) даулы жағдайлар мен келіссөздерді шешу;
- 3) агрессия мен зорлық-зомбылықтан қорғау;

- 4) эмпатия сезімін және басқа адамдарға мейірімділікті арттыру;
- 5) әлеуметтік бейімделу және жаңа жағдайларға бейімделу;
- 6) өз қорқыныштары мен фобияларын бағалау және еңсеру;
- 7) өз қабілеттері мен мүмкіндіктеріне сенімділікті арттыру.
- 8) қауіпсіздік сезімі және өзіне сенімділік;
- 9) жағдаятты талдау және дағдарыс жағдайларында шешім қабылдау;
- 10) өз әрекеттері мен денсаулығы үшін жауапкершілікті арттыру;
- 11) сын тұрғысынан ойлау және жағдайды бағалау қабілеті;
- 12) басқа адамдармен қарым-қатынас және өзара іс-қимыл жасай білу;
- 13) қажет болған жағдайда көмек сұраудың маңыздылығын түсіну;
- 14) әртүрлі жағдайда өз-өзіне және өзара көмек көрсету;
- 15) эмоциялық басқару және басқарушылық.

НЕГІЗГІ БАҒЫТТАР

Мектепке дейінгі ұйымдар үшін (20 сабақ):

1. ТЖ кезіндегі әрекеттер: ТЖҚ нөмірлері, қоңырау шалу скриптері
2. Үй-жайдағы қауіпсіздік
3. Көшедегі қауіпсіздік
4. Бейтаныс адамдармен қарым-қатынас кезіндегі қауіпсіздік
5. Қауіпті заттар.

1–4-сыныптар үшін (40 сабақ):

1. ТЖ кезіндегі әрекеттер: ТЖҚ нөмірлері, қоңырау шалу скриптері
2. Үй-жайдағы қауіпсіздік
3. Көшедегі қауіпсіздік
4. Бейтаныс адамдармен қарым-қатынас кезінде қауіпсіздік
5. Қауіпті заттар
6. Судағы, мұз үстіндегі қауіпсіздік
7. Интернеттегі қауіпсіздік.

5–11-сыныптар мен ТЖКБ үшін (70 сабақ):

1. ТЖ кезіндегі әрекеттер: ТЖҚ нөмірлері, қоңырау шалу скриптері;
2. Көшедегі, көліктегі үй-жайлардағы қауіпсіздік;
3. Құқықтары мен міндеттері;
4. Судағы, мұз үстіндегі қауіпсіздік
5. Интернеттегі қауіпсіздік
6. Жасанды интеллект: қауіптер мен тәуекелдер;
7. Қаржылық сауаттылық, жұмысқа орналасу кезіндегі қауіпсіздік;
8. Салауатты әдеттер.

**«ЖЕКЕ ҚАУПСІЗДІК» ТАҚЫРЫБЫНДАҒЫ САБАҚТАР. МЕКТЕПАЛДЫ
ДАЯРЛЫҚ
(4 жас)**

№ 1 САБАҚ. «ЖЕДЕЛ ҚЫЗМЕТТЕРДІҢ ТЕЛЕФОН НӨМІРІ»

Ұзақтығы: күні бойы

Топ: ересек (4 жастағы балалар)

Ұйымдастырылған іс-әрекеттің мақсаты: мектеп жасына дейінгі балаларды тосын жағдайда қажетті жедел қызметтердің телефон нөмірлерін есте сақтауға және дұрыс қолдануға үйрету.

Негізгі міндеттер:

- Балаларды «Жедел қызметтер» ұғымымен және олардың негізгі телефон нөмірлерімен таныстыру.
- Қандай жағдайда жедел қызметтеріне хабарласу керек екенін түсіндіру.
- Балаларға жедел қызмет операторына ақпаратты дұрыс әрі нақты хабарлауды үйрету.

Материалдар мен ресурстар:

Ұйымдастырылған іс-әрекет тақырыбынан мысалдарды көрсетуге арналған суреттер мен бейнелер.

Шұғыл қызметтердің телефон нөмірлері туралы жадынамалары бар үлестірме материалдар.

Рольдік ойындарға арналған телефондар, телефон аппараттары немесе ойыншық телефондар.

Ұйымдастырылған іс-әрекет:

Өрт сөндірушілер, полиция қызметкерлері және дәрігерлер мен олардың адамдарға қалай көмектесетіні туралы әңгімелесу.

Қайда және қалай телефон соғу керек: бейнеролик қарау.

Нұсқаулық:

- Қажетті телефон нөмірін теріңіз.
- Нақты әрі сабырлы сөйлесіңіз.
- Аты-жөніңізді, қай жерде тұрғаныңызды және не болғанын айтыңыз.

Сюжетті-рольдік ойын:

- Балаларды жұпқа бөлу. Бір бала қоңырау шалушының ролін, екінші бала төтенше жағдай қызметкерінің ролін сомдайды.

- Өртүрлі жағдаяттар берілген карточкаларды таратыңыз (өрт, адам құлап қалды, біреу көшеде айқайлап жүр және т.б.).

- Бала қажетті нөмірді теріп, операторға ақпаратты жеткізуі керек.

Жедел қызметтердің телефон нөмірлерін қайталау:

- Жедел қызмет телефон нөмірлерін ойын түрінде қайталау.

Ұйымдастырылған іс-әрекеттің рефлексиясы, балалар үйде қайталау үшін жедел қызметтерінің телефондары жазылған карточкаларды тарату.

Пайдалы сілтемелер:

<https://orken-instituty.kz/ru/telefony-goryachih-lj>

<https://orken-instituty.kz/ru/dashboard/cpsp-material/poleznye-materialy-cpsp>

<https://orken-instituty.kz/ru/roditelyam>

<https://www.youtube.com/watch?v=HBgZoMfOcIE&list=PLA5eCSY2FeoQFtmGao7l>

[WQuIA-hK_6ODD&index](#)

№ 2 САБАҚ. «ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙ КЕЗІНДЕ ЖЕДЕЛ ҚЫЗМЕТТЕРГЕ ҚОҢЫРАУ СОҒУ СКРИПТЕРІ»

Ұзақтығы: күні бойы

Топ: ересек (4 жастағы балалар)

Ұйымдастырылған іс-әрекеттің мақсаты: балаларды шұғыл қызметтерге дұрыс және тиімді қоңырау шалуға, жедел әрекет ету үшін қажетті ақпаратты беруге үйрету.

Міндеттері:

- Балаларды жедел қызмет нөмірлерімен (полиция, өрт сөндіру, жедел жәрдем, газ қызметі) таныстыру.
- Төтенше жағдай кезінде телефон соғу нұсқауларының негізгі элементтерін көрсету.
- Өртүрлі төтенше жағдайларда телефон соғу скриптерін әзірлеуге және есте сақтауға үйрету, жедел қызметтерге телефон соғу жаттығуларын жүргізу.

Материалдар мен ресурстар:

Шұғыл қоңыраулар мысалын көрсетуге арналған суреттер мен бейнелер.

Шұғыл қызмет нөмірлері туралы жадынамалар және үлгі қоңырау скрипті берілген үлестірме материалдар.

Рольдік ойындарға арналған телефондар, телефон аппараттары немесе ойыншық телефондар.

Ұйымдастырылатын іс-әрекет:

Жедел қызметтерге телефон соғудың маңыздылығын түсіндіріңіз.

«Есте сақта!»

Өрт күзеті	101
Полиция	102
Жедел жәрдем	103
Төтенше газ қызметі	104,112
Бірыңғай құтқару қызметі	112
«111 жедел қызметі» байланыс орталығы балалар мен ересектер өздеріне көмек қажет екендігі туралы, тұрмыстық зорлық-зомбылық, балалардың құқықтарының бұзылуы туралы, баланың көшеде, үйде, көлікте жалғыз қалғаны туралы, өміріне және денсаулығына қауіп төнгенде хабарласу үшін.	111
- «111» нөмірі – 24/7 байланыста	
- «111» нөмірі – құпиялылықты сақтайды	
- «111» нөмірі – тәулік бойы ПД және өңірлердің жедел топтарымен байланыста.	

Қоңырау скриптерінің негізгі элементтерін көрсету:

- Сәлемдесу және таныстыру.
- Оқиға мекенжайы мен орнын көрсету.
- Жағдайды сипаттау (не болды, қандай қауіп бар, зардап шеккендер бар ма және т.б.).

- Оператор сұрақтарына жауап беру.
 - Оператор нұсқауларын орындау.
- Қоңырауға дейін және одан кейінгі тәртіп ережелерін талқылау:
- Оператор тұтқаны қойыңыз деп айтпайынша, телефонды қоймаңыз.
 - Оператордың нұсқауларын орындаңыз және мүмкіндігінше

көмектесіңіз.

Бекітуге арналған тапсырмалар:

Өртүрлі жағдайларға арналған телефон соғу скриптерін жасаңыз. Мысалы: үйді өрт шалу. Жарақат немесе ауру. Газ иісінің шығуы. Ұрлық немесе шабуыл.

Пайдалы сілтемелер:

<https://orken-instituty.kz/ru/telefony-goryachih-linij>

<https://orken-instituty.kz/ru/dashboard/csp-material/poleznye-materialy-csp>

<https://orken-instituty.kz/ru/roditelyam>

https://www.youtube.com/watch?v=HBgZoMfOcIE&list=PLA5eCSY2FeoQFtmGao7IWQuIA-hK_6ODD&index=1

№ 3 САБАҚ. «ТОПТАҒЫ ҚАУІПСІЗ МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚ ЕРЕЖЕЛЕРІ»

Ұзақтығы: күні бойы

Топ: ересек (4 жастағы балалар)

Ұйымдастырылған іс-әрекеттің мақсаты: балаларға барлығына қауіпсіз және жайлы атмосфераны құру үшін топтағы негізгі мінез-құлық ережелерін үйрету.

Міндеттері:

- Балаларды тәрбие процесі кезінде мінез-құлықтың негізгі ережелерімен таныстыру.
- Осы ережелерді сақтаудың маңыздылығын түсіндіріңіз.
- Рольдік ойындар арқылы мінез-құлық ережелерін бекіту.
Материалдар мен ресурстар:
- Мінез-құлық ережелерінің иллюстрациясы бар суреттер немесе карталар.
- Марапаттау стикерлері немесе шағын сыйлықтар.
- Сюжетті-рольдік ойындарға арналған ойыншықтар немесе заттар.

Ұйымдастырылған іс-әрекет:

Тәрбиеленушілермен амандасу.

Топтағы ережелер не үшін қажет екенін түсіндіру.

Ережелерді сақтау топты барлығына жағымды және қауіпсіз етуге қалай көмектесетіні туралы қысқаша талқылау.

Топтағы тәртіп ережелерімен таныстыру:

1-ереже. Тәрбиешіні және басқа балаларды тыңда.

Түсіндіру: «Біреу сөйлегенде, біз мұқият тыңдап, түсінуге кедергі жасамауымыз керек».

2-ереже. Барлық адаммен сыпайы сөйлес.

Түсіндіру: «Сөйлегенде сиқырлы сөздерді қолданамыз: «өтінемін, рақмет, кешіріңіз».

3-ереже. Ойыншықтар мен заттарға ұқыпты бол.

Түсіндіру: «Ойыншықтар мен заттар жалпыға ортақ, сондықтан біз барлығына жеткілікті болуы үшін ұқыпты қарауымыз керек».

4-ереже. Ұрыспа және ешкімді итерме.

Түсіндіру: «Бір-бірімізге мейірімді боламыз және бір-бірімізді ренжітпейміз».

5-ереже. Бөліс және бірге ойна.

Түсіндіру: «Бірге ойнау да қызық, ойыншықтармен бөлісу де қызық».

Иллюстрация мен мысалдар: ережелерді сақтаған немесе сақтамаған балалардың суреттерін немесе көріністерін көрсету. Ережені сақтамағанда қандай жағдайлар болуы мүмкін екенін талдау.

Сюжетті-рольдік ойын:

Балаларды жұпқа немесе кіші топтарға бөліңіз.

Олардан ережелерді сақтау көріністерін сомдауды сұраңыз (мысалы, бір-бірін тыңдау, сыпайы сөйлеу, ойыншықтарды бөлісу).

Ұйымдастырылған іс-әрекеттің рефлексиясы.

Негізгі тәртіп ережелерін қайталау.

Пайдалы сілтеме:

<https://orken-instituty.kz/ru/telefony-goryachih-linij>

№ 4 САБАҚ. «ҮЙДІҢ МЕКЕНЖАЙЫН, АТА-АНАЛАРДЫҢ НӨМІРЛЕРІН ЖАТҚА БІЛЕМІЗ»

Ұзақтығы: күні бойы

Топ: ересек (4 жастағы балалар)

Ұйымдастырылған іс-әрекеттің мақсаты: төтенше жағдайда ақпаратты бере алуы үшін балаларды үй мекенжайы мен ата-анасының телефон нөмірлерін есте сақтауды және дұрыс айтуды үйрету.

Міндеттері:

- Балаларға үй мекенжайы мен ата-анасының телефон нөмірлерін білудің маңыздылығын түсіндіру.
- Балаларды үй мекенжайы мен ата-анасының телефон нөмірлерін есте сақтауға және дұрыс айтуға үйрету.
- Ойындар мен практикалық жаттығулар арқылы балалардың білімдерін бекіту.

Материалдар мен ресурстар:

мекенжайы мен телефон нөмірлері бар карталар. Ойынға арналған ойыншық қағаз «хаттар».

Марапаттауға арналған шағын сыйлықтар немесе стикерлер.

Ұйымдастырылған іс-әрекет:

Тәрбиеленушілермен амандасу. Үй мекенжайы мен ата-ананың телефон нөмірлерін білу нәліктен маңызды екенін түсіндіру.

Егер бала жоғалған немесе көмекке мұқтаж болған жағдайда, бұл ақпарат қалай көмектесетіні туралы қысқаша әңгіме.

Дидактикалық ойындар

Үйдің мекенжайын есте сақтауға үйрету:

Тәрбиеші үй мекенжайының не екенін түсіндіреді (көше, үй нөмірі, пәтер).

Мысалы: «Менің мекенжайым: «Қонаев көшесі, 10-үй, 5-пәтер».

Тәрбиеші балалардан мекенжайын қайталауды сұрайды. Мекенжайын білмейтін балаларға есте сақтауға көмектеседі. Тәрбиеші түсінікті болу үшін мекенжайлары бар карталарды пайдаланады.

Ата-аналарының (заңды өкілдердің) телефон нөмірлерін есте сақтауды үйрету:

Тәрбиеші әр телефонда ата-анамызға қоңырау шалуға болатын нөмір бар екенін түсіндіреді. Мысалы: «Менің анамның телефон нөмірі: 8701 980 5665»

Тәрбиеші балалардан ата-аналарының телефон нөмірлерін қайталауды сұрайды.

Ата-анасының телефон нөмірін білмейтін балаларға есте сақтауға көмектесу. Педагог түсінікті болу үшін сандар берілген карточкаларды пайдаланады.

«Хат жолда» ойыны

Балалар шеңбер бойымен отырады. Педагог балалардың біріне «хат» (ойыншық немесе қағаз) береді. Балалар хатты ата-аналарының мекенжайын немесе телефон нөмірін айта отырып, шеңбер бойымен бір-біріне жібереді.

«Телефон» ойыны

Балалар сапқа тұрады. Тәрбиеші балалардың бірінің құлағына мекенжай немесе телефон нөмірін айтады. Балалар бұл ақпаратты соңғы балаға жеткенше тізбек бойынша сыбырлап айтады, ол естігенін дауыстап айтуы керек.

Бекітуге арналған тапсырмалар: Бекіту үшін мекенжай мен телефон нөмірлері жазылған карточкаларды тарату.

Пайдалы сілтеме:

<https://orken-instituty.kz/ru/telefony-goryachih-linij>

№ 5 САБАҚ. «АБАЙЛАҢЫЗ, ТЕРЕЗЕ!»

Ұзақтығы: күні бойы

Топ: ересек (4 жастағы балалар)

Ұйымдастырылған іс-әрекеттің мақсаты: балаларға жазатайым оқиғаларды болдырмау үшін, терезелердің жанында өзін ұстаудың қауіпсіздік ережелерін үйрету.

Міндеттері:

- Балаларға терезелер неге қауіпті болуы мүмкін екенін түсіндіру.
- Балаларға терезенің жанында өзін ұстау ережелерін үйрету.
- Ойындар мен практикалық жаттығулар арқылы балаларды дұрыс мінез-құлыққа баулу.

Материалдар мен ресурстар:

Терезелердің жанында дұрыс және дұрыс емес әрекеттерді көрсететін суреттер немесе карточкалар. Рольдік ойындарға арналған ойыншықтар немесе заттар.

Ұйымдастырылған іс-әрекет:

Тәрбиеленушілермен амандасу.

Терезелердің жанында сақ болудың маңыздылығы туралы әңгімелеу.

Терезелер алдындағы қауіптер:

Педагог қауіпсіздік ережелерін сақтамаған жағдайда терезелер қауіпті болуы мүмкін екенін түсіндіреді.

Мысалы, «Егер сіз ашық терезеге тым жақын болсаңыз, құлап кетуіңіз мүмкін», «Тереземен ойнауға немесе терезе үстінде/алдында секіруге болмайды».

Терезе маңындағы тәртіп ережелері:

1-ереже. Ешқашан ашық терезеге жақындамаңыз. Түсіндіру: «Егер терезе ашық болса, одан аулақ болыңыз». **2-ереже. Терезе үстінде/алдында ойнамаңыз.**

Түсіндіру: «Терезенің алдында ойнауға болмайды, тайғақ болып, құлап қалуыңыз мүмкін».

3-ереже. Ересектердің рұқсатынсыз терезелерді ашпаңыз. Түсіндіру:

«Терезені ашпас бұрын үлкендерден рұқсат сұраңыз».

4-ереже. Егер сіз ашық терезені көрсеңіз, ересектерге айтыңыз.

Түсіндіру: «Егер сіз ашық терезені байқасаңыз, бұл туралы дереу ересектерге айтыңыз».

«Қауіпсіз терезелер» бейнеролигін көрсету

Бейнероликті талқылау және «Терезенің жанында не істеуге болмайды» ойынын ойнау:

Тәрбиеші әртүрлі әрекеттерді атайды (мысалы, «Ашық терезеге бару», «Терезеде ойнау», «Терезеден қарау»), балалар аталған әрекеттерді істеуге болатынын немесе болмайтынын айтуы керек. Болмайтын болса, «Болмайды!» деп себебін түсіндіреді.

Ұйымдастырылған іс-әрекеттің рефлексиясы.

Терезе жанында өзін ұстаудың негізгі ережелерін қайталау.

Пайдалы сілтемелер:

https://www.youtube.com/watch?v=w4ZO1NXCI9E&list=PLA5eCSY2FeoQFtmGao7IWQuIA-hK_6ODD&index=1

<https://orken-instituty.kz/ru/dashboard/cpsp-material/poleznye-materialy-cpsp>

№ 6 САБАҚ. «ҮЙДЕГІ ҚАУІПТІ ЗАТТАР»

Ұзақтығы: күні бойы

Топ: ересек (4 жастағы балалар)

Ұйымдастырылған іс-әрекеттің мақсаты: балаларды үйдегі қауіпті заттарды тануға үйрету және қауіпсіз қолдану ережелерін түсіндіру.

Міндеттері:

- Балаларға үйдегі қандай заттар қауіпті болуы мүмкін екенін түсіндіру.
- Балаларға қауіпті заттармен қауіпсіз әрекет ету ережелерін үйрету.
- Ойындар мен практикалық жаттығулар арқылы балалардың білімдерін бекіту.

Материалдар мен ресурстар:

Әртүрлі заттарды бейнелейтін суреттер немесе карточкалар (қауіпті және қауіпсіз).

Сюжетті-рольдік ойындарға арналған заттар немесе ойыншықтар.

Ұйымдастырылған іс-әрекет:

Тәрбиеленушілермен амандасу.

Үйдегі қауіпті заттарды білудің маңыздылығы жайлы қысқаша әңгіме жүргізу.

Қауіпті заттармен әрекет ету ережелері Үйдегі қауіпті заттар:

Тәрбиеші үйдегі кейбір заттардың қауіпті болуы мүмкін екенін түсіндіреді.

Қауіпті заттар: пышақ, дәрі-дәрмектер, тазалау құралдары, розеткалар, ыстық заттар (үтік, пеш), жиһаздың бұрыштары.

1- ереже. Пышақтарды немесе басқа өткір заттарды ұстамаңыз.

Түсіндіру: «Пышақтар өте өткір және жарақаттауы мүмкін. Әрқашан ересектерден көмек сұраңыз».

2- ереже. Ешқашан ересектердің рұқсатынсыз дәрі ішпеңіз.

Түсіндіру: «Дәрі-дәрмектерді дұрыс қабылдамаған жағдайда қауіпті болуы мүмкін».

3- ереже. Ыстық заттардан аулақ болыңыз.

Түсіндіру: «Ыстық заттар күйдіруі мүмкін. Пеш немесе үтікпен абай болыңыз».

4- ереже. Розеткалармен/ажыратқыштармен және электр құрылғыларымен ойнамаңыз.

Түсіндіру: «Электр қуаты өте қауіпті. Электр розеткаларына ешқашан ештеңе қоспаңыз».

«Бола ма немесе болмай ма?» ойыны

Тәрбиеші әртүрлі әрекет берілген суреттерді көрсетеді (мысалы, «пышақты ұстау», «ойыншықтармен ойнау», «пешке жақын бару») және балалардан бұл әрекетті істеуге бола ма, жоқ болмай ма деп сұрайды. Балалар «болады» немесе «болмайды» деп жауап беріп, себебін түсіндіреді.

«Қауіпсіз затты тап» ойыны

Тәрбиеші балаларға әртүрлі заттардың суреттері бар карточкаларды береді. Балалар ойнауға қауіпсіз заттарды (мысалы, доп, қуыршақ) тауып көрсетуі керек және олардың неге қауіпсіз екенін түсіндіруі керек.

Ұйымдастырылған іс-әрекеттің рефлексиясы. Негізгі қауіпсіздік ережелерін қайталау.

Бекітуге арналған тапсырмалар: үйдегі қауіпті заттардың суретін салу.

Пайдалы сілтеме:

<https://orken-instituty.kz/ru/telefony-goryachih-linij>

№ 7 САБАҚ. «БӨТЕН АДАМ ЕСІК ҚАҚҚАНДА АШУҒА БОЛА МА?»

Ұзақтығы: күні бойы

Топ: ересек (4 жастағы балалар)

Ұйымдастырылған іс-әрекеттің мақсаты: балаларға есікті қағып жатқан бейтаныс адамдармен қарым-қатынас кезінде қауіпсіз мінез-құлық ережелерін үйрету.

Міндеттері:

Бейтаныс адамдарға неге есікті ашуға болмайтынын түсіндіру.

Балаларға есікті кімдерге ашуға болатынын үйрету.

Балалардың білімін практикалық жаттығулар мен ойындар арқылы бекіту.

Материалдар мен ресурстар: әртүрлі адамдарды бейнелейтін суреттер немесе карточкалар (таныс және бейтаныс).

Ұйымдастырылған іс-әрекет:

Тәрбиеленушілермен амандасу.

Есікті кімге ашуға болатынын не болмайтынын білу неліктен маңызды екендігі туралы қысқаша әңгімелеу.

Кімдерге есікті ашуға болады:

Тәрбиеші балаларға тек жақын адамдарға ғана (мысалы, ата-әжесі, анасы, әкесі, көрші) есікті ашуға болатынын түсіндіреді.

Есікті ашпас бұрын, тіпті есіктің артында таныс адам болса да, әрқашан ата-анаңыздан рұқсат сұрау маңызды.

Кімдерге есікті ашуға болмайды:

Балаларға таныстарыңнан келдім десе де, бейтаныс адамдарға есік ашуға болмайтынын түсіндіру.

Егер бейтаныс адам есікті қақса, бұл туралы үлкендерге хабарлау керек және ешбір жағдайда есікті ашпауды түсіндіру.

«Кімге есік ашуға болады» ойыны

Тәрбиеші суреттерді көрсетеді немесе әртүрлі жағдайларды әңгімелейді, ал балалар есікті ашуға бола ма, жоқ болмайды ма туралы айту керек. Мысалы: «Әжем есік қағып жатыр», «Формадағы бейтаныс адам», «Анамның құрбысы» және т.б.

«Қауіпсіз қоңырау» ойыны

Тәрбиеші біреу есіктен қоңырау шалған жағдайды бейнелейді. Балалар не істеу керек деген сұраққа дұрыс жауап беруі керек (мысалы, «Алдымен ата-анадан сұрау керек», «Бейтаныс адамға есік ашпау керек»).

Ұйымдастырылған іс-әрекеттің рефлексиясы. Негізгі ережелерді қайталау.

Пайдалы сілтемелер:

<https://youtu.be/5sLJO6RBTE0?si=WF002pUrFSXM3Psc>

<https://orken-instituty.kz/ru/telefony-goryachih-linij>

№ 8 САБАҚ. «КӨШЕДЕГІ БЕЙТАНЫС АДАМДАРДЫҢ ҰСЫНЫСТАРЫНА ҚАЛАЙ ЖАУАП БЕРУГЕ БОЛАДЫ

Ұзақтығы: күні бойы

Топ: ересек (4 жастағы балалар)

Ұйымдастырылған іс-әрекеттің мақсаты: балаларды көшеде бейтаныс адамдармен қарым-қатынас кезінде қауіпсіз мінез-құлық ережелерін үйрету және бейтаныс адамдардан неге кәмпиттерді, ойыншықтарды немесе тәттілерді алмау керектігін түсіндіру.

Міндеттері:

- «Бейтаныс адам» деген ұғымды түсіндіру.
- Бейтаныс адамдармен қарым-қатынас кезіндегі қауіпсіздік ережелерімен таныстыру.
- Практикалық жаттығулар мен ойындар арқылы балалардың білімін бекіту.

Ұйымдастырылған іс-әрекет:

Тәрбиеленушілермен амандасу.

Бейтаныс адамдардың жанында өзін қалай ұстау керектігін білу неге маңызды екендігі туралы қысқаша әңгіме.

Бейтаныс адамдар кімдер?

Тәрбиеші бейтаныс адамдар деп бала танымайтын немесе бірінші рет көріп тұрған адамдар екенін түсіндіреді.

Бейтаныс адамдармен кездескендегі тәртіп (мінез-құлық) ережелері

Ешқашан бейтаныс адамдардан кәмпиттерді, ойыншықтарды немесе тәттілерді қабылдамаңыз.

Ешқашан бейтаныс адамның артынан ермеңіз, тіпті ол ата-ананды танимын десе де бармаңыздар.

Егер бейтаныс адам бірдеңе ұсынса немесе бір жерге баруды өтінсе, дереу «жоқ» деп кетіп қалу керек.

Бейтаныс адам бір нәрсе ұсынбақ болса немесе сізді бір жерге шақырғысы келсе ата-анаңызға айтыңыз.

«Бола ма, болмай ма?» ойыны

Тәрбиеші суреттерді көрсетіп, әртүрлі жағдаяттарды әңгімелейді, ал балалар бұл ұсынылған әрекеттерді істеуге бола ма немесе болмай ма деп айту керек. Мысалдар: «Бейтаныс адам кәмпит ұсынып жатыр», «Көрші алма ұсынып жатыр», «Бейтаныс адам жол сұрап жатыр».

«Егер ..., не істеу керек?» ойыны

Тәрбиеші қуыршақтармен немесе ойыншықтармен әртүрлі жағдаяттарды ойнатады. Мысалдар: «Қуыршақ балаларға кәмпит ұсынып жатыр», «Ойыншық сізді дүкенге баруға шақырады». Балалар ұсынылған жағдайларға дұрыс әрекет етуі керек.

Ұйымдастырылған іс-әрекеттің рефлексиясы. Негізгі ережелерді қайталау.

Пайдалы сілтемелер:

<https://www.youtube.com/watch?v=ho7aj->

[11u3E&list=PLA5eCSY2FeoQFtmGao7IWQuIA-hK_6ODD&index=4](https://www.youtube.com/watch?v=ho7aj-11u3E&list=PLA5eCSY2FeoQFtmGao7IWQuIA-hK_6ODD&index=4)

<https://orken-instituty.kz/ru>

№ 9 САБАҚ. «ОЙЫН АЛАҢДАРЫНДАҒЫ МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚ ЕРЕЖЕЛЕРІ»

Ұзақтығы: күні бойы

Топ: ересек (4 жастағы балалар)

Ұйымдастырылған іс-әрекеттің мақсаты: балаларға жазатайым оқиғалар мен жарақаттардың алдын алу үшін ойын алаңдарындағы қауіпсіз жүріс-тұрыстың негізгі ережелерін үйрету.

Міндеттері:

Балаларға ойын алаңдарында қауіпсіздік ережелерін сақтаудың маңыздылығын түсіндіру.

Әртүрлі ойын жағдайларында мінез-құлықтың нақты ережелері туралы айту. Практикалық жаттығулар мен ойындар арқылы балалардың білімін бекіту.

Материалдар мен ресурстар:

Ойын алаңындағы әртүрлі жағдайларды бейнелейтін суреттер немесе карточкалар.

Сюжетті-рольдік ойындарға арналған қуыршақтар немесе ойыншықтар. Марапат ретінде шағын сыйлықтар мен стикерлер беру.

Ұйымдастырылған іс-әрекет:

Тәрбиеленушілермен амандасу.

Ойын алаңдарында қауіпсіздік ережелерін білу және сақтау неліктен маңызды екендігі туралы қысқаша әңгіме.

Тәрбиеленушілерді қауіпсіздік ережелерімен таныстыру.

Ойын алаңдарындағы жалпы қауіпсіздік ережелері:

- Құлап кетпеу және басқа балалармен соқтығыспау үшін тым жылдам жүгірмеңіз.

- Құмды, тасты немесе басқа заттарды лақтырмаңыз.

- Итермеңіз, күреспеңіз, төбелеспеңіз.

Әткеншекте ойнау ережелері

- Әткеншекте ойнау ережелері арқандардан немесе тұтқалардан ұстап тербелу керек.

- Әткеншек үстінде тұруға немесе одан секіруге болмайды.

- Түсер алдында әткеншек толық тоқтағанша күтіңіз.

Сырғымада өзін-өзі ұстау ережелері:

- Аяғыңызды алға созып, отырып сырғанаңыз.

- Сырғыманың көлбеу бөлігіне көтерілмеңіз.

- Төмен түспес бұрын сырғыманың төменгі жағында ешкім жоқ екеніне көз жеткізіңіз.

Карусельдегі тәртіп ережелері:

- Айналған кезде тұтқалардан ұстаңыз.

- Айналып жатқанда, карусельден түсуге тырыспаңыз.

Құм жәшігіндегі мінез-құлық ережелері:

- Басқа балаларға құм шашпаңыз.

- Ойыншықтарды немесе басқа заттарды тым терең жерге көмбеңіз.

«Дұрыс-бұрыс» ойыны

Тәрбиеші суреттерді көрсетеді немесе әртүрлі жағдайлар туралы әңгімелейді, содан кейін балалар көргендері туралы дұрыс па, жоқ па деп айту керек. Мысалы: «Бала әткеншекте тұр» (бұрыс), «Бала әткеншектегі тұтқалардан ұстап тұр» (дұрыс).

Ұйымдастырылған іс-әрекеттің рефлексиясы. Негізгі ережелерді қайталау.

Пайдалы сілтемелер:

<https://orken-instituty.kz/ru/telefony-goryachih-linij>

<https://youtu.be/6V3tSWZCptc?si=V- WrYZRhRjt5-Ia>

№ 10 САБАҚ. «ОЙЫН-САУЫҚ ОРЫНДАРЫНДА ЖӘНЕ КӨЛІКТЕ ӨЗІН-ӨЗІ ҰСТАУ ЕРЕЖЕЛЕРІ»

Ұзақтығы: күні бойы

Топ: ересек (4 жастағы балалар)

Ұйымдастырылған іс-әрекеттің мақсаты: балаларға саябақтар, кинотеатрлар, ойын алаңдары сияқты қоғамдық орындарда және қоғамдық көлікті пайдалану кезіндегі негізгі қауіпсіздік ережелерін үйрету.

Міндеттері:

- Балаларды қоғамдық орындарында өзін-өзі ұстаудың негізгі ережелерімен таныстыру.
- Қоғамдық көліктегі қауіпсіздік ережелерін түсіндіру.
- Балаларды қауіпті жағдайларды тануға және оларға дұрыс әрекет етуді үйрету.

Материалдар мен ресурстар: ойын-сауық орындары мен көліктің иллюстрациялары немесе суреттері.

Ұйымдастырылған іс-әрекет:

Тәрбиеленушілермен амандасу.

Қоғамдық орындар мен қоғамдық көліктердегі ережелерді білу және сақтау неге маңызды екендігі туралы қысқаша әңгіме.

Балалардан қандай қоғамдық орындарды білетінін және қандай көлікті пайдаланатынын сұраңыз.

Тәрбиеленушілерді қоғамдық орындардағы тәртіп ережелерімен таныстыру:

Саябақтар мен ойын алаңдарында:

Ешқашан ата-ана мен үлкендерден алыс кетпеңіз.

Егер адасып қалсаңыз, тұрған жерде қалып, көмекке шақырыңыз. Сынған затқенішектерде немесе басқа қауіпті жерлерде ойнамаңыз.

Кинотеатрлар мен сауда орталықтарында:

Әрқашан үлкен адамның қолынан ұстаңыз.

Бейтаныс адамдармен сөйлеспеңіз.

Егер сізді біреу шақырса, дереу үлкендерге айтыңыз.

Қоғамдық көліктегі тәртіп ережелері:

Автобустар, трамвайлар және метрода:

Көлік жүргізу кезінде тұтқалардан ұстаныңыз.

Терезеден еңкеймеңіз.

Салонда жүгірмеңіз.

Тек ересек адаммен бірге кіріп-шығыңыз.

Сюжетті-рольдік ойындар:

Жағдаяттарды сомдаңыз: саябақта адасу, автобуста жүру және т.б. Әрбір жағдайға сәйкес ережені талқылаңыз. Негізгі ережелерді қайталаңыз және балаларға бекіту сұрақтарын қойыңыз.

Пайдалы сілтемелер:

https://www.youtube.com/watch?v=v35mrFKL1Sw&list=PLA5eCSY2FeoQFtmGao7IWQuIA-hK_6ODD&index=29

<https://www.youtube.com/watch?v=VDTxhl7wPJE&list=PLA5eCSY2FeoQLLocS-IEuEG9KjOrJzvPM&index=4>

**«ЖЕКЕ ҚАУІПСІЗДІК» ТАҚЫРЫБЫНДАҒЫ САБАҚТАР.
МЕКТЕПАЛДЫ ДАЯРЛЫҚ (5 ЖАС)**

№ 1 САБАҚ. «ТӨТЕНШЕ ҚЫЗМЕТТЕРДІҢ ТЕЛЕФОН НӨМІРЛЕРІ»

Ұзақтығы: 25-30 минут

Топ/сынып: мектепалды тобы / сынып (5 жастағы балалар)

Ұйымдастырылған іс-әрекеттің мақсаты: тәрбиеленушілерге төтенше қызметтердің телефон нөмірлерін есте сақтауды және қажет болған жағдайда дұрыс пайдалануды үйрету.

Негізгі міндеттері:

1. Балаларды «төтенше қызметтер» ұғымымен және төтенше қызметтердің телефон нөмірлерімен таныстыру.

2. Қандай жағдайларда төтенше қызметтерге қоңырау шалу керектігін түсіндіру.

3. Балаларды төтенше қызмет операторына ақпаратты дұрыс және анық жеткізуді үйрету.

Материалдар мен ресурстар:

1. Ұйымдастырылған іс-әрекет тақырыбы бойынша мысалдарды көрсетуге арналған суреттер мен бейнелер.

2. Төтенше қызмет телефон нөмірлері туралы жадынамалары бар үлестірме материалдар.

3. Рольдік ойындарға арналған телефондар, телефон аппараттары немесе ойыншық телефондар.

Ұйымдастырылған іс-әрекет:

Өрт сөндірушілер, полицейлер және медицина қызметкерлері кім екені және олардың адамдарға қалай көмектесетіні туралы қысқаша талқылау.

Қайда және қалай қоңырау шалу керек екенін үйрену:

- бейнеролик тамашалау;

- қажетті телефон нөмірін теру;

- анық және сабырлы (байсалды) сөйлеу.

- өзін таныстырып (аты-жөнін, қайдан екенін айту) не болғанын айту.

Сюжеттік-рольдік ойын:

Балаларды жұптарға бөлу. Бір бала қоңырау шалушының ролін, екіншісі – төтенше қызмет операторының ролін ойнайды.

Әртүрлі жағдайлар көрсетілген (өрт, адам құлап кетуі, көшеде біреу айқайлап жүр және т.б.) карточкаларды тарату.

Қоңырау шалуға жаттықтыру. Ол үшін бала қажетті телефон нөмірін теріп, операторға ақпарат беруі керек.

Төтенше қызметтердің телефон нөмірлерін қайталау:

Ойын түрінде төтенше қызметтердің телефон нөмірлерін қайталау. Телефон нөмірлерін есте сақтау үшін ән немесе тақпақ (рифма) ойластыру.

Ұйымдастырылған іс-әрекеттің рефлексиясы. Балаларға үйде қайталау үшін төтенше қызметтердің телефон нөмірлері жазылған карточкалар немесе жапсырмалар тарату.

Пайдалы сілтемелер:

<https://orken-instituty.kz/ru/telefony-goryachih-linij>

<https://orken-instituty.kz/ru/dashboard/cpsp-material/poleznye-materialy-cpsp>

https://www.youtube.com/watch?v=HBgZoMfOcIE&list=PLA5eCSY2FeoQFtmGao7lWQuIA-hK_6ODD&index=12

№ 2 САБАҚ. «ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙЛАРДАҒЫ ҚОҢЫРАУ ШАЛУ СКРИПТЕРЬ»

Ұзақтығы: 25-30 минут

Топ/сынып: мектепалды тобы/сынып (5 жастағы балалар)

Ұйымдастырылған іс-әрекеттің мақсаты: балаларды төтенше қызметтерге дұрыс және тиімді қоңырау шалуға, жедел әрекет ету үшін қажетті ақпаратты беруге үйрету.

Міндеттері:

- Балаларды төтенше қызметтердің телефон нөмірлерімен (полиция, өрт сөндіру қызметі, жедел жәрдем, газ қызметі) таныстыру.
- Төтенше жағдайлардағы қоңырау скриптерінің негізгі элементтерін көрсету.
- Өртүрлі төтенше жағдайларда қоңырау скриптерін есте сақтау және төтенше қызметтерге қоңырау шалу бойынша жаттығулар өткізу.

Материалдар мен ресурстар:

Төтенше қызметтерге қоңырау шалу мысалдарын көрсету үшін қажетті суреттер мен бейне жазбалар.

Төтенше қызметтердің телефон нөмірлері мен қоңырау скриптері бар тарапта материалдар.

Рольдік ойындарға арналған телефондар, телефон аппараттары немесе ойыншық телефондар.

Ұйымдастырылған іс-әрекет:

Төтенше қызметтерге қоңырау шалудың маңыздылығын түсіндіру:

«Есте сақта!»

<i>Өрт күзеті</i>	101
<i>Полиция</i>	102
<i>Жедел жәрдем</i>	103
<i>Төтенше газ қызметі</i>	104, 112
<i>Бірыңғай құтқару қызметі</i>	112
<i>«111 жедел қызметі» байланыс орталығы балалар мен ересектер өздеріне көмек қажет екендігі туралы, тұрмыстық зорлық-зомбылық, балалардың құқықтарының бұзылуы туралы, баланың көшеде, үйде, көлікте жалғыз қалғаны туралы, өміріне және денсаулығына қауіп төнгенде хабарласу үшін ашылған.</i>	111
<i>- «111» нөмірі – 24/7 байланыста. - «111» нөмірі – құпиялылықты сақтайды. - «111» нөмірі – тәулік бойы ІІД және өңірлердің жедел топтарымен байланыста.</i>	

- Қоңырау скриптерінің негізгі элементтерін көрсету (1, 2, 3-қосымша): Сәлемдесу және өзін сабырлы (байсалды) таныстыру.
- Мекенжай мен оқиға орнын көрсету.
- Жағдайды сипаттау (не болғанын, қандай қауіп бар екенін, зардап шеккендер бар ма, жоқ па және т.б.).
- Оператордың сұрақтарына жауап беру. Оператордың нұсқауларын орындау.

- Қоңырауға дейін және қоңыраудан кейінгі тәртіп (қауіпсіздік) ережелерін талқылау:

- Оқиға орнында болу (егер бұл қауіпсіз болса). Оператор айтпайынша, телефон тұтқасын қоймау.

- Оператордың нұсқауларын орындау және мүмкін болса, көмек көрсету.

Бекітуге арналған тапсырмалар:

Әртүрлі жағдайлар үшін қоңырау скриптерін құрастыру. Мысалы: үйдегі өрт. Жарақат немесе ауру. Газ иісінің шығуы. Ұрлық немесе шабуыл.

Пайдалы сілтемелер:

<https://orken-instituty.kz/ru/telefony-goryachih-lij>

<https://orken-instituty.kz/ru/dashboard/csp-material/poleznye-materialy-csp>

https://www.youtube.com/watch?v=HBgZoMfOcIE&list=PLA5eCSY2FeoQFtmGao7lWQuIA-hK_6ODD&index=1

№ 3 САБАҚ. «ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС-ӘРЕКЕТ КЕЗІНДЕГІ МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚ ЕРЕЖЕЛЕРІ»

Ұзақтығы: 25-30 минут

Топ/сынып: мектепалды тобы/сынып (5 жастағы балалар)

Ұйымдастырылған іс-әрекеттің мақсаты: балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету және қолайлы даму ортасын қалыптастыру мақсатында ұйымдастырылған іс-шаралар кезінде тәртіптің (қауіпсіздік) негізгі ережелеріне үйрету.

Міндеттері:

- Балаларды топта/сыныпта тәртіптің (қауіпсіздік) негізгі ережелерімен таныстыру.
- Осы ережелерді сақтаудың маңыздылығын түсіндіру.
- Тәртіп (қауіпсіздік) ережелерін бекіту үшін балаларға рольдік ойындар ойнатып, жаттықтыру.

Материалдар мен ресурстар:

- Тәртіп (қауіпсіздік) ережелерін бейнелейтін суреттер немесе карточкалар.
- Ұйымдастырылған іс-әрекет кезіндегі әртүрлі жағдайлар бейнеленген карточкалар.

Ұйымдастырылған іс-әрекет:

Балаларды қарсы алу

Ұйымдастырылған іс-әрекет кезінде ережелерді сақтаудың маңыздылығын түсіндіру (мысалы, барлығының өз қызығушылығына сай әрекеттермен айналысуы үшін жайлы орта жасау).

Ережелердің топты/сыныпты барлығына жайлы және қауіпсіз етуге қалай көмектесетінін қысқаша талқылау.

Педагог ережелердің иллюстрацияларын пайдаланып, негізгі ережелерді түсіндіреді:

Педагогті тыңдау және тапсырмаларды орындау: педагог сөйлеген кезде, оны тыңдау және оның нұсқауларын орындаудың маңыздылығы.

Топта/сыныпта жүзгірмеу: тек сыртта немесе спорт алаңында жүзгіруге болады.

Басқалардың заттарын рұқсатсыз алмау: достарыңның жеке заттарына құрметпен қарау.

Ұйымдастырылған іс-әрекет кезінде айқайламау: басқа балаларға кедергі келтірмеу үшін жай және сабырлы сөйлеу. Мейірімді және құрметті болу.

Үстел үстіндегі тәртіпті сақтау: заттарды/құралдарды өз орнына қою және тазалықты сақтау.

Ұйымдастырылған іс-әрекет қорытындыларын шығару. Тәртіп (қауіпсіздік) ережелерін қайталау.

Пайдалы сілтемелер:

<https://youtu.be/UMVKB4sqULE?si=eXG4pVrj6lVX9uBh>

<https://orken-instituty.kz/ru/telefony-goryachih-linij>

№ 4 САБАҚ. «ЛИФТІ (ЖЕДЕЛ САТЫ) МЕН КІРЕБЕРІСТЕГІ (ПОДЪЕЗД) МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚ ЕРЕЖЕЛЕРІ»

Ұзақтығы: 25-30 минут

Топ/сынып: мектепалды тобы/сынып (5 жастағы балалар)

Ұйымдастырылған іс-әрекеттің мақсаты: балаларды лифті мен кіреберістегі тәртіптің (қауіпсіздік) негізгі ережелеріне үйрету, қауіпті жағдайлардың алдын алу.

Міндеттері:

- Балаларды лифті мен кіреберісте тәртіптің (қауіпсіздік) негізгі ережелерімен таныстыру.
- Балаларды қауіпті жағдайларды тануға және сол уақытта дұрыс әрекет етуге үйрету.
- Төтенше жағдайларда өз бетінше шешім қабылдау дағдыларын дамытуға ықпал ету.

Материалдар мен ресурстар:

Лифті мен кіреберісте өзін-өзі ұстау ережелерін бейнелейтін иллюстрациялар немесе суреттер

Әртүрлі жағдайлар бейнеленген карточкалар

Ұйымдастырылған іс-әрекет:

Балаларды қарсы алу.

Лифті мен кіреберісте қауіпсіздік ережелерін сақтау маңыздылығын талқылау.

Лифтідегі мінез-құлық ережелерін талқылау:

Лифтіні күту: лифті келгенше есіктерінен алыс тұр.

Кіру және шығу: лифт есіктері ашылғанда тез кіріп, тез шығу, табалдырықта тұрмау.

Түймешіктермен (кнопка) ойнамау: тек қажетті түймешіктерді басу, барлық түймешікті басудың қажеті жоқ.

Лифтіге жалғыз кірмеу: ең дұрысы, лифтіге ересектермен немесе үлкен балалармен бірге кіру.

Егер лифті тоқтап қалса: қорықпау, саспау, диспетчерді шақыру түймешігін басып, көмек күту.

Кіреберістегі мінез-құлық ережелерін талқылау:

№1 бейнероликті қарау. «Кіреберісте»

Бейнероликті талқылау: егер кіреберісте бөтен адам болса, не істеу керек?

Кіреберісте: бейтаныс адамдармен сөйлеспеу, бейтаныс адамдарға есік ашпау, баспалдақ мен қоршауларда ойнамау, ата-аналармен/ересектермен бірге болу.

Негізгі сұрақтар арқылы бекіту:

Бейтаныс адамдарға кіреберіс есігін ашуға бола ма? Неге? Егер лифті тоқтап қалса, не істеу керек?

Кіреберісте баспалдақтар мен қоршауларда ойнауға бола ма? Лифтіге қалай дұрыс кіру және шығу керек?

Пайдалы сілтеме:

https://www.youtube.com/watch?v=3B0fLh5HPR0&list=PLA5eCSY2FeoQFtmGao7lWQuIA-hK_6ODD&index=3

№ 5 САБАҚ. «ДАЛАДАҒЫ ҚАУІПТІ ОРЫНДАР»

(Ашық құдықтар, қаңырап қалған ғимараттар, септиктер, құрылыс алаңдары, гараждар)

Ұзақтығы: 25-30 минут

Топ/сынып: мектепалды тобы/сынып (5 жастағы балалар)

Ұйымдастырылған іс-әрекеттің мақсаты: балаларды көшедегі қауіпті орындарды білуге және жазатайым оқиғаларды болдырмау үшін өзін қалай дұрыс ұстау керектігін үйрету.

Міндеттері:

▪ Балаларды көшедегі түрлі қауіпті орындармен таныстыру (ашық құдықтар, қаңырап қалған ғимараттар, септиктер, құрылыс алаңдары, гараждар).

▪ Балаларға бұл орындардың неге қауіпті екенін түсіндіру.

▪ Балаларға қауіпті орындардағы қауіпсіздік ережелеріне үйрету.

Материалдар мен ресурстар:

Қауіпті орындардың суреттері немесе иллюстрациялары (ашық құдықтар, қаңырап қалған ғимараттар, септиктер, құрылыс алаңдары, гараждар).

Әртүрлі жағдайлар бейнеленген карточкалар.

Ұйымдастырылған іс-әрекет:

Балаларды қарсы алу

Көшедегі қауіпсіздік ережелерін сақтаудың маңыздылығын талқылау.

Балалармен көшедегі қауіпті орындар туралы әңгімелесу:

Ашық құдықтар:

Ашық құдыққа ешқашан жақындама, құлап кетіп, қатты жарақат алуың мүмкін.

Егер ашық құдықты көрсең, ересек адамға айт немесе құтқару қызметіне қоңырау шал.

Қаңырап қалған ғимараттар:

Қаңырап қалған үйлерге немесе ғимараттарға кірме, олар өте қауіпті болуы мүмкін. Онда сынған еден, құлаған заттар немесе қауіпті жәндіктер, жануарлар болуы мүмкін.

Септиктер:

Септиктердің қақпақтарына жақындама, олар бекітілмеген болуы мүмкін. Егер ашық септикті байқасаң, ересек адамға айт.

Құрылыс алаңдары:

Ешқашан құрылыс алаңдарында ойнама, онда қауіпті заттар көп, жарақат алуың мүмкін.

Әрқашан құрылыс алаңдарынан алыс жүр. **Гараждар:**

Гараждардың жанында, әсіресе олар жабық болса және ішінде ешкім болмаса, ойнама.

Гараждарда қауіпті құралдар немесе химиялық заттар болуы мүмкін. Балалармен көшедегі қауіпті орындардағы тәртіп ережелерін қайталау.

Пайдалы сілтемелер:

https://youtu.be/oCPp_7Rbrao?si=9T6S-ouQesjEBGSc

<https://orken-instituty.kz/ru/telefony-goryachih-linij>

№ 6 САБАҚ. «ҮЙДЕГІ ҚАУІПТІ ЗАТТАР»

Ұзақтығы: 25-30 минут

Топ/сынып: мектепалды топ/сынып (5 жастағы балалар)

Ұйымдастырылған іс-әрекеттің мақсаты: балаларды үйдегі қауіпті заттарды тануға және жазатайым оқиғалар мен улануды болдырмау үшін дұрыс әрекет етуге үйрету.

Міндеттері:

Балаларды үйдегі әртүрлі қауіпті заттармен (дәрілер, тұрмыстық химия, газ баллондары) таныстыру.

Балаларға бұл заттардың неге қауіпті екенін және тәртіпсіздіктің салдары қандай болатынын түсіндіру.

Балаларды қауіпті заттардың жанында қауіпсіздік ережелеріне үйрету.

Материалдар мен ресурстар:

Қауіпті заттардың суреттері немесе иллюстрациялары (дәрілер, тұрмыстық химия, газ баллондары).

Әртүрлі жағдайлар бейнеленген карточкалар.

Ұйымдастырылған іс-әрекет:

Балаларды қарсы алу.

Педагог балаларды қарсы алып, бүгін олар үйде қандай заттар қауіпті болуы мүмкін екенін және олардың жанында қалай дұрыс әрекет ету керектігін түсіндіру.

Үйде қауіпсіздік ережелерін сақтаудың маңыздылығы туралы түсінік беру.

Үйдегі қауіпті заттар туралы әңгіме:

Дәрі-дәрмектер:

Дәрі-дәрмектерді тек ересектердің нұсқауымен қабылдау керек екенін түсіндіру.

Дәрілерді ешқашан өздігінен алмау және тіпті олар кәмпитке ұқсаса да дәмін көрмеу.

Тұрмыстық химия:

Жуу құралдары, ағартқыштар, тазалау құралдары және басқа тұрмыстық химикаттар өте қауіпті болуы мүмкін екенін түсіндіру.

Ешқашан тұрмыстық химияны ересек адамдарсыз ашып, қолданбау.

Газ баллондары:

Газ баллондары (мысалы, аэрозольдер) дұрыс қолданылмаса, қауіпті болуы мүмкін екенін түсіндіру.

Баллондармен ойнамау және оларды әсіресе жабық орындарда шашпау.

Сюжеттік-рольдік ойындар:

Балаларды топтарға бөліп, қуыршақтар немесе ойыншықтар тарату.

Жағдайларды сахналау: бала дәрілерді, тұрмыстық химияны немесе газ баллонын тауып алады.

Әр жағдайдағы тәртіп, қауіпсіздік ережесін талқылау.

Ережелерді қайталау:

Балалармен үйдегі қауіпті заттардың жанындағы қауіпсіздік ережелерін қайталау. Балаларға «Егер дәрілерді тауып алсаң, не істеу керек?», «Тұрмыстық химиямен ойнауға бола ма?» т.б. сұрақтар қою.

Пайдалы сілтемелер:

<https://youtu.be/topPwzQFQIE?si=3xsiXpAbNDcb8zRp>

<https://orken-instituty.kz/ru/telefony-goryachih-linij>

№ 7 САБАҚ. «МЕН АДАСЫП КЕТКЕН ЖАҒДАЙДАҒЫ БЕС ҚАРАПАЙЫМ КЕҢЕС»

Ұзақтығы: 25-30 минут

Топ/сынып: мектепалды топ/сынып (5 жастағы балалар)

Ұйымдастырылған іс-әрекеттің мақсаты: балаларды адасып кеткен жағдайда дұрыс әрекет етуге үйрету.

Міндеттері:

Балаларды адасып кеткен жағдайда көмектесетін бес негізгі кеңеспен таныстыру.

Адасып кеткен жағдайда қай жерде қалудың маңыздылығын түсіндіру. Балалардың өздері туралы маңызды ақпаратты (толық аты-жөні, ата-анасының есімдері, телефон нөмірлері) есте сақтауларын дамыту.

Материалдар мен ресурстар: әртүрлі жағдайлар, қабылдануы тиіс әрекеттер бейнеленген карточкалар.

Ұйымдастырылған іс-әрекет:

Балаларды қарсы алу

Адасып кеткен жағдайдағы бес қарапайым кеңеспен таныстыру:

1-кеңес. Орнында қал.

Егер адасып кетсең, ең бастысы – орнында қалу. Бұл ересектердің сені тез табуына көмектеседі.

Көмекті күтіп, орнында тұрған баланың иллюстрациясын көрсету.

2-кеңес. «Анашым/Әкем» деп қатты дауыстап, айналаға мұқият қара.

3-кеңес. Егер телефон болса, ата-анаңа қоңырау шалып, тұрған жеріңді айт (немесе айналандағы нәрселерді сипатта). Телефон жоқ болса, ересек адамнан қоңырау шалуды өтін. Егер анаңның/әкеңнің телефон нөмірін білмесең, біреуден полицияға қоңырау шалуды өтін. Егер формадағы полицейді көрсең, оған барып, адасып кеткеніңді айт.

4-кеңес. Егер көшеде/саябақта адасып кетсең, қауіпсіз жер тауып, сонда кір. Мысалы, жақын жердегі дүкен, бутик немесе кафе.

Кассирге, сатушыға, әкімшіге, күзетшіге, даяшыға немесе тазалаушыға бару. Адасып кеткеніңді айтып, көмек сұра.

5-кеңес. Бейтаныс адамдарға еріп кетпе

Ешқашан бейтаныс адамдарға еріп кетпе, тіпті олар көмек сұраса да.

Орнында қалып, сенім артуға болатын адамдардың көмегін күт.

Бейтаныс адаммен кетпей тұрған баланың иллюстрациясын көрсету.

Ережелерді қайталау: Балалармен адасып кеткен жағдайда қолданылатын бес қарапайым кеңесті қайталау.

Пайдалы сілтемелер:

https://youtu.be/8rz3wsHhc0Y?si=ZHH-0Nn_TgQA1b91

<https://orken-instituty.kz/ru/telefony-goryachih-linij>

№ 8 САБАҚ. «МЕН АДАСЫП КЕТКЕН ЖАҒДАЙДАҒЫ БЕС ҚАРАПАЙЫМ КЕҢЕС»

Ұзақтығы: 25-30 минут

Топ/сынып: мектепалды топ/сынып (5 жастағы балалар)

Ұйымдастырылған іс-әрекеттің мақсаты: балаларды бейтаныс адам оларды алып кетуге тырысқан жағдайда дұрыс әрекет етіп, өздерін қорғап, көмек шақыруға үйрету.

Міндеттері:

Балаларды бейтаныс адамдармен байланыс кезіндегі қауіпсіздік ережелерімен таныстыру.

Балаларға бейтаныс адамдардың ұсыныстарынан бас тартудың маңыздылығын түсіндіру (балмұздақ, кәмпит, сағыз, ойыншық және т.б.).

Балаларды күмәнді жағдайларды тануға және мұндай жағдайларда дұрыс әрекет етуге үйрету.

Материалдар мен ресурстар: әртүрлі жағдайлар бейнеленген иллюстрациялар немесе суреттер, қабылдануы тиіс әрекеттер бейнеленген карточкалар.

Ұйымдастырылған іс-әрекет:

Балаларды қарсы алу. Бейтаныс адам оларды алып кетуге тырысса, қалай әрекет ету керектігін түсіндіру.

«Бейтаныспен кездесу» графикалық бейнеролигін қарап, негізгі қауіпсіздік ережелерін талқылау:

1-ереже. Ешқашан бейтаныс адамдарға ерме

Балаларға бейтаныс адамдарға еріп кетуге болмайтынын (тіпті олар қызықты немесе тәтті нәрселер ұсынса да) түсіндіру.

Балаға бірдеңе ұсынған бейтаныс адам бейнеленген иллюстрацияларды көрсету.

2-ереже. Сенімді ересектерге жақын бол

Балаларды әрқашан ата-аналарының немесе заңды өкілдерінің жанында болуға үйрету.

Ересек адамның қолынан ұстап тұрған баланың суретін көрсету.

3-ереже. Дауыс шығарып, көмекке шақыр

Бейтаныс адам оларды алып кетуге тырысса, балалар «Көмектесіңдер!» немесе «Мен бұл адамды танымаймын!» деп қатты айқайлау керектігін түсіндіру.

Дауыс шығарып тұрған баланың суретін көрсету.

4-ереже. Қауіпсіз орынға қарай жүгір

Балаларды қауіпсіз орынға жүгіріп баруға мысалы, ата-анасына, педагогке, полиция қызметкеріне немесе сенуге болатын басқа ересек адамға үйрету.

Қауіпсіз орындардың (дүкен, мектеп, полиция бөлімі) суреттерін көрсету.

5-ереже. Болған жағдайды ересек адамға айт

Балаларды кез келген күмәнді жағдай немесе бейтаныс адамның оларды алып кетуге тырысқаны туралы ересек адамға міндетті түрде айтуға үйрету.

Болған жағдайды ересек адамға айтып тұрған баланың иллюстрациясын көрсету.

Ережелерді қайталау:

Балалармен бейтаныс адам оларды алып кетуге тырысса, қолданылатын негізгі ережелерді қайталау.

Пайдалы сілтеме:

[https://www.youtube.com/watch?v=ho7aj-11u3E&list=PLA5eCSY2FeoQFtmGao7IWQuIA-hK_6ODD&index= 4](https://www.youtube.com/watch?v=ho7aj-11u3E&list=PLA5eCSY2FeoQFtmGao7IWQuIA-hK_6ODD&index=4)

№ 9 САБАҚ. «ҚАУІПСІЗ АТТРАКЦИОНДАР. ОЙЫН-САУЫҚ САЯБАҒЫНДА ӨЗІНДІ ҚАЛАЙ ҰСТАУ КЕРЕК?»

Ұзақтығы: 25-30 минут

Топ/сынып: мектеп алды даярлық тобы/сынып (5 жастағы балалар)

Ұйымдастырылған іс-шараның мақсаты: жазатайым оқиғалар мен жарақаттануды болдырмау мақсатында балаларға аттракциондар мен ойын-сауық саябағында қауіпсіздік ережелерін үйрету.

Міндеттері:

Балаларды аттракциондардағы қауіпсіздік ережелерімен таныстыру. Саябақтағы қауіпсіздік сақтаудың маңыздылығын түсіндіру.

Аттракциондарда қауіпсіздік белбеулері мен басқа да қорғаныс құралдарын дұрыс пайдалануға дағдыландыру.

Материалдар мен ресурстар: аттракциондар мен ойын-сауық саябағындағы жағдайлардың иллюстрациялары немесе суреттері, аттракциондардағы қауіпсіздік ережелері жазылған карточкалар.

Ұйымдастырылған іс-әрекет:

Балаларды қарсы алу.

Аттракциондардағы қауіпсіздіктің маңыздылығы туралы әңгімелесу.

Аттракциондардағы қауіпсіздік ережелерін талқылау

1-ереже. Жас пен бой шектеулерін сақтау

Әр аттракциондағы қауіпсіздікті сақтау үшін жас және бой шектеулері бар екенін түсіндіру.

Әртүрлі аттракциондар мен олардың шектеулері бейнеленген иллюстрацияларда көрсету.

2-ереже. Әрқашан қауіпсіздік белбеулерін тағу

Көптеген аттракциондардың қауіпсіздік белбеулері бар екенін және оларды міндетті түрде тағу керектігін түсіндіру.

Қауіпсіздік белбеулерін киген балалардың суреттерін көрсету.

3-ереже. Аттракцион операторының нұсқауларын орындау. Аттракцион операторы әрқашан маңызды қауіпсіздік нұсқауларын беретінін, оларды мұқият тыңдау және орындау керектігін түсіндіру. Оператор нұсқаулары жазылған карточкаларды көрсету.

4-ереже. Қолдарың мен аяқтарыңды аттракционның ішінде ұстау

Көптеген аттракциондарда орындықтан қолдары мен аяқтарың шығаруға болмайтынын түсіндіру. Аттракциондарда қауіпсіздік ережелері бейнеленген иллюстрациялар көрсету.

5-ереже. Толық тоқтағанша аттракционнан түспеу

Әрқашан аттракцион толық тоқтап, оператордың рұқсатын күту керек екенін түсіндіру.

Аттракционнан шыққан балалардың суреттерін көрсету.

Ережені қайталау: балалармен аттракциондардағы қауіпсіздік ережелерін қайталау. Балаларға «Қауіпсіздік белбеуін бекіту неге маңызды?», «Егер оператор нұсқау берсе не істеуім керек?», «Аттракционның сыртына қол мен аяқты шығаруға бола ма?» сияқты т.б. сұрақтар қою.

Пайдалы сілтеме:

<https://youtu.be/JkUvKopOdII?si=MRDSeGqaOjipP7Xr>

№ 10 САБАҚ. «ДАЛАДА ОЙНАУ КЕЗІНДЕГІ МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚ ЕРЕЖЕЛЕРІ»

Ұзақтығы: 25-30 минут

Топ/сынып: мектепалды даярлық тобы/сынып (5 жастағы балалар)

Ұйымдастырылған іс-шаралардың мақсаты: жарақаттар мен қауіпті жағдайларды болдырмау мақсатында балаларға сыртта ойнау кезіндегі қауіпсіздік ережелерін үйрету.

Міндеттер:

Балаларды сыртта ойнау кезіндегі қауіпсіздік ережелерімен таныстыру.

Арнайы бөлінген орындарда, ересектердің бақылауымен ойнаудың маңыздылығын түсіндіру.

Балаларды жолға жүгіріп шығу сияқты қауіпті жағдайлардан аулақ болуға үйрету.

Материалдар мен ресурстар: түрлі сырттағы ойын жағдайларының суреттері немесе иллюстрациялары.

Ұйымдасқан іс-шаралар:

Балалармен амандасу. Сыртта ойын кезіндегі қауіпсіздік ережелерімен таныстыру.

1-ереже. Қауіпсіз жерлерде ойнау

Балаларға тек ойын үшін арнайы бөлінген жерлерде, мысалы, аула, ойын алаңдары, саябақтарда ойнау керектігін түсіндіру.

Ойынға арналған қауіпсіз жерлердің иллюстрацияларын көрсету.

2-ереже. Жолға шықпау, жолға қарай жүгірмеу

Жолға жүгіріп шығуға немесе жолдың жанында ойнауға болмайтынын түсіндіру.

Жолдың жанындағы қауіпсіздік ережелері бейнеленген суреттерді көрсету.

3-ереже. Айналаға қарау

Жолды кесіп өтпес бұрын немесе жаңа жерде ойынды бастамас бұрын айнала, жан-жаққа қарау керектігін түсіндіру.

Жолды кесіп өтер алдында айналаға, жан-жағына қарап тұрған балалардың суреттерін көрсету.

4-ереже. Ересектердің бақылауында ойнау

Балаларға ең жақсысы ата-аналарының немесе басқа ересектердің бақылауында ойнау екенін түсіндіру.

Ересектердің бақылауында ойнап жатқан балалардың суреттерін көрсету.

5-ереже. Айналадағы адамдарға мұқият болу

Балаларды қақтығыстар мен жарақаттануды болдырмас үшін басқа балалар мен ересектерге қарауға үйрету.

Пайдалы сілтеме:

https://youtu.be/oCPp_7Rbrao?si=uKafRwZFLxKKeNJs

«ЖЕКЕ ҚАУПСІЗДІК» ТАҚЫРЫБЫНДАҒЫ САБАҚТАР

1-СЫНЫП

№ 1 САБАҚ. «ТӨТЕНШЕ ҚЫЗМЕТ НӨМІРЛЕРІ»

Сабақтың мақсаты: төтенше жағдайлар кезінде көмекке келетін жедел қызметтердің нөмірлерін ажырату

Сабақ барысы

Ұйымдастыру кезеңі. Сәлемдесу. Жағымды мотивациялық көңіл күй қалыптастыру (1-2 мин).

Мақсат қою:

Педагог:

Шыр-шыр етеді,

Құлағыңнан өтеді.

Ұстай алсаң,

Сөйлеп кетеді. (жауабы: телефон)

- Бүгін біз сабақта не туралы сөйлесеміз деп ойлайсыздар?

- Адамдарға телефон не үшін қажет?

- Әлемдегі ең маңызды телефондар қандай?

Адамдардың өмірін құтқару бойынша шұғыл қызметтердің нөмірлерін есте сақтаңыз.

Білімді өзектендіру. Өткенді қайталау

Қызметтік машиналардың суреттерінен «Қызметті тап» ойыны.



- Бұл машиналар қандай қызметте жұмыс істейді?

Әр бір адам өз өмірінде төтенше жағдайдың куәгері болған шығар.

Сондай-ақ сол адам зардап шеккендерге көмектесуге тырысатыны анық. Осындайда адамдарға жедел көмек көрсететін құтқару қызметтері бар. Олар дабылды қосып, арнайы қызмет көрсету машиналарына мініп, көмекке шығады.

1. Тақырыпқа кіріспе

«Шұғыл қоңыраулар» рольдік ойыны

Жедел қызметтердің бірыңғай телефоны бар, оған қоңырау шалу арқылы сіз кез келген төтенше жағдайда көмек сұрай аласыз. Бұл телефон – **112**. Төтенше жағдайларда ең бастысы – тыныштықты сақтау және операторға мәселені, не болғанын түсіндіре білу. Қиындыққа тап болмас үшін әрқашан қауіпсіздік ережелерін есте сақтау қажет.

Нұсқаулар:

1. Егер үйіңізде немесе көршілеріңізде өрт болса, **101-ге** қоңырау шалыңыз.
2. Егер сізді ренжіткен болса, затыңызды ұрлаған немесе қатты қорқытқан болса онда **102-ге** қоңырау шалыңыз.
3. Егер өзіңіз немесе жақын адамыңыз ауырып қалса, **103-ге** қоңырау шалыңыз.

4. Сізге кез келген жағдайда **112** қызметі көмектеседі.

5. Білімді бастапқы игеру және түсінуді тексеру.

Соңғы ойын «Әртүрлі жағдайлар» (балалар қандай қызметке қоңырау шалу керектігін және ондай жағдайда балалар өзін қалай дұрыс ұстау керектігін түсіндіруі керек:

1. Есікті бейтаныс адам қақты (102).
2. Әжем ауырып қалды (103).
3. Көрші үйдің терезесінен түтін шығып жатыр (101).

«Есте сақта!»

<i>Өрт күзеті</i>	101
<i>Полиция</i>	102
<i>Жедел жәрдем</i>	103
<i>Төтенше газ қызметі</i>	104, 112
<i>Бірыңғай құтқару қызметі</i>	112
<i>«111 жедел қызметі» байланыс орталығы балалар мен ересектер өздеріне көмек қажет екендігі туралы, тұрмыстық зорлық-зомбылық, бала құқықтарының бұзылуы туралы, баланың көшеде, үйде, көлікте жалғыз қалғаны туралы, өміріне және денсаулығына қауіп төнгенде хабарласу үшін ашылған.</i>	111
<i>- «111» нөмірі – 24/7 байланыста - «111» нөмірі – құпиялылықты сақтайды - «111» нөмірі – тәулік бойы ІІД және өңірлердің жедел топтарымен байланыста.</i>	

1. Бекіту. Өзіндік жұмыс. Тапсырманы орындаңыз. Суреттің астына қызмет нөмірін жазыңыз.

2. Қорытынды. Рефлексия.

Менде смайликтер бар: көңілді және көңілсіз. Тапсырмалары қиын емес балалар көңілді смайликті тандайды, ал тапсырмаларды орындау қиынға соғатындар көңілсіз смайликті алады.

Пайдалы сілтемелер:

<https://www.youtube.com/watch?v=fyfkEuHSilc&list=PLA5eCSY2FeoQLLocS-IEuEG9KjOrJzvPM&index=5>

https://www.youtube.com/watch?v=hH_WhoDXIzU&list=PLA5eCSY2FeoQLLocS-IEuEG9KjOrJzvPM&index=25

№ 2 САБАҚ. «ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙ ТУЫНДАҒАН КЕЗДЕ ЖЕДЕЛ ҚЫЗМЕТТЕРГЕ ҚОҢЫРАУ ШАЛУ СКРИПТЕРІ»

Сабақтың мақсаты: балаларды төтенше жағдай кезінде құтқару қызметіне шұғыл қоңырау шалуды үйрету.

Сабақ барысы

Ұйымдастыру кезеңі. Сәлемдесу. Жағымды мотивациялық көңіл күй қалыптастыру.

Мақсат қою.

Әр адамның өмірінде көптеген кездейсоқ сәттер болады. Үйде немесе мектепте болған кезде біз қиын уақытта кімге жүгіну керектігін білеміз – ол біздің ата-анамыз, педагогтеріміз, достарымыз. Бірақ үлкен қалада жалғыз жүргенде әртүрлі қауіп-қатерге кезігуің мүмкін. Қауіп-қатер барлық жерде: қоғамдық көлікте, театрда, көшеде болуы мүмкін. Бұл жағдайда біз кімнің көмегіне сене аламыз?

1. Білімді өзектендіру. Өткенді қайталау

Құтқару қызметі мамандықтарының суреттері бойынша «Қызмет нөмірін атаңыз» ойыны.



«Есте сақта!»

Өрт күзеті	101
Полиция	102
Жедел жәрдем	103
Төтенше газ қызметі	104, 112
Бірыңғай құтқару қызметі	112
«111 жедел қызметі» байланыс орталығы балалар мен ересектер өздеріне көмек қажет екендігі туралы, тұрмыстық зорлық-зомбылық, балалардың құқықтарының бұзылуы туралы, баланың көшеде, үйде, көлікте жалғыз қалғаны туралы, өміріне және денсаулығына қауіп төнгенде хабарласу үшін ашылған.	111
- «111» нөмірі – 24/7 байланыста - «111» нөмірі – құпиялылықты сақтайды - «111» нөмірі – тәулік бойы ПД және өңірлердің жедел топтарымен байланыста.	

2. Тақырыпқа кіріспе

«Шұғыл қоңыраулар» рольдік ойыны.

Өрт сөндіру бөліміне қоңырау шалыңыз.

Сонымен, мынаны айту маңызды:

1. Мекенжай. Егер бала өз атын айта алмаса немесе байланыс үзілген болса да, құтқару қызметі аталған жерге барады.

2. Оператор оқиға болған жерді: үйді немесе пәтерді, көшені нақтылауды сұрайды.

3. Оқиғаның сипаты. Не болғанын қысқаша сипаттау керек. Мысалы, «теледидар жанып жатыр немесе әжем ауырып қалды».

4. Ата-анасының аты, тегі, байланыстары. Өзіңізді атаңыз, ата-анаңыздың біреуінің телефонын хабарлаңыз.

5. Білімді бастапқы игеру және түсінуді тексеру

«Басқару қызметі» ойыны. Қыздар ұсынылған нөмірлерге қоңырау шалады, ұлдар көмекке асығады немесе нөмірді дұрыс теруге көмектеседі.

Жағдайлар:

- көшедегі бұзақылық шабуыл;
- газы бар үйдің пәтерінде өрт, құрбандар бар;
- көшеде өтіп бара жатқан адамның инфаркт алуы;
- жол-көлік оқиғасы, құрбандар бар;
- құрылыс алаңындағы газдың иісі;
- сіздің пәтеріңіз тоналды;

6. Бекіту. Өзіндік жұмыс

Мен мәлімдеме жасаймын, ал сіздер сигнал картасын көтересіздер. Егер келіссеңіздер – жасыл, келіспесеңіздер – қызыл.

Мен телефонды қалай пайдалану керектігін білемін.

Мен қашан көмек сұрау керектігін білемін.

Мен қандай телефон арқылы көмек сұрайтынымды білемін.

Мен не айтарымды білемін.

Мен мекенжайым мен телефонымды білемін.

Мен бұл нөмірлерді ешқашан ермек үшін термеймін.

Егер сіздер жасыл картаны алты рет көтерген болсаңыздар, онда мен сіздер үшін қатты алаңдамай, көңілім тыныш болады.

Қорытынды. Рефлексия.

Пайдалы сілтемелер:

<https://www.youtube.com/watch?v=fyfkEuHSiIc&list=PLA5eCSY2FeoQLLocS-IEuEG9KjOrJzvPM&index=5>

<https://orken-instituty.kz/ru/telefony-goryachih-linij>

№ 3 САБАҚ. «ЕСІК ҚАҒЫЛДЫ. ҚАУІПТІ ҚАЛАЙ ТАНУҒА БОЛАДЫ?»

Сабақтың мақсаты: оқушыларды қауіпті жағдайларды жылдам және ұтымды шешімдер қабылдауға үйрету.

Сабақ барысы

Ұйымдастыру кезеңі. Сәлемдесу. Жағымды мотивациялық көңіл күй қалыптастыру (1-2 мин).

1. Мақсат қою. Тақырыптың анықтамасы

«Қасқыр мен жеті лақ» ертегісін еске түсіріңіз.

- Ешкі өз балаларына не тапсырды?
- Қасқыр лақтарды алдай алды ма? Неліктен?
Бейтаныс ағайды үйге кіргізбе,
Және апайға да есік ашпа,
Егер анаң жұмыста болса.
Бейтаныс адамдарға сенбе, есікті мықтап кілтте!

2. Білімді өзектендіру. Өткенді қайталау

Қазір біз үйде жалғыз қалдық деп елестетейік. Қараңызшы, балаға үй ішінде қауіп төндіретін қандай заттар бар?

- Кенеттен біреу есікті қақты. Сіз есікті бірден ашасыз ба?

3. Тақырыпқа кіріспе. Бейтаныс адамдар неге қауіпті? Дұрыс, балалар, ешкімге есікті аша салуға болмайды, өйткені қауіпті адамдар көп. Олар пәтерді тонап, бала ұрлап, тіпті адамды өлтіруі мүмкін. Егер сіз үйде жалғыз қалсаңыз, бейтаныс адамдарға, тіпті олардың дауысы мейірімді болса да, есікті ашпаңыз. Қауіпті адам ол өте айлакер, ол курьер немесе тіпті сіздің ата-анаңыздың танысымын деп айтуы мүмкін. Бірақ сіз сенбеңіз, үйде жалғыз екеніңізді айтпаңыз, әкем ұйықтап жатыр еді деп айтыңыз және оятпауын сұрағанын айтыңыз. Бейтаныс адамнан кетуді және кедергі жасамауды сұраңыз.

Енді біз үйде жалғыз қалып, есікті бейтаныс адам қағып тұрған қауіпті жағдайды ойнайық.

4. Білімді бастапқы игеру және түсінуді тексеру.

«Егер үйге біреу кірсе» тренингі

Тренинг барысында бала пәтерде жалғыз болған кезде бөгде адамдарды үйге кіргізбеуі тиіс жағдайлар ойналады. Рольдер бөлінеді. Бейтаныс бала есіктің артында тұрып, жақсы уәделерді, жылы сөздер мен интонацияларды қолдана отырып, пәтердегі баланы есікті ашуға көндіреді.

Жағдаяттар:

- пошташы шұғыл жеделхат әкелді;
- слесарь кранды жөндеуге келді;

- полицей дабылды тексеруге келді;
 - медбике әжесіне дәрі әкелді;
 - анамның досы қонаққа келді;
 - бейтаныс адамдар көршілеріне заттар қалдыруды сұрайды;
 - әйел адамға «жедел жәрдем» шақыру керек.
- (Тренинг әртүрлі қатысушылармен бірнеше рет қайталанады).

5. Бекіту. Өзіндік жұмыс

«Дұрыс жауапты атаңыз» ойыны. Педагог жағдаяттарды оқиды.

1. Бала үйде жалғыз. Телефон шырылдайды, ол телефонды алып, тыңдайды.

- Сәлем, балақай! Мен сенің әкенің танысымын, оны телефонға шақырасың ба?

Бала жауап береді:

- Әкем үйде жоқ. Ол жұмыста. Тек кешке келеді. Әкем қазір бос емес.

Телефон нөміріңізді айтыңыз, ол сізге қайта қоңырау салады.

2. Үйде жалғыз қыз. Телефон шырылдайды, ол телефонды алып, тыңдайды.

- Сәлем, қызым! Мен сантехникпін, айта ғойшы, кранды жөндеу үшін

пәтерге қалай кіруге болады?

Қыз жауап береді:

- Ата-анам қазір үйде жоқ. Біздің пәтердің нөмірі 17.
- Біздің кран ағып жатқан жоқ. Әкем қазір келеді.

3. Есіктің қоңырауы соғылды. Бейтаныс адам мейірімді дауыспен:

- Мен пошташымын және сізге хат әкелдім. Бала жауап береді:
- Хатты есік алдына қалдырыңыз, мен қазір ата-анамды оятамын.
- Үйде ешкім жоқ. Мен қазір ашамын және хатты өзім аламын.

7. Қорытынды

Рефлексия

- Бүгін сабақта қандай тақырыпты талқыладық?
- Неліктен біз үйдегі қауіптер туралы айттық? (олар туралы білу және олардан қалай аулақ болу керектігін білу үшін)
- Үйдегі қауіпті жағдайларды қалай болдырмауға болады?
- Әр адам қандай қауіпсіздік ережелерін білуі және орындауы керек?

Пайдалы сілтемелер:

<https://www.youtube.com/watch?v=hftM9yB25r4&list=PLA5eCSY2FeoQLLocS-IEuEG9KjOrJzvPM&index=36>

<https://orken-instituty.kz/ru/telefony-goryachih-linij>

№ 4 САБАҚ. «ОЙЫНШЫҚТАРДЫ ҚАУІПСІЗ ПАЙДАЛАНУ ЕРЕЖЕЛЕРІ».

Сабақтың мақсаты: балаларды үйдегі қауіпті заттарды тануға, қауіпсіздік ережелерін сақтауға үйрету.

Сабақ барысы

1. Ұйымдастыру кезеңі. Сәлемдесу. Жағымды мотивациялық көңіл күй қалыптастыру (1-2 мин).

2. Мақсат қою. Тақырыптың анықтамасы.

Аяғы бар, жүрмейді, Аузы бар, күлмейді, Айнымайды бөпемнен Тек сөйлеуді білмейді. (Қуыршақ)	Шіркіннің өзіне обал-ақ, Жүреді аяқта домалап. (Доп)	Өздігінен жүрмейді, жарыспайды, Кісі мінсе жарыстан қалыспайды. Аяғы екеу болғанмен ізі жалғыз, Сағатта талай жерді қарыштайды. (Велосипед)
--	---	---

- Бұл жұмбақтар не туралы?
- Тағы қандай ойыншықтар бар?

3. Білімді өзектендіру. Өткенді қайталау

Дымбілмес: Сәлем, балалар! Мен сіздерге сүйікті ойыншықтарымды ала келдім, ойнаймыз ба?

Педагог: балалар, рұқсат етсеңіздер, сөмкемдегі ойыншықтарды бірінші мен алайын (Қолын сөмкеге түсіреді. Ой, мен ұшты нәрсемен саусағымды ауыртып алған сияқтымын. Дымбілместің ойыншықтары біртүрлі екен.

Педагог: (Инені шығарады). Мынау не? (Ине) Ол не үшін қажет? Онымен ойнауға бола ма? Неліктен? (Балалардың жауабы) Бұл не? (Пышақты шығарады) Пышақ не үшін қажет? Сіз онымен ойнай аласыз ба? Неліктен? (Балалардың жауабы) Бұл не? (Дәрі-дәрмектің қаптамасын шығарады.) Дәрі-дәрмектермен ойнауға бола ма? Неліктен? Оларды балаларға кім бере алады? (Балалардың жауаптары.) Бұл не? (Сіріңке қораптарын шығарады.) Отпен ойнауға бола ма? Не болуы мүмкін? Сіріңкелерді кім қолдана алады? (Балалардың жауаптары) Балалар, Дымбілмес бізге қандай заттар әкелді? (Қауіпті) Сіз олармен ойнай аласыз ба? Неліктен? (Балалардың жауабы)

4. Тақырыпқа кіріспе

- Үйде қандай ойыншықтармен ойнайсыз?
- Олар өздігінен қауіп төндіре ала ма?



Ойыншықтарды бізге зиян тигізбеуі үшін олармен жұмыс істеу ережелерін жасайық.

1. Ойыншықтарға сүрінбеу және олардың зиян келтірмеуі үшін әрқашан орнына қою керек.
2. Ойыншықтарды ауызға салуға болмайды. Өйткені олар тамақ емес, ойнауға жасалған.
3. Ешқандай жағдайда батареяларды аузыңызға салмаңыз. Бұл өмірге қауіп төндіреді.
4. Ұсақ бөлшектері бар ойындар кішкентайлардың қолы жетпейтін жерде сақталуы керек.
5. Ойыншықтармен ұйықтамаңыз. Өйткені, олардың құрамында зиянды бояғыштар мен толтырғыштар болуы мүмкін.
6. Егер ойыншықта лақтыратын заттар болса (жебелер, оқтар, шарлар және т.б.), ешбір жағдайда адамды немесе жануарды көздеуге болмайды, әсіресе бетке бағыттауға болмайды.



5. Білімді бастапқы игеру және түсінуді тексеру. Жұптық жұмыс

Қауіпті және қауіпсіз заттар туралы суретті кітап жасайық. Сіз жұптарға бөлініп, қауіпті заттарды кім жабыстыратынын және кімнің қауіпсіз екенін шешуіңіз керек. Балалардың үстелдерінде екіге бөлінген қағаз парақтары бар. Бір жағында Көңілді, екінші жағында қайғылы эмподидің бейнесі бар. Үстелде заттардың суреттері орналастырылған. Бір бала қауіпсіз заттар салынған заттарды таңдайды, ал екіншісі ойнауға болмайтын заттарды таңдайды.

6. Бекіту. Өзіндік жұмыс

Қауіпті болуы мүмкін заттарды дөңгелектеңіз. Жасыл – сіз ересектерсіз өзіңіз ала аласыз. Сары-ересектердің көз алдында ғана алуға болады. Қызыл-тек ересектер ала алады.

7. Қорытынды

Пайдалы сілтемелер:

<https://www.youtube.com/watch?v=DY3DRxWokn8&list=PLA5eCSY2FeoQLL>

[ocS-IEuEG9KjOrJzvPM&index=28](#)

https://www.youtube.com/watch?v=qR_tCZJhRqg&list=PLA5eCSY2FeoQLLocS-IEuEG9KjOrJzvPM&index=29

<https://www.youtube.com/watch?v=eAuWMVuaBbU&list=PLA5eCSY2FeoQLLocS-IEuEG9KjOrJzvPM&index=34>

№ 5 САБАҚ. «ЕГЕР БЕЙТАНЫС АДАМ КӨШЕДЕ КӨМЕК СҰРАСА НЕ ІСТЕУ КЕРЕК?»

Сабақтың мақсаты: балаларға көшедегі бейтаныс адамдармен қарым-қатынас кезінде қауіпсіздік ережелерін үйрету.

Сабақ барысы

1. Ұйымдастыру кезеңі. Сәлемдесу. Жағымды мотивациялық көңіл күй қалыптастыру (1-2 мин).

2. Мақсат қою. Тақырыптың анықтамасы

Бүгін біз көшедегі жеке қауіпсіздік негіздері туралы сөйлесетін боламыз.

Басқа адамдардан келетін қауіпті қалай болдырмауға болатындығы туралы айтамыз.

3. Білімді өзектендіру. Өткенді қайталау

- Көшеде сізді қандай қауіптер күтіп тұр?

4. Тақырыпқа кіріспе.

Жеке қауіпсіздіктің ережелерін бір қысқа сөзге дейін қысқартуға болады – «БОЛМАЙДЫ»:

- Мектептен шыққан соң көшеде көп жүруге БОЛМАЙДЫ.

- Қараңғы түскенде сыртта ойнауға БОЛМАЙДЫ.

- Бейтаныс адамды үйге кіргізуге БОЛМАЙДЫ.

- Бейтаныс адамдармен ешқайда баруға БОЛМАЙДЫ.

- Бейтаныс адаммен бірге көлікке отыруға БОЛМАЙДЫ.

Көбінесе бейтаныс адам көшеде жалғыз жүрген баланы көріп, жақындап, олармен бірге адамдар көп емес жерге баруды ұсынып айтады. Таныс емес адамның сізді ұстап алатындай жақындауына жол бермеу керек. Көптеген балалар мұндай жағдайда адасады және бейтаныс ересек адаммен өзін қалай ұстау керектігін білмейді, одан бас тартуға ұялады, өзіне жақындауына мүмкіндік береді. Мұндай жағдайды бақылаудан шығаруға болмайды. Ол үшін бірнеше «қадамдардан» тұратын қарапайым және сенімді әрекет стратегиясын ұстанған жөн.

1- қадам. Жағдайды бағалау.

2- қадам. Қашықтықты сақтаңыз!

3- қадам. «Құпия сөз» сұраңыз.

4- қадам. Бейтаныс адаммен сөйлесу 5-10 секундтан аспауы керек, содан кейін әңгімені тоқтату керек.

5- қадам. Қауіпсіз жерге барыңыз.

Маңызды сәттердің бірі, ата-ана мен бала, бейтаныс адаммен қауіпін болдырмау үшін ойлап тапқан құпия сөз. Егер көшеде бір адам балаға келіп, оны анасы жібергенін айтса, сіз құпия сөзін атауды сұрауыңыз керек. Егер бейтаныс адам оны айта алмаса, дереу кету керек. Ересек адам, үлкен кісіден көмек сұрауы керек. Оның баладан көмек сұрауы түсініксіз және күдікті болып көрінуі керек.

5. Білімді бастапқы игеру және түсінуді тексеру. Жағдаяттар. «Ұрлаушылар мен тапқыр балалар» ойыны. Жағдаяттарды талқылау.

Педагог: Осындай жағдайды елестетіп көріңіз:

Бала көшеде серуендейді. Оған бейтаныс адам келеді.

- Балақай, маған телефоныңды бере тұршы. Досыма қоңырау шалу керек едім.

Бала: «Менің телефоным жоқ» немесе «Қазір алып беремін» деп жауап беруі мүмкін.

Педагог: Сіздің ойыңызша, бұл жағдайда қандай жауап дұрыс болады?
Педагог: Сіз көшеде жүресіз. Бейтаныс адам келіп: Машинаға мінгің келе ме?

Педагог: Сіз не істейсіз? (Күтілетін жауаптар: «Бейтаныс адамдарменкөлікке отыруға болмайды», «Бейтаныс адамдармен көшеде сөйлесуге болмайды»...)

6. Бекіту. Өзіндік жұмыс.

- Балалар, біз қазір бейтаныс адамдармен жүріс-тұрыс ережелерін білдік. Сабақта айтқанның бәрін тексеру және бекіту үшін біз бірге «Жадынама» жасаймыз. Сөйлемдерді сөзбен толықтыру керек.

«Есте сақта!!!» топтық жұмысы.

1 бағалау. (Жағдайды)

2. Бейтаныс адамнан ұстаңыз (ара қашықтық)!

3. Бейтаныс адамнан..... сұраңыз («Күпия сөзін»).

4. Бейтаныс адаммен сөйлесу аспауы керек (5-10 секунд)

5. .(Қауіпсіз жерге)

7. Қорытынды. Рефлексия.

Пайдалы сілтеме:

<https://www.youtube.com/watch?v=hftM9yB25r4&list=PLA5eCSY2FeoQLLocS-IEuEG9KjOrJzvPM&index=36>

№ 6 САБАҚ. «ДҮКЕНГЕ АЛҒАШҚЫ РЕТ ЖАЛҒЫЗ БАРУ»

Сабақтың мақсаты: балаларға дүкенде өзін-өзі сыпай ұстау және қауіпсіздік ережелерін үйрету.

Сабақ барысы

1. Ұйымдастыру кезеңі. Сәлемдесу. Жағымды мотивациялық көңіл күй қалыптастыру (1-2 мин).

2. Мақсат қою. Тақырыптың анықтамасы.

Балалар, біздің тәрбие сағатымыздың бүгінгі тақырыбын білу үшін мен сіздерге «Сөз құрастыру» ойынын ойнауды ұсынамын. Қазір экранда бірнеше суреттер пайда болады. Сіздер сол суреттердің алғашқы әріптері бойынша сөз құрастыруларыңыз керек.



Д У К Е Н

Дұрыс. Бүгін біз дүкенге барамыз.

- Сіздер қандай дүкендерді білесіздер?

3. Білімді өзектендіру. Өткенді қайталау

«Оны қайдан сатып алуға болады?» доп ойыны

- Мына заттар сатылатын бөлім қалай аталады?

- Тоқаш, нан, бәліш? (нан бөлімі).

- Сүт, сүзбе, ірімшік, қаймақ? (сүт бөлімі).

- Банан, алмұрт, қырыққабат, пияз сатылатын бөлім қалай аталады? (көкөніс-жемістер бөлімі).

- Ет, шұжықтар, котлеттер қай бөлімде сатылады? (ет бөлімінде).

- Торттар, орамдар, кекстер қай бөлімде сатылады? (кондитерлік бөлімде).

- скумбрия, минтай, шабақты қай бөлімнен сатып алуға болады? (балық бөлімінен).

- Шырын, минералды суды қай бөлімнен сатып алуға болады? (сусындар бөлімінен).

- Қант, ұн, шай, кофе, макарон, жарма – бұлар қай бөлімде сатылады?(азық-түлік бөлімі).

4. Тақырыпқа кіріспе

«Дүкен. Дүкендегі тәртіп ережелері» ойыны

- Қазір біз сіздермен дүкен ойынын ойнаймыз.

- Кім сатушы болғысы келеді?

- Біздің дүкен қалай аталады?

- Міне, сіздерге ақша, дүкенге барамыз.

- Дүкенге барғанда қандай ережелерді білу керек?

1- ереже. Алдымен дүкеннен шыққан адамдарды өткізіп жіберіңіздер.

- Дүкенге кірмес бұрын, шығатын адамдарға жол беру керек.

2- ереже. Сыпайы болыңыздар!

- Дүкенге кірген соң, сәлемдесу керек. Сатушыға өтініш білдіре отырып, «кешіріңіз», «өтінемін», «сұрауға рұқсат етіңіз», «сұрауға бола ма», «ғафу етіңіз» деген сөздерді қолдана аласыздар. Сатып алушының сатушыларға жүгінуі сыпайы және сабырлы түрде болуы керек. Дөрекі және бұйыра сөйлеу әдепсіздік пен надандықтың белгісі.

3- ереже. Дүкенде жүргенде итермеңіз, жол беріңіз.

4- ереже. Кезекке тұрыңыз, шыдамды болыңыз.

5-ереже. Сауда жасап болған соң, «рақмет» айтуды ұмытпаңыз.

Дүкенге барғанда өзін-өзі ұстау ережесі

Дүкенге кірген кезде дүкеннен шығып келе жатқандарға жол беру керек, содан кейін өзіңіз кіріңіз. Егер сізбен бір уақытта дүкенге қарт адамдар, жүкті әйел, мүгедектер, кішкентай баласы бар ана кіргелі тұрса, онда алдымен оларға жол беруіңіз керек.

➤ Дүкенге лас заттармен кіруге болмайды.

➤ Дүкенге кірген кезде есікті ұстаңыз.

➤ Егер дүкен шағын болса және сіз тұрақты сатып алушы болсаңыз, қызмет көрсетушілермен амандасыңыз. Ал үлкен супермаркеттерде олай жасамауға да болады.

➤ Қарсы ағынға тап болмас үшін қозғалыс бағыттарын сақтаңыз. Жақын жерде келе жатқан адамды итермеңіз. Егер сіз кездейсоқ біреуді итеріп жіберсеңіз немесе аяғын бассаңыз, кешірім сұраңыз.

➤ Ұқыпты болыңыз, сөрелердегі тауарды шашпаңыз. Затты ұқыпты және абайлап ұстаңыз.

➤ Арнайы қаптамасыз сатылатын өнімдерді сұрыптауға, қолмен ұстауға болмайды.

➤ Тым қатты сөйлемеңіз.

➤ Сатушы мен сатып алушылардың уақытын алмау үшін сатып алу тізімін алдын ала жазыңыз.

➤ Егер сізге өнім ұнамаса және оны сатып алғыңыз келмесе, кешірім сұраңыз және сыпайы түрде сатып алудан бас тартыңыз.

➤ Сатушыға қызмет көрсеткені үшін «рақмет» айтуды ұмытпаңыз.

5. Білімді бастапқы игеру және түсінуді тексеру

- Егер сіз ересектермен бірге дүкенге барып, адасып қалсаңыз не істейсіз?

- Мұндай жағдайларда балалар өздерін қалай ұстау керек? (жыламаңыз, айқайламаңыз, тұрған жеріңізді тексеріңіз, сатушыға немесе күзетшіге жоғалғаныңызды айтыңыз)

- Ал егер сіз адасып қалсаңыз, анаңызды іздеуге баруыңыз керек пе? (сіз бір орында тұруыңыз керек, анаңызды күтіңіз, ересектерден көмек сұраңыз)

- Ең алдымен кімнен көмек сұрай аласыз? (сатушы, күзетші, ересек адам)

- Радио арқылы жариялау үшін өзіңізді қалай атайсыз? (мен аты-жөнімді, жасымды, анамның атын айтамын)

- Адасып қалғаныңызды түсінген кезде бірден жылау керек пе? (жоқ)

- Анаңыз сізсіз дүкеннен кете ала ма, сіз қалай ойлайсыз? (жоқ)

6.Сабақты бекіту. Өзіндік жұмыс

«Дұрыс бағытты таңдаңыз» ойыны. Педагог дүкенге екі бағыты бар картаны көрсетеді: біреуі қауіпсіз, екіншісі қауіпті (мысалы, жол арқылы). Балалар дүкенге қауіпсіз апаратын дұрыс бағытты таңдауы керек. Неліктен бір маршрут екіншісінен жақсы екенін талқылау қажет.

Қорытынды. Рефлексия

Пайдалы сілтемелер:

<https://www.youtube.com/watch?v=NCnr6WmrZ4o&list=PLA5eCSY2FeoQLLo cS-IEuEG9KjOrJzvPM&index=14>

<https://www.youtube.com/watch?v=hftM9yB25r4&list=PLA5eCSY2FeoQLLocS -IEuEG9KjOrJzvPM&index=36>

№ 7 САБАҚ. «БІРІКТІРУГЕ БОЛМАЙТЫН ӨНІМДЕРДІҢ КОМБИНАЦИЯСЫ»

Сабақтың мақсаты: балаларға біріктіруге болмайтын өнімдермен қауіпсіз жұмыс істеу ережелерін үйрету.

Сабақ барысы

1. Ұйымдастыру кезеңі. Жағымды мотивациялық көңіл күй қалыптастыру (2 мин).

2. Мақсат қою. Тақырыптың анықтамасы

- Сәлеметсіздер ме, балалар!
- Сіздер ойнағанды ұнатасыздар ма? (балалардың жауабы)
- Елестетіп көріңіздерші, ересектер үй шаруасымен айналысады, ал сіз ойнағыңыз келеді. Сіз не істейсіз? (балалардың жауабы)
- Ойнаңыз, бірақ тым шектен шықпаңыз! Үй сенімді болғанымен, мынаны ұмытпау керек.

Алға жайып тұз-дәмін,

Келтіреді үй сәнін.

Тоназытқыш, пеш, су құбырын көре ме,

Бұл жасырған қай бөлме? (Ас үй)

- Азық-түлік үйдің қай бөлмесінде тұрады?

3. Білімді өзектендіру. Өткенді қайталау

Ас үй балалар үшін өте қауіпті орын.

Ас үй ойын ойнайтын орын емес. Ол жерде біз тамақ дайындаймыз. Сіз кездейсоқ ыстық заттарға қол тигізіп, күйіп қалуыңыз мүмкін. Өзіңізге ыстық сорпа, не шай төгіп алуыңыз мүмкін. Ас үйде жүгіруге болмайды. Жүгіріп жүріп пердеге тиіп кетсеңіз, ал ол жанып тұрған отқа тиіп, ас үйден өрт шығуы мүмкін.

Сонымен ас үйде балалар қандай қауіп қатерге ұшырауы мүмкін?

1. Пештегі қазандар.

2. Үйдегі химиялық заттар балаларға қауіп төндіреді.

3. Ас құралдары: пышақтар, қайшылар және басқа да кесетін заттар.

4. Электр аспаптары, әсіресе араластырғыштар, кофе тартқыштар, ет тартқыштар.

4. Тақырыпқа кіріспе. Әңгіме

Егер қатты қыздырылған табаға май құйсаңыз, оның жанып кетуі мүмкін екенін білдіңіздер бе? Бұл өртке әкеледі.

Сіз тамақтың дайын болғанын тексергіңіз келсе, сізге не болуы мүмкін екенін білесіз бе? Мысалы, пештегі торт, қазандағы ыстық сорпа немесе қайнап тұрған шәйнек.

- Сіз балалар үшін қауіпті және ешбір жағдайда оларға қол тигізбейтін тағамдарды білесіз бе?

Ас үйдегі шкафтарда сақталатын ыдыс-аяқ, өткір заттың барлығы балаға қауіп төндіреді. Ең қауіптісі сірке қышқылы немесе оны «уксус» деп атайды. Бірақ басқа да тұздықтар, сироптар мен пасталардың дәмін татып қарауға болмайды. Тіпті ең қарапайым және біз білетін тағамдар да қауіпті болуы мүмкін, себебі оларды қалай дұрыс тұтыну керектігін білмесеңіз және оларды бір-бірімен біріктіруге болатынын не болмайтынын білмесеңіз, үлкен қиындыққа әкелуі мүмкін.

Тәжірибе

Көптеген адамдар «Ментос» жалбыз қосылған тәтті мен «Кока-Коланы» жақсы көреді.

- Ментосты Кока-Колла бөтелкесіне салынса не болады деп ойлайсыз?
- Егер бұл кәмпиттерді «Кока-Коламен» бірге жесе, не болатынын көрейік.
- Ал біз мұны тәжірибе арқылы білеміз. Қараңызшы, Мен «Кока-Кола» бөтелкесін алып, оны ашып, «Ментос» тәттісін салдым.

- Ой, не болды?

- Иә, кейбір өнімдермен «Кока-Коламен» үйлеспейді және кішкентай жарылыс сияқты химиялық реакцияға түседі. Осы жарылыс сіздің асқазаныңызда болуы мүмкін деп елестетіп көріңіз!

- Иә, «Кока-Кола» біздің ағзамызға зиян тигізуі мүмкін.

-Сіз бен біз «Ментос» кәмпиттерімен «Кока-Кола» ішсек, асқазанымызда не болатынын көрдік. Бұл кәмпиттің пайдасы жоқ екенін де байқадыңыз. Егер сіз «Кока-Коламен» пайдалы өнімді қолдансаңыз не болатынын көрейік. Пайдалы өнім ретінде біз сүтті аламыз.

Сұрақ: сіз қалай ойлайсыз сүт пайдалы өнім бе?

Қараңызшы, не болып жатыр? (Балалардың жауабы).

Стаканда бұлтты, қалың тұнба пайда болды, қабыршақтар пайда болды.

Сұрақ: Неге бұлай болғанын білесіз бе? (Балалардың жауабы).

«Кока-Кола» сүтпен араласқанда реакцияға түсіп, ашып кетеді және мұндай жағымсыз тұнба пайда болады. Мұндай сүтті ішуге болмайды.

Сұрақ: Біреулеріңіз мұны не үшін жасадық деп ойладыңыздар ма? (Балалардың жауабы).

5.Білімді бастапқы игеру және түсінгенін тексеру

«Артығын табу» ойыны

Тақтада зиянды және пайдалы өнімдердің суреттері берілген.

Біз барлық зиянды өнімді тауып, оларды алып тастауымыз керек.

Жарайсыздар, балалар, керемет білімдеріңізді көрсетіп, барлық

зиянды өнімді таптыңыздар.

6. Сабақты бекіту. Өзіндік жұмыс

«Ас үйде кім тұрады?» ойыны

Отқа қойсаң елпілдеп,

Быж-быж етіп тұншығар.

Тақиясы селкілдеп,

Танауынан бу шығар.

(Жауабы: шәйнек)

Ас піскенін біліп анық,

Дәм көреді іліп алып.

(Ожау, қасық)

Қара сиырым қарап тұр,

Қызыл сиырым жалап тұр.

(Қазан мен от)

Кесе – шыны пиала,
Оларсыз шай құя ма?
Қасықсыз тамақ жемейді,
Бәрінің атын не дейді?

(БІдыс-аяқ)

Педагог: Жарайсындар! Жұмбақта не туралы айтылғанын айтыңыздаршы
(БІдыс туралы.)

7. Қорытынды. Рефлексия (кез келген түрдегі).

Пайдалы сілтемелер:

<https://www.youtube.com/watch?v=msjxTOaX8hQ>

№ 8 САБАҚ. «АТА-АНАЛАРМЕН ҚҰПИЯ СӨЗ»

Сабақтың мақсаты: төтенше жағдайда балаларға қауіпсіздік ережесін сақтауды үйрету.

Сабақ барысы

1. Ұйымдастыру кезеңі. Сәлемдесу. Жағымды мотивациялық көңіл күй қалыптастыру (1-2 мин).

2. Мақсат қою. Тақырыптың анықтамасы.

Күн сайын таңертең адам үйден шығып, қоршаған ортамен араласады, кездейсоқ қиын жағдайлар, апаттар болуы мүмкін. Бұл қиындықтар «Төтенше жағдайлар» деп аталады. Төтенше жағдай бұл адамның қиын және жағымсыз жағдайларға ұшырауын білдіреді.

3. Білімді өзектендіру. Өткенді қайталау

Тіршілік қауіпсіздік негіздері туралы, қауіпсіздік туралы мақал-мәтелдер.

Сақтықта қорлық жоқ	Қауіп аяқ астында
---------------------	-------------------

Үйдегі, көшедегі, табиғаттағы қауіпсіздік.

Тапсырма: 3 минут ішінде қауіпті жағдайларда қауіпсіздік ережелерін мүмкіндігінше көбірек еске түсіріңіз: үйде, көшеде, табиғатта...

Болжалды жауап нұсқалары:

Қосылған электр құрылғыларын қараусыз қалдырмаңыз.

Сіріңкелермен ойнамаңыз.

Тоқ көзінен ажыратарда сымынан тартпаңыз.

Бейтаныс адамдарға есік ашпаңыз.

Мұз үстінде жүрмеңіз.

Бағдаршамның жасыл түсі жанғанда өтіңіз.

Таныс емес саңырауқұлақтарды, жидектерді жеуге болмайды.

Жолдың үстінде ойнамаңыз.

Жолда жүру ережесін сақтаңыз.

Бейтаныс заттарды алып, үйге әкелмеңіз.

Досыңызға барғанда, ата-анаңызға хабарлаңыз.

Дәрі-дәрмектерден абай болыңыз.

Терезеден шықпаңыз.

Лифтіге бейтаныс адамдармен кірмеңіз. Даладағы тоқ сымдарын қолыңызбен ұстамаңыз.

4. Тақырыпқа кіріспе. Әңгіме

Біздің ең маңызды міндетіміз – өзімізге және айналамыздағы адамдарға жауапкершілікпен қарау, қауіптерді болжай және тани білу, жеке қауіпсіздіктің қарапайым ережелерін сақтау. Қауіп бізді барлық жерде күтеді: жолда, аулада, үйдің кіреберісінде тіпті біз болатын кез келген жерде. Ата-анаңызбен бірге арнайы «құпия сөз» ойлап табыңыз. Бұл сөз құпия, оны ешкім білмеуі керек (тек қауіпті жағдайларда қолдану керек). «Қауіп», «қиындық» және т.б. деген сөздер болмау керек – шабуылдаушы сіздің ата-анаңызға сигнал жіберіп жатқаныңызды білмеуі керек. Егер бұл сөз тіркесі болса, өте қолайлы. Мысалы, «Жасыл шарф».

5. Білімді бастапқы игеру және түсінгендерін тексеру. Біздің сынып үшін «құпия сөз» ойлап табыңыз.

6. Сабақты бекіту. Өзіндік жұмыс

«Әдеби викторина» байқауы.

Жетекші: Сіз көптеген ертегілерді білесіз. Бірақ, қазір сіз өмір қауіпсіздігі негіздерін бұзу, қайғылы салдарға әкеп соқтырған ертегілерді еске түсіріп, себебін түсіндіруіңіз керек.

1. «Бауырсақ», «Пиноккионың шытырман оқиғалары», «Қызыл телпек» – бейтаныс дамдарға шамадан тыс сенім

2. «Қасқыр мен жеті бала» – бөтен адамдарға есікті ашпаңыз.

3. «Ұр тоқпақ», «Қаздар-аққулар» – үлкендерге мойынсұныңыз.

4. «Ұйқыдағы ару» – үшкір заттардан абай болыңыз.

5. «Қар ханшайымы» – алда келе жатқан көлікке жабысуға болмайды.

6. «Мысық үйі» – отпен ойнауға болмайды.

7. **Қорытынды**

Пайдалы сілтемелер:

<https://www.youtube.com/watch?v=NCnr6WmrZ4o&list=PLA5eCSY2FeoQLLo cS-IEuEG9KjOrJzvPM&index=14>

№ 9 САБАҚ. «ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ МҮМКІНДІКТЕРІ. АТА-АНАЛАРДЫҢ ДАУЫСТАРЫМЕН ҚОҢЫРАУ ШАЛУ».

Сабақтың мақсаты: балаларға жасанды интеллект пен қауіпсіздік ережелерін үйрету.

Сабақ барысы

1. Ұйымдастыру кезеңі. Сәлемдесу. Жағымды мотивациялық көңіл күй қалыптастыру (1-2 мин)

2. Мақсат қою. Тақырыптың анықтамасы

Бүгін бізде ерекше сабақ болады! Біз «жасанды интеллект» туралы сөйлесеміз.

Бұл не екенін біреу біле ме?

Біздің күнделікті өмірімізде жасанды интеллектінің пайда болуы көптеген технологияларды жетілдірді. Ол адамзаттың тұрмыс салтын мүлдем басқа арнаға бұрып, жұмыс процестерін автоматтандырады және ауқымды экономикалық құндылық қалыптастыра алады.

3. Білімді өзектендіру. Өткенді қайталау

Жұмысымызды бастайық және алдымен кейбір сөздердің мағынасын анықтап алайық. «Жасанды» – бұл не туралы?

4. Тақырыпқа кіріспе

Біздің өмірімізде жасанды интеллект жұмыс істейтін гаджеттер пайда болды. Біз онымен сөйлесе аламыз, сұрақтар қоя аламыз, тіпті ойын ойнай аламыз. Балалар бұл құрылғылардың компаниясын жақсы көреді және олар туралы отбасы мүшелері ретінде жауап береді.

Достардың, кейіпкерлердің немесе тіпті туыстарының атынан шынайы диалог құра алады. Бала мұның жасанды екенін түсінбей, цифрлық нысандарға сене бастауы мүмкін.

- Бұл қауіп-қатерлерге қалай қарсы тұруға болады?

Білім және хабардарлық. Жасанды интеллектінің алдау белгілерін қалай тануға болатынын білумаңызды. Біз оларға интернеттен көргендерінің бәрі бірдей шындық емес екенін түсіндіруіміз керек.

Заманауи жасанды интеллект (ЖИ) технологиялары дамығаны сонша, олар қазір әрбір адамның дауысын айнытпай сала алады. Бұл жаңа мүмкіндіктер ашады, сонымен қатар сенім мен қауіпсіздікке нұқсан келтіруі мүмкін синтезделген дауыстарды зиянды пайдалану сияқты жаңа тәуекелдерді тудырады.

Жасанды интеллект дауысына еліктеу қауіпті әртүрлі. Қылмыскерлер бұл технологияны жеке адамдарды алдау, отбасы мүшелері немесе беделді адамдар ретінде көрсету, оларды құпия ақпаратты жариялауға немесе алаяқтық операциялар жасау үшін қолдана алады.

5. Білімді бастапқы игеру және түсінгенін тексеру

Жасанды интеллект қандай гаджеттерде бар?

Қандай ғажап қондырғы

Барлығын қатарынан жасайды

Ән айту, ойнау, оқу, санау

Ең жақын дос болу керек пе?

(Компьютер)

6. Сабақты бекіту. Өзіндік жұмыс

Әңгімелер құру

ЖИ ойындары балаларға өз әңгімелері мен ертегілерін жасауға көмектеседі. Олар сюжеттің басталуын ұсына алады, ал бала оны өзінің шығармашылық ойлауын қолдана отырып дамытады.

«Алисамен» ойнау

Есіңізде болсын «Теңіз бір рет уайымдайды» ойынында фигураны немесе тірі жанды бейнелеу керек, ал жүргізуші оны болжауы керек! Енді бұл Алиса үшін дағдыға айналды: ол сізге әртүрлі фигуралар жасайды.

Көңіл көтеру үшін бірнеше адамға, соның ішінде балаларға арналған тамаша ойын-сауық!

Қорытынды

Пайдалы сілтемелер:

<https://youtu.be/h0fIWu0k50E?si=F099L9sBK25QoitB>

№ 10 САБАҚ. «СУ ҚОЙМАЛАРЫНДАҒЫ ҚАУІПТЕР»

Сабақтың мақсаты: балаларды демалыс кезінде су қоймаларындағы қауіпті жағдайларды болжауға, тануға және мүмкіндігінше олардан аулақ болуға үйрету.

Сабақ барысы

1.Ұйымдастыру кезеңі. Сәлемдесу. Жағымды мотивациялық көңіл күй қалыптастыру (1-2 мин).

2.Мақсат қою. Тақырыптың анықтамасы

Бүгін біз тағы да қауіпсіздік туралы сөйлесетін боламыз, бірақ қай жердегі қауіпсіздік екенін сіздер өздеріңіз қазір тауып көресіздер. Ол үшін мен жасырған жұмбақты шешейік!

Ақ жылан аяғы жоқ, көзі де жоқ,
Сөйлеген не бір ауыз сөзі де жоқ.
Тоқтамай қысы-жазы кезе берер,
Үстінде бір жапырақ бөзі де жоқ. (Өзен)

Ауыл сыртында сайда
Жатыр үлкен айна. (Көл)

Білімді өзектендіру. Өткенді қайталау

- Судағы мінез-құлық ережелерін бәріңіз білесіздер ме?
- Сіз осы ережелерді сақтайсыздар ма?
- Ережелерді сақтамау неге әкелуі мүмкін деп ойлайсыздар?

3. Тақырыпқа кіріспе.

Әңгіме. Сіз тоғанға келдіңіз. Әрі қарай не болады? (Тұрақты құрамдағы жұптарда жұмыс істеу). Балалар шомылуға қалай дайындалу керектігі туралы ережелерді өздері жасайды. 2-3 жұп өздері жасаған ережелерді айтады.

Бірден суға түсуге болмайды. Суға түсу үшін дайындық керек. Аяқтарыңыздың сіңірі тартылып қалуы мүмкін. Суға тезірек түсуге деген ұмтылыс көбінесе асығыс болады. Көбісі суға қарай жүгіреді. Шешініп, салқындауыңыз керек. Алдымен аяғыңызды суға батырыңыз. Содан кейін бірнеше рет толық денеңізді батырыңыз. Сіздің денеңіз суға үйренсін. Жақсы көңіл күймен, шомылыңыз.

Судағы негізгі қауіпсіздік ережелері

Әр қалада демалуға және шомылуға арналған арнайы жабдықталған су қоймалары бар. Ол жерде арнайы қызметтер бар. Бұл тәртіпті бақылауға, сондай-ақ адамдарды құтқаруға дайындалған адамдар. Мұнда үнемі судың сапасы тексеріледі. Көптеген су айдындарында жедел жәрдем көліктері кезекшілік етеді. Жабдықталмаған жерлерде шомылуға тыйым салынады. Сіздің жасыңызда тек ата-анаңыздың немесе басқа ересектердің қатысуымен шомылуға болады. Сіз жылы мезгілде және жылы суда жүзе аласыз. Көбінесе суға батудың себебі дененің суық суда, гипотермиясы болуы мүмкін. Егер сізде, жоғары температура болса, шомылуға болмайды. Бұл жағдайда суға түсу өте қауіпті.

Жүзе білу. Егер сіз жүзе алмасаңыз, таяз жерде, жағаға жақын жерде болыңыз. Жүзгіш достарыңыздың соңынан ермеңіз. Сіз бірден жүзуді үйренбейсіз. Суда болу уақытын шектеу керек. Егер суда ұзақ уақыт жүрсеңіз, шаршағаныңызды байқамауыңыз мүмкін, ал су кез келген уақытта отыруға және демалуға болатын жер емес. Суда мұны істеу мүмкін емес. Нәтижесінде жағаға жүзіп келуге күшіңіз

жетпеуі мүмкін. Судағы күштеріңіз бен әл-ауқатыңызды бақылаңыз. Судан ертерек шығып, демалып, күнге жылынғандұрыс. Шомылуға арналған жерлерде шомылу аймағын шектейтін арнайы белгілер (қалтқылар, жалаулар және т.б.) бар. Аталған шомылу аймағынан тыс жүзбеңіз. Бұл демалушылардың қауіпсіздігі үшін жасалғаны түсінікті. Суда ойнауға болмайды. Бейтаныс жерлерге сүнгуге болмайды.

Біз қайықпен жүземіз деп шештік. Қайықпен жүзу сенімдірек сияқты. Адамдар ұзақ уақыт бойы қайықтарды айналып өту және балық аулау үшін пайдаланған. Біз нені білуіміз керек және ұстануымыз керек?

Балалар өз пікірлерін айтады.

Айтқаныңыздан бірге қайықпен жүзу және басқа жүзу құралдарында қауіпсіздік ережелерін жасайық.

Қайықпен тек ересектердің бақылауымен жүруге болады.

Қайыққа отырмас бұрын, қайықтың жарамдылығын, ағып кетуін, ескектің жақсы екенін тексеру керек.

Құтқару құралдары болуы керек.

Су қоймасында қозғалу кезінде қайық аударылып қалмас үшін оны қатты шайқауға болмайды.

Сіз қайықта тұра алмайсыз, орын ауыстыра алмайсыз, бортқа отыра алмайсыз немесе ол арқылы иіле алмайсыз.

Өтіп бара жатқан кемелер мен қайықтарға жақын жүзбеңіз – қайық толқынмен айналуы мүмкін.

Адамдардың жаппай шомылу орындарында қайықпен жүзуге болмайды. Неге деп ойлайсыз?

Балалар пайымдайды (Біз шомылушыларға кедергі жасауымыз мүмкін немесе тіпті оларды жарақаттаймыз)

Егер сіз қайықпен алыс жүзгіңіз келсе, құтқару кеудешелерін киюіңіз керек.

Білімді бастапқы игеру және оны тексеру. Суреттегі кейшкерлер судағы қауіпсіздіктің қандай ережелерін бұзды. Оқушыларға карточкалар таратылады. (Балалар жұппен жұмыс істейді).

Егер тыныш жүрсең сен,

Боларсың аулақ қатерден.

Сақтасаң сақтық шарасын,

Үлгілі бала боласың.

4. Бекіту. Өзіндік жұмыс

Логикалық тапсырма. Балалар карталарда жеке жұмыс істейді.

Су қоймасына келгенде өзіңізді шомылуға қалай дайындайтыныңызды дұрыс ретпен реттеңіз	
	Сүңгіп, жүзіп кеттіңіз
	Суға бірнеше рет шомылдыңыз
	Шешініп, салқындадыңыз
	Аяқтарыңызды суға батырдыңыз

5. Қорытынды

Пайдалы сілтеме:

<https://www.youtube.com/watch?v=VjLbO0uHIA&list=PLA5eCSY2FeoQLLocS-IEuEG9KjOrJzvPM&index=3>

«ЖЕКЕ ҚАУПСІЗДІК» ТАҚЫРЫБЫНДАҒЫ САБАҚТАР

2-СЫНЫП

№ 1 САБАҚ. «ТӨТЕНШЕ ҚЫЗМЕТ НӨМІРЛЕРІ»

Сабақтың мақсаты: қауіпсіздік ережелерін түсіндіру, шұғыл көмек қызметтерін және олармен хабарласу жағдайын білу.

Сабақ барысы

1. Ұйымдастыру кезеңі

Жағымды мотивациялық көзқарасты қалыптастыру (1-2 мин).

2. Мақсат қою. Тақырыптың анықтамасы. Оқушылар бейнебаянды мұқият тындайды және әңгімелейді.

Бүгінгі сабақта қауіпсіздік ережелерін және төтенше қызметтердің телефон нөмірлерін білетін боламыз.

Қауіпті іс-әрекеттерді атауымен сәйкестендір және не үшін екенін өз ойыңмен бөліс.



Отпен ойнауға болмайды!

Бейтанысқа есікті ашуға болмайды!

Сумен ойнама!

Телефонмен сөйлескенде алдымен айналаңа назар аудар!

Үшкір заттармен ойнама!

Дәрі-дәрмекті ұстама!

Тоқты ұстама!

Ашық тұрған терезеге жақындама!

3. Білімді өзектендіру. Өткенді қайталау

Қауіпті жағдайға тап болмас үшін абайлап, тапқыр болу керек. Егер бұл орын алса, тез және батыл түрде дұрыс жолды тауып, әрекет етіңіз. Бұл қауіпті жағдайдан шығудың бір жолы – көмекке жүгіну. Қауіпті жағдайға тап болған адамдарға көмек көрсету үшін қауіпсіздік жүйесі жұмыс істейді, оның құрамына арнайы шұғыл қызметтер: өрт сөндіру қызметі, полиция, жедел жәрдем, апаттықгаз қызметі кіреді. Қауіпсіздік жүйесінің телефон нөмірлерін жатқа білу керек.

Көмек шақыру түскен кезде әрбір қоғамдық қауіпсіздік қызметінің өз міндеттері бар.

- **ӨРТ ҚЫЗМЕТІ.** Оның негізгі міндеттері: өрттің алдын алуды ұйымдастыру, өрт кезінде адамдар мен мүлікті құтқару, өртті сөндіру, авариялық-құтқару жұмыстарын жүргізу.

- **ПОЛИЦИЯ** (құқық қорғау жүйесі). Оның негізгі міндеттері: қала көшелері мен қоғамдық орындардағы тәртіпті қамтамасыз ету, қылмыстардың

алдын алу және жедел ашу, құқықбұзушылыққа кінәлі тұлғаларды ұстап, бөлімге жеткізу.

• **ЖЕДЕЛ ЖӘРДЕМ** (денсаулық сақтау жүйесі). Оның негізгі мақсаттары: науқас немесе жарақат алған адамдарға медициналық көмек көрсету және оларды мүмкіндігінше жақын жердегі медициналық мекемеге жеткізу.

• **ГАЗ.** тұрғын үйлердегі газдың қауіпсіз пайдаланылуын бақылауды, тұрақты түрде әртүрлі тексерулерді жүргізуді және газ жабдықтарының ақауларын жоюды міндеттейді.

• Төтенше жағдай кезінде жедел көмек көрсету үшін арнайы қызмет ұйымдастырылады. Кезекшілік-диспетчерлік қызметі, оның құрамына: өрттен қорғау, полиция, жедел жәрдем, апаттық газ қызметі, төтенше жағдайларды жою қызметі кіреді.

БІРЫҢҒАЙ төтенше жағдайға қоңырау шалу нөмірі – «112». «112» қызметінің негізгі міндеті: оператордың оқиға туралы хабарламасын алу, бұл ақпаратты әрекет ету үшін тиісті төтенше жағдайлар қызметтеріне беру, қауіп төнген адамдарға консультация және психологиялық көмек көрсету және тиімді қамтамасыз ету. Барлық авариялық-құтқару қызметінің жедел әрекет ету қызметінің өзара әрекеті.

«Есте сақта!»

<i>Өрт күзеті</i>	<i>101</i>
<i>Полиция</i>	<i>102</i>
<i>Жедел жәрдем</i>	<i>103</i>
<i>Төтенше газ қызметі</i>	<i>104, 112</i>
<i>Бірыңғай құтқару қызметі</i>	<i>112</i>
<i>«111 жедел қызметі» байланыс орталығы балалар мен ересектер өздеріне көмек қажет екендігі туралы, тұрмыстық зорлық-зомбылық, балалардың құқықтарының бұзылуы туралы, баланың көшеде, үйде, көлікте жалғыз қалғаны туралы, өміріне және денсаулығына қауіп төнгенде хабарласу үшін ашылған.</i>	<i>111</i>
<i>- «111» нөмірі – 24/7 байланыста</i>	
<i>- «111» нөмірі – құпиялылықты сақтайды</i>	
<i>- «111» нөмірі – тәулік бойы ІІД және өңірлердің жедел топтарымен байланыста.</i>	

Қызмет тәулік бойы жұмыс істейді. Телефон шотында ақша болмаса да, барлық операторға қоңырау шалу тегін.

4. Бастапқы білімді игеру және түсінуді тексеру

а) Маған оны анықтауға көмектесіңіз және пәтерде өрт болған жағдайда не істеу керектігін айтыңыз?

Өрт пен түтін айнала,

Қарап тұрма жай ғана.

Тез хабар бер «101»-ге

Уақытты сен байлама.

б) Бейтаныс адамдар пәтерді табанды түрде қағып, пәтерге кіргізуді сұрайды. Бұл жағдайда не істеу керек?

Мен үйде жалғыз қалдым, біреу есікті ашпақ болды. Мен үйде жалғыз емес екенімді айттым және барлық сұрақтарына «ЖОҚ» деп жауап бердім. Ол есікті


бұзып кіргісі келсе, ата-анама немесе полиция «102» нөміріне телефон соғып хабарласамын.

в) Егер біреу ауырып қалса немесе жарақат алса?

Егер кенеттен қатты ауырып қалсаңыз, суық тиіп қалса немесе аяғыңызды сындырып алсаңыз, дереу жедел жәрдем «103» нөміріне хабарласамыз.

5. Бекіту. Өздік жұмыс

Суреттің астына төтенше қызмет нөмірін жазыңыз.



6. Сабақты қорытындылау

- Сабағымыз қандай тақырыпқа арналды?

- Өз ойыңызды білдіруіңізді сұраймын (Оқушылардың мәлімдемесі).

7. Қорытынды. «Сөйлемді аяқта» рефлексиясы

«Мен білмедім... . Енді білдім... ».

Пайдалы сілтеме: <https://www.youtube.com/watch?v=5HMt3ielKFc>

№ 2 САБАҚ. «ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙ ТУЫНДАҒАН КЕЗДЕ ЖЕДЕЛ ҚЫЗМЕТТЕРГЕ ҚОҢЫРАУ ШАЛУ СКРИПТЕРІ»

Сабақтың мақсаты: оқушыларды қауіпсіздік жүйесіне кіретін қызметтерді шақыру кезінде ақпараттың мазмұнымен таныстыру және туындаған қауіпті жағдай туралы қауіпсіздік қызметіне телефон арқылы дұрыс хабарлауға үйрету.

Сабақ барысы

1. Ұйымдастыру кезеңі

Жағымды мотивациялық көзқарасты қалыптастыру (1-2 мин).

2. Мақсат қою. Тақырыптың анықтамасы

Педагог: Телефонмен сөйлескен кезде бір маңызды ереже бар, оны өздерің болжап көріңдер.

Нақты ережені анықтау үшін «Бүлінген телефон» ойыны өткізіледі. Педагог оқушыларды қатарға тұрғызып, бір сөзді бір-біріне сыбырлап жеткізуді, содан кейін бірінші және соңғы сөздерді салыстыруды ұсынады.

Педагог:

- «Бұзылған телефон» ойыны арқылы бізге қандай маңызды ережені білу керек?

- Телефонмен сөйлесуде сөзді дұрыс түсіну үшін анық сөйлеу керек.

- Бүгін сабақта біз шұғыл қызметтерді шақыруды және негізгі ережелерімен танысамыз.

3. Білімді өзектендіру

«Есте сақта!»

<i>Өрт күзеті</i>	<i>101</i>
<i>Полиция</i>	<i>102</i>
<i>Жедел жәрдем</i>	<i>103</i>
<i>Төтенше газ қызметі</i>	<i>104,112</i>
<i>Бірыңғай құтқару қызметі</i>	<i>112</i>
<i>«111 жедел қызметі» байланыс орталығы балалар мен ересектер өздеріне көмек қажет екендігі туралы, тұрмыстық зорлық-зомбылық, бала құқықтарының бұзылуы туралы, баланың көшеде, үйде, көлікте жалғыз қалғаны туралы, өміріне және денсаулығына қауіп төнгенде хабарласу үшін ашылған.</i>	<i>111</i>
<i>- «111» нөмірі – 24/7 байланыста</i>	
<i>- «111» нөмірі – құпиялылықты сақтайды</i>	
<i>- «111» нөмірі – тәулік бойы ІІД және өңірлердің жедел топтарымен байланыста.</i>	

4. Бастапқы білімді игеру және түсінуді тексеру

Қауіпсіздік қызметтерін шақыру ережелері

Педагог: қауіпсіздік менеджері қоңыраудың себебін тез түсініп алу үшін дұрыс хабарлап айту керек.

Жедел қызметке қоңырау шалған кезде диспетчерге нені хабарлау керек:

1. Мекенжайды хабарлау керек. Себебі байланыс үзілсе де, құтқарушылар қайда бару керектігін біледі.

2. Бұл қайда болды: аулада, пәтерде, қоймада және т.б.

3. Не жағдай болды: өрт шықты, газдың иісін сездіңіз, төбеден су кетті және т.б. Диспетчерге үйдің, пәтердің нөмірін және аты-жөнін, телефон нөмірін хабарлау керек.

МАҢЫЗДЫ! Төтенше қызметтерге жалған қоңырау шалуға, алдауға болмайды!

Топпен жұмыс. Рольдік ойын

Пәтердің есігін бейтаныс адам кетпей қағып тұрса, полицияға хабарлау керек. Сіздің пәтеріңізден өрт шықса, өрт сөндірушілерге хабарлау керек.

Топтық жұмыс. Рольдік ойын

- Карточкада жағдай сипатталған, сіз бұл жағдайда көмекке қоңырау шалуыңыз керек телефон нөмірін атауыңыз керек.

- Сіздің пәтеріңіздің есігін бейтаныс адамдар бұзады. Сізбен бірге полиция шақырайық.

- Сіздің пәтеріңізден өрт шықты. Өрт сөндіру бригадасын шақырайық.

- Сізде жоғары температура болды. Жедел медициналық көмекке шақырайық.

- Сіз пәтерде газдың иісін сездіңіз. Біз газ қызметін шақыру жағдайын ойнаймыз.

Бекіту. Өзіндік жұмыс

Тапсырма. Жағдайды анықтап, төтенше қызметтерінің телефон нөмірін кестеге жаз.

• Егер сізде немесе көршілеріңізде өрт болса, қоңырау шалыңыз	
• Егер сіз немесе жақын адамыңыз ауырып қалса, қоңырау шалыңыз	
• Егер сіз газдың иісін сезсеңіз, қоңырау шалыңыз	
• Бұған жол бермеу үшін сізге қызмет көмектеседі	

5. Қорытынды

- Қауіпті жағдайда бізге қандай қалалық және аудандық қызметтер көмектесуге дайын?

- Телефон арқылы қажетті көмек туралы қалай дұрыс хабарлауға болады.

Рефлексия. «Қажет, қажет емес, қызықты» (ауызша немесе жазбаша түрде болуы мүмкін). «Қажет» бағанына сабақ туралы ұнаған пікірін, жағымды эмоциялар тудырған ақпарат.

Қажет	Қажет емес	Қызықты

Пайдалы сілтеме:

<https://www.youtube.com/watch?v=fyfkEuHSilc&list=PLA5eCSY2FeoQLLocS-IEuEG9KjOrJzvPM&index=5>

№ 3 САБАҚ. «ДОСЫҢЫЗДЫ РЕНЖІТСЕ НЕ ІСТЕУ КЕРЕК?»

Сабақтың мақсаты: оқушылардың арасындағы қарым-қатынас туралы білімдерін пысықтау, ұжымда достық және сенімді қарым-қатынас орнату, реніш пен жанжалды болдырмау, ынтымақтастық және бірлесіп әрекет ету дағдыларын дамытуға жағдай жасау.

Сабақ барысы

1. Ұйымдастыру кезеңі

Жағымды мотивациялық көзқарасты қалыптастыру (1-2 мин).

Бір-бірімізге шуақты, достық көңіл күй сыйлайық. Мен допты көршіңе кезекпен беруді және жағымды сөздер айтуды ұсынамын. Алғы шарт – күлімсіреу және сүйсініп сөйлеу. Мен бастайын: «Мадина, сенің жымығаның әдемі!» (балалар жалғастырады.) Тамаша! Барлығының көңіл күйі сәл болса да көтерілді деп ойлаймын. Өйткені, олар саған күліп, қуанса, сен де күлесің.

2. Мақсат қою. Тақырыптың анықтамасы

Бір-біріңе қараңдар. Біз бәріміз әртүрліміз, бірақ бәріміз бірдей нәрсені қалаймыз. Әр адам қалайды... (Балалар сөз тіркесін жалғастырып, нұсқаларын тақтаға жазады (құрмет, сүйіспеншілік, тану, қамқорлық т.б.).

3. Білімді жаңарту. Ертегіден үзінді тындаймыз. «Ұсқынсыз үйрек»

Х.К. Андерсен.

4. Бастапқы білімді игеру және оны тексеру

Ертегіден қандай ой түйдің? Үйрекке деген сезімің қандай? Оны басқа құстардың шабуылынан қорғағың келе ме?

Адамдар арасында осындай жағдайды кездестіруге бола ма?

Өкінішке қарай, мұндай жағдай адамдар арасында, әсіресе балалар ұжымында жиі кездеседі. Әрқайсыңыз қиын жағдайда өзіңізді қалай ұстау керектігін және қажет болған жағдайда қайда жүгіну керектігін білуіңіз керек.

Қымбатты дос! Сізден келесі сұрақтарға жауап беруіңізді сұраймыз:

1. Сыныбыңда сыныптастарын және басқа сынып оқушыларын ренжітетін, мазақтайтын балалар бар ма?

2. Сыныптағы қарым-қатынасты жақсарту үшін балалар не істей алады деп ойлайсыңдар?

«Идеялар қоржыны» әдісі

- Егер сенің досың осындай жағдайға тап болса және оған көмектескің келсе не істеу керек?

1. Егер сен біреудің үнемі өзгелерді ренжітетінін байқасаң, онда бәрі өздігінен шешіледі деп күтуге болмайды. Мәселені мүмкіндігінше тезірек шешу керек.

2. Оларды татуластыруға тырыс. Өзіңе қауіп төндірудің қажеті жоқ, бірақ қорқыту жағдайының куәгері болсаң, дереу араласып, болып жатқанды тоқтату маңызды. Егер мұны өз бетіңше жасай алмайтыныңды білсең немесе сезсең, үлкендерден көмек сұрауың керек.

3. Құқық бұзушыларға олардың істеп жатқаны дұрыс емес екенін және оларды қолдамайтыныңды түсіндір.

4. Досыңа қолдау көрсет. Сыныптағы болып жатқан іс-әрекеттің ұнамайтыныңды айт. Мұны қолдамайтыныңды түсіндір. Жәбірленушінің ешкінісі жоқ, ал ренжітуші ақымақтық пен теріс әрекет етіп жатыр десең жақсы болады.

5. Үлгі бол.

5. Бекіту. Өздік жұмыс

Мен достық ережелерін құрастырып, сынып бұрышына іліп, осы ережелерді сақтауды ұсынамын.

- Достық ережесін құрастыру үшін топпен жұмыс.
Досыңа мейірімді бол.
- Қуанышыңды досыңмен бөліс.
Досыңды ешқашан алдама.
- Досыңа опасыздық жасама. Мұқтаж досыңа әрқашан көмектес.

6. Сабақты қорытындылау

Әр баланың үстелінде түрлі түсті үш гүл бар. Шарты: Ең сыпайы адамға (бүгін алғыс айтқыңыз келетін) көк гүлді бересің, мейірімді адамға жасыл гүлді, ең қарапайым адамға күлгін түсті гүлді бересің. «Бүгін ең үлкен гүл шоғын кім алғанын көрейік. Неліктен деп ойлайсыңдар?»

Пайдалы сілтеме:

<https://youtu.be/AdGoe5qeIco>

№ 4 САБАҚ. «МҰЗ ҮСТІНДЕГІ ҚАУІПТЕР»

Сабақтың мақсаты: балалардың қыс мезгілінде су қоймасында қауіпсіз әрекет ету туралы түсініктерін қалыптастыру, сақтық сезімін, өзінің және басқалардың өмірі үшін жауапкершілік сенуге тәрбиелеу.

Сабақ барысы

1. Ұйымдастыру кезеңі

Жағымды мотивациялық көзқарасты қалыптастыру (1-2 мин).

2. Мақсат қою. Тақырыптың анықтамасы

Жұмбақты тап.

Айнымайды шыныдан,

Қорқады тек жылыдан.

- Бұл не?

- Мұз.

Қыста су мұзға айналады. Тегіс мұзда жүгіру және сырғанау, коньки тебу, хоккей ойнау өте қызықты. Бірақ бұл қауіпті: мұз қатты көрінеді, бірақ кез келген сәтте сынуы мүмкін.

- Балалар, бұлай болмас үшін нені білу керек? (Мұздағы қауіпсіздік ережелерін білу керек).

- Бүгінгі сабақтың тақырыбы қандай болады деп ойлайсыңдар? (Мұздағы қауіптер).

3. Білімді өзектендіру. Өткенді қайталау

- Енді біз «Смешарики» анимациялық сериясынан «Жұқа мұз» мультфильмін көреміз (көру).

<https://www.youtube.com/watch?v=zuriFnOV45E>

- Неліктен мультфильм «Жұқа мұз» деп аталады?

- Неліктен Нюша мұздың астына түсіп кетті?

- Нюшаны кім құтқарды?

- Егер Қошқар қасында болмаса не болар еді?

- Балалар су айдынындағы мұзға жалғыз шыға ала ма?

4. Бастапқы білімді игеру және оны тексеру

Ең қауіпті жерлер

1. Мұз әдетте саяз және жұқа жерлерде болады. Бұтақтар, тақталар және басқа заттар, сондай-ақ бұталардың, ағаштардың және қамыстың жанында қатып қалады.

2. Мұз зауыттар мен фабрикалардың жанындағы су төгетін жерлерге жақын жерде, сондай-ақ ағындар қосылған жерлерде немесе бұлақтар маңында жұқа болады.

3. Қар басқан немесе қар үйінділері басқан жерлерден аулақ болу керек, өйткені қар астындағы мұз әрқашан жұқа болады.

4. Мұз жағаға іргелес жатқан жерлерде өте сақ болу керек.

5. Мұз әсіресе еріген кезде қауіпті, себебі ол ериді және оның үстінде жарықтар пайда болады.

Сонымен, қыста мұз үстінде мүлдем жүрмеген дұрыс па? Сенбесеңіз, бармаңыз!

Мұз үстінде жүру ережелері.

1. Мұзға аяқ баспас бұрын, жақын жерде төселген соқпақ немесе жаңа іздер бар-жоғын қараңыз.

- Неге деп ойлайсыз? (Бұл жолды біреу сынап көрді)

2. Егер іздер болмаса, мұз жұқа болуы мүмкін жерлерден аулақ болу үшін мұқият қарап, маршрутыңызды белгілеу керек.

3. Сіз өзіңізбен бірге күшті таяқ алып, оның көмегімен мұздың беріктігін тексеруіңіз керек. Егер мұзға таяқпен соғылғаннан кейін жарықшақ немесе су пайда болса, сіз дереу жағаға өз ізіңізбен оралуыңыз керек. Сонымен қатар табаныңызды мұздан шығармай, аяғыңызды сырғытуға тырысыңыз.

- Бұл не сияқты?

4. Шынында да, шаңғымен тоғаннан өту қауіпсіз. Неге? (Мұзға қысым аз.)

Ал қауіпті жерлерде және шаңғыда абай болу керек. Қажет болса, оларды тез тастау үшін шаңғы бекіткіштерін ашу немесе босату керек. Шаңғы таяқшаларын қолдарыңызға ілмектер салмай ұстаңыз.

5. Топпен мұз үстінде қозғалу кезінде бір-бірінен кемінде 4-5 метр қашықтықты сақтау қажет.

Өзін-өзі құтқару жолдары

1. Сіз дүрбелеңге салынбаңыз.

2. Мұзға шығу үшін. Біз кенеттен қозғалыстар жасамай, кеудемізбен мұзға мүмкіндігінше сырғып кетуге тырысуымыз керек, содан кейін бір аяқты мұздан тартып, содан кейін екіншісін алуымыз керек.

3. Судан мұзға шыққаннан кейін, ешқандай жағдайда сіз бірден аяғыңызға тұра алмайсыз. Сіз қайдан келгеніңізге қарап және мұз тексерілген жерге қарай жылжуыңыз керек.

Тек жағаға аяқ басып, жылы жерге тезірек жету керек.

5. Сабақты бекіту

- Ал енді ойын арқылы қауіпсіздік ережелерін қалай меңгергеніңді тексереміз. «Иә немесе жоқ» ойыны.

Мұз басқан көлдер мен өзендерге жалғыз баруға бола ма? Еріп жатқан мұз үстінде ойнауға бола ма? Мұзға секіруге бола ма? Мұз бетіне бірнеше адам болып жиналуға бола ма?

Аяқ астынан мұз жарылып, құлап кетсең айғайлап көмекке шақыру керек пе?

6. Қорытынды

- Бүгін сабақта не туралы әңгімелестік? Мұздың қалыңдығын қалай анықтауға болады? Қандай мұз бір адамның салмағын көтере алады? Ал топ ше?

7. Рефлексия «Синквейн»

1-жол – тақырып (бір зат есім); – Мұз

2-жол – заттың сипаттамасы (екі сын есім); – тайғақ, қатты.

3-жол – қимылды сипаттау (үш етістік); – ериді, жарылады, қатады.

4-жол – пәнге қатынасты білдіретін сөз тіркесі; – судың қатты күйі.

5-жол – бір сөз – қауіпті.

Пайдалы сілтеме:

<https://youtu.be/ISV3liXdcOU?si=M7QN8NxhtC7KXnzy>

№ 5 САБАҚ. «5 СЕКУНД» ЕРЕЖЕСІ, БЕЙТАНЫС АДАММЕН ҚАЛАЙ ДҰРЫС ДИАЛОГ ҚҰРУҒА БОЛАДЫ?»

Сабақтың мақсаты: балаларды бейтаныс адамдармен қарым-қатынас кезінде болатын қауіптермен таныстыру, дұрыс әрекет жасауға үйрету.

Сабақ барысы

1. Ұйымдастыру кезеңі

Жағымды мотивациялық көзқарасты қалыптастыру (1-2 мин).

Бір – бірімізге күлімдеп қарайық. Сенің күлімдеп қарағаның, жағымды, жақсы көңіл күй сыйлайды.

Мақсат қою. Тақырыптың анықтамасы

Суретке зейін қойып қарайық. Ойыңмен бөліс.

Балалар, қауіп-қатер кез келген жерде күтіп тұруы мүмкін. Біз қоғамда өмір сүреміз және адамдардың барлығы әртүрлі (тақтада сөз бар). Кез келген адам нағыз дос бола бермейді. Бұл нақыл сөздің мағынасын қалай түсінесің? (Барлық адам мейірімді емес). Ендеше, бүгінгі сабақта бейтаныс адаммен қарым-қатынас туралы білетін боламыз.

3. Білімді өзектендіру. Өткенді қайталау

- Бейтаныс адам деген кім? (Балалардың жауабы).

4. Білімді бастапқы игеру және оны тексеру

Топтық жұмыс. Кез келген қиындықты болдырмау үшін бірнеше қадамдардан тұратын қарапайым және сенімді әрекетті сақтау керек. Еркін жүруге және жағдайды бақылаудан шығаруға болмайды.

Ол үшін төмендегі ережелерді есте сақта!

1-қадам. Жағдайды бағалау

Сіздің алдыңызда бейтаныс адам бар екенін және ол ықтимал қауіп төндіруі мүмкін екенін түсінуіңіз керек. Сондықтан одан сақтану керек. Бұл адамның кім екендігі маңызды емес – қыз, ұл, ата, жас әйел. Егер ол бейтаныс адам болса, онда олардың барлығымен бірдей әрекет ету керек.

2-қадам. Қашықтықты сақтаңыз! Сіз бен бейтаныс адам арасындағы қашықтық кемінде екі метр болуы керек. Бұл өте маңызды! (балаларға осы арақашықты көрсету керек).

3-қадам. Бейтаныс адаммен сөйлесу уақыты 5-10 секундтан аспауы керек. Содан кейін сөйлесуді тоқтату керек. Біреудің сізбен сөйлесуіне немесе сізді әңгімеге тартуына жол бермеңіз. Қылмыскерлерді керемет психологтер деп айтуға болады және олар кез келген адамның, тіпті ересек адамның сеніміне кіре алады. Мұндай жағдайда адам әңгімеге кіргенде, қырағылығын жоғалтады. Тәжірибелі қылмыскерлер ересек адамдарды қауіпті іс-әрекеттерді жасауға сендіре алады. Мысалы, қаңырап қалған жерге бірге бару және т.б. (Балалардан 5 секундтан кейін сөйлеуді тоқтатуды сұраңыз, оларға осы уақыт ішінде қанша сөз тіркесін айтуға болатынын көрсетіңіз).

4-қадам. Қауіпсіз жерге бар. Бұл дегеніміз, өзіңіз танитын ауладағы адамдар, достарыңыз, анаңызға не әкеңізге қоңырау соғыңыз. Бейтаныс адам сіздің артыңызда қалғанына көз жеткізіңіз. Егер жақын жерде таныс ересектер болмаса, онда дүкенге, дәмханаға, мектепке кіріп көмек сұраңыз.

Есіңізде болсын! Бейтаныс адам сізді аңдуын тоқтатпаса, үйге қарай жүгіруге асықпаңыз! Подъездге бірге кірмеңіз!

5. Бекіту. Ситуациялық жағдайларды шешу.

Осындай жағдайдың мысалын қарастырайық:

- Сәлеметсің бе, қызым!

- Сәлеметсіз бе! (жағдайды бағалаңыз: бейтаныс адам, қашықтықты сақтаңыз, одан 2 метр қашықтықта жүріңіз).

- Маған допты табуға көмектесіп жіберші. Доп жертөлеге домалап кетті, ал менің көру қабілетім нашар.

-Кешіріңіз, мені әкем шақырып жатыр (бейтаныс адамның келісуіне жол бермей, ересектерге қарай тез жүріңіз; толық қауіпсіздікте болғаннан кейін, ата-анаңызбен байланысыңыз).

Әртүрлі жағдайларда ең тиімді мінез-құлықты табу үшін сізбен бірге жаттығу жасайық. Ол үшін төрттікте жұмыс істеп, жаңа тапсырмалар аламыз. Топтың әр өкілі шығып, өзін қалай ұстау керектігін айтады.

Топтарға арналған тапсырмалар (6 топ): әртүрлі жағдайларда қауіпсіз мінез-құлық ережелерін жасаңыз:

1.Сізді күшпен алып кетеді.

(Егер олар сізді күштеп алып кетуге тырысса, қатты айқайлаңыз: бұл менің ата-анам емес, мен оларды білмеймін! Менің атым... телефоным... ата-анама қоңырау шалыңыз! Шабуыл қауіпі төнген кезде шу шығарыңыз, көршілеріңіздің назарын аударыңыз (ысқырыңыз, әйнекті сындырыңыз, қоңырау шалыңыз, есіктерді қағыңыз, айқайлаңыз!)

2.Бейтаныс адам өзін полиция қызметкері ретінде таныстырса және істің мән-жайын анықтау үшін онымен бірге жүруді ұсынады (Өзін полиция қызметкері ретінде таныстырған адамнан ата-анаңызға қоңырау шалуын талап етіңіз. Егер оның ұялы телефоны болмаса, ол кез келген дүкен немесе мекемеге барып хабарласа алады. Егер ол мұны істеуден бас тартса және сізді күштеп алып кетуге тырысса, қарсы тұрыңыз, айқайлаңыз, көмекке шақырыңыз, яғни бейтаныс адамдарға шабуыл жасағанда ұсынылғандай әрекет етіңіз).

3.Сіздің артыңыздан мектепке бейтаныс адам келіп, оны ата-анаңыз жібергенін айтса (Сізге ескертілмегенін айтып, бас тартыңыз. Бұл туралы педагогке, мектептегі күзетшіге айтыңыз. Ата-анаңызға қоңырау шалыңыз).

4. Көшеде біреу сізге тәтті ұсынса (Қабыл алмаңыз. Бірден бас тартыңыз.

«Жоқ! Қажет емес!» деп айғайлаңыз.)

6. Қорытынды. Рефлексия

Жеке қауіпсіздік ережелерін қайталау.

Мектептен шыққан жолда көшеде жалғыз қалуға болмайды.

Қараңғы түскенде сыртта ойнауға болмайды.

Бейтаныс адамды үйге кіргізуге болмайды.

Бейтаныс адаммен лифтіге бірге кіруге болмайды.

Бейтаныс адаммен бірге көлікке отыруға болмайды.

Бейтаныс адамнан сыйлық алуға болмайды.

Пайдалы сілтеме:

<https://www.youtube.com/watch?v=hftM9yB25r4&list=PLA5eCSY2FeoQLLocS-IEuEG9KjOrJzvPM&index=36>

№ 6 САБАҚ. «ЖЕЛІ АРҚЫЛЫ ТАНЫСУ ҚАУІП»

Сабақтың мақсаты: ғаламторды тиімді пайдалануға және қауіпсіз пайдаланудың негізгі ережесімен таныстыру.

Сабақ барысы

1. Ұйымдастыру кезеңі

Жағымды мотивациялық көзқарасты қалыптастыру (1-2 мин).

2. Мақсат қою. Тақырыптың анықтамасы

Бейнежазбаны тыңдау және не туралы екенін әңгімелеу

<https://www.youtube.com/watch?v=NqucKl6ozNg>

Желіні пайдалану сен үшін қауіпті болуы мүмкін бе?

Бүгін біз желідегі қауіп туралы сөйлесетін боламыз.

3. Білімді өзектендіру. Білгенді пысықтау

- Көпшілігіміз желі арқылы адамдармен жиі сөйлесеміз. Желі арқылы тілдесу не үшін ұнайды? (оқушылардың жауабы)

- Шынында да, кейде біз желі арқылы әңгімелесу кезінде өз ойымызды айтқанды ұнатамыз. Бірақ біз желіде нақты кіммен әңгімелесіп отырғанымызды білмейміз. Бұл өте қауіпті!



4. Бекіту

«Сені кім біледі?» (Ойынның сипаттамасы. Барлығы қатысады. Пайдаланушы – 1 адам, өзі туралы ақпарат берілген файлды қалдырып, шығып кетеді. Оның міндеті оралғаннан кейін қатысушылардың қайсысы ақпарат біліп алғанын анықтау. Файлда бірнеше толтырылған профилі бар парақтар салынған. Парақты қалдырып, адам файлды жіберу арқылы ақпаратты көшіріп, оны желі арқылы бөліседі. Басты кейіпкер «ақпаратты орналастырады» (профильдері бар файлды досына қалдырып, кеңседен шығып кетеді). Балалар кез келген жолмен парақтарды жеткізіп, бір-біріне файлды «жібере» бастайды. Қайтып келген кезінде пайдаланушы ақпараттың кімде екенін болжауы керек.

Қорытынды. Егер ақпарат желіге тараса, оның қай жерде екенін білу өте қиын. Оны басқару мүмкін емес.

5. Қорытынды. Рефлексия

Сөйлемді оқып, жалғастырыңыз.

Мен білгім келді...

Маған ұнады...

Мені таңғалдырды...

Маған ұнады...

Ғаламтор оқуға, демалуға немесе достарыңызбен сөйлесу үшін тамаша және пайдалы құрал бола алады. Бірақ нақты әлем сияқты ғаламтор да қауіпті болуы мүмкін!

Пайдалы сілтеме:

<https://www.youtube.com/watch?v=NqucKl6ozNg>

№ 7 САБАҚ. «СУПЕРМАРКЕТТЕ ӨНІМДЕРДІ ТАҢДАУ ЕРЕЖЕЛЕРІ»

Сабақтың мақсаты: өнім сапасына және тұтыну мәдениетіне белсенді танымдық қызығушылықты қалыптастыру.

Сабақ барысы

1. Ұйымдастыру кезеңі

Жағымды мотивациялық көзқарасты қалыптастыру (1-2 мин).

2. Мақсат қою. Тақырыптың анықтамасы

Балалардың диалогі тыңдалады.

1-оқушы: Қауіпті өнімдер бар ма?

2-оқушы: Ешқандай тағамның зияны жоқ деп ойлаймын. Өйткені, ол дүкенде сатылады! Мен үшін бәрі пайдалы, мен дәмдінің бәрін жеймін! Маған әдемі қаптамадағы кез келген тағам ұнайды және оның зияны жоқ деп ойлаймын.

3-оқушы: Менің ойымша, зиянды тағамдар бар.

4-оқушы: Кейбір тағамдық қоспалар адам денсаулығына қауіпті деп естідім. Сондықтан мен дүкендерде өнімдерді өте мұқият таңдаймын. Өйткені, менің денсаулығым мен үшін өте құнды және мен оны тәуекелге салғым келмейді.

Балалар, мына оқушылардың қандай қызықты және көзқарастары мүлде басқа екенін көріп тұрсындар. Айтындаршы, сауатты тұтынушы деген нені білдіреді?

Бүгін біз супермаркетте тағам таңдау ережелері туралы айтатын боламыз.

3. Білімді өзектендіру. Өткенді қайталау

Адам дүниеге келген сәттен бастап тұтынушыға айналады. Өмірі мен қызметіне, жұмысы мен оқуына, күнделікті өмірі мен демалысына қажетті тауарлар мен қызметтерді сатып алу арқылы әрбір адам тұтынушыға айналады.

6 жастан асқан балалар шағын тұрмыстық операцияларды өз бетінше жүзеге асыруға, мысалы, балмұздақ, шырын, тоқаш, мектеп асханасында түскі асқа төлеуге немесе киноға билет сатып алуға құқылы. Заң сатушыны, өндірушіні және орындаушыны сатып алушыны толық және сенімді ақпаратпен қамтамасыз етуге міндеттейді.

4. Бастапқы білімді игеру және түсінгенін тексеру

Педагог: Ендеше біз зерттеу нәтижелерін күтеміз. Топ өкілдері өнімдер туралы білгендерін ортаға салады. Денсаулыққа пайдалы өнімдер жасыл жәшікке, өмірі мен денсаулығына қауіпті – қызыл жәшікке салынады. Педагог шағын зерттеу нәтижелерін тыңдап, оларға түсініктеме береді.

Салауатты және қауіпсіз өнімдерді таңдау ережелерін құрастыру.

«Адасқан сөздер» ойыны

Балалар, адасқан сөздерден денсаулыққа пайдалы және қауіпсіз өнімдерді таңдау ережелерін құрастыруды ұсынамын.

1. _____ (азық-түлік сатып алғанда оның жарамдылық мерзіміне назар аударыңыз).

2. _____ (өнімдердің құрамын мұқият қараңыз).

3. _____ (әртүрлі ақпарат көздерінен өнімнің құрамдас бөліктерінің қауіпті екенін тексеріңіз).

5. Қорытынды

Рефлексия. «Салауатты өмір салты»

- Бүгін қандай қорытынды жасаймыз? (Сіз әртүрлі және қауіпсіз тағамдарды

жеуіңіз керек және оны дұрыс таңдау ережелерін білуіңіз керек!). Пайдалы өнімдері бар карточкалар «СӨС» жазбасының айналасындағы тақтаға бекітіледі, балалар сабақта жаңа және пайдалы нәрселерді білгендерін айтады.

Пайдалы сілеме:

https://youtu.be/Zm_XMz91Nj8?si=-5B0pyehY9iRgTeQ

№ 8 САБАҚ. «ЕГЕР ЖАБАЙЫ ЖАНУАРЛАРДЫ КЕЗДЕСТІРСЕМ НЕ ІСТЕЙМІН?»

Сабақтың мақсаты: оқушыларды жабайы жануарлармен кездескен кездегі мінез-құлық ережелерімен таныстыру.

Сабақ барысы

1. Ұйымдастыру кезеңі

Жағымды мотивациялық көзқарасты қалыптастыру (1-2 мин).

2. Мақсат қою. Тақырыптың анықтамасы.

- «Жабайы жануарлар».

3. Білімді өзектендіру. Өтілгенді қайталау

Жабайы жануарлар қайда тұрады? Үй жануарлары қайда тұрады?

- Өкінішке қарай, барлық үй жануарлары иелерімен бірге өмір сүрмейді, олардың көпшілігінде баспана жоқ және көшеде, далада тұруға мәжбүр. Олар жиі ашығады.

4. Білімді бастапқы игеру және түсінгенін тексеру

- Неліктен көше иттері шабуыл жасайды деп ойлайсыздар? Көше иттері өз беттерінше өмір сүреді, тамақ іздейді. Көше иттердің шабуылының ең айқын себептерінің бірі – ойнауға деген ұмтылыс. Иттер жалығады, ойнағысы келеді, әсіресе айғайлап, қол бұлғап, жүгіріп келе жатқан адам иттер үшін керемет ойыншық. Әрине, әркім осындай ойынның барлық қауіптілігіне қарамастан, жол бойында қуана-қуана жүретін иттерді кездестіреді. Өтіп бара жатқан көліктердің артынан жүгіреді. Егер адам кездейсоқ иттер жүрген аумаққа тап болса, онда жануарлар бөтен адамды қуып жіберуге тырысады. Көше иттері шабуылының тағы бір себебі – бұрынғы кек. Адамдар қанша рет таспен немесе таяқпен ұрғанын, оларды қаншалықты жиі ұрып-соғып, мазақ еткенін елестету қиын.

Есіңде болсын!

- жалғыз келе жатқанда ит алдыңнан шықса, басқа (қарама-қарсы) жаққа бұрылуға тырысыңыз, айқайламаңыз;

- ересек адамдарға қарай сабырлы түрде жақындауға тырысыңыз;

- егер кенеттен ит кішкентайларға жасырынып (жақындаса), бұл туралы ересектерге тез хабарлаңыз;

- иттерді ызаландырмаңыз.

Тыйым салынады:

- итке таяқ, бұтақ лақтыруға, қол бұлғауға; айқайлауға;

- жейтін азығын тартып алуға.

Көшеде жануарларды байқасаңыз ата-анаңызға хабарлаңыз, кеңес алыңыз немесе ветеринарлық ауруханаға хабарласып, апарыңыз.

5. Бекіту

- Сіздердің үстелдеріңізде әрқайсысында екі жартыға бөлінген қағаз парақтары бар екі бағанға жауаптарды жазып, сұраққа жауап беріңіз, өзіңіздің қазіргі және ересек болған кездегі әрекеттеріңізді жазыңыз. Көшеде қаңғыбас жануармен (мысық, ит) кездескенде не істейсіз?

6. Қорытынды. Рефлексия

Білдім. Білемін. Білгім келеді.

Пайдалы сілтеме:

<https://www.youtube.com/watch?v=9xvc5ySjiXU&list=PLA5eCSY2FeoQLLocS-IEuEG9KjOrJzvPM&index=27>

№ 9 САБАҚ. «ҮЙДЕГІ ОЙЫН: ҚАУПСІЗДІК ШАРАЛАРЫН САҚТАУ»

Сабақтың мақсаты: оқушыларды компьютерлік ойындардың зиянды салдарымен таныстыр, интернетке тәуелділік туралы түсінік беру.

Сабақ барысы

1. Ұйымдастыру кезеңі

Жағымды мотивациялық көзқарасты қалыптастыру (1-2 мин). Мақсат қою.

Тақырыптың анықтамасы.

Неліктен интернет қауіпті болуы мүмкін?

Сондықтан бүгін біз компьютерлік ойындарға тәуелділік мәселесі туралы сөйлесетін боламыз.

2. Білімді өзектендіру. Өтілгенді қайталау

Компьютер біздің өмір сүру кеңістігіміздің барлық салаларына толық енген. Бір жағынан, олар біздің жұмысымызды едәуір жеңілдетеді, бірақ көбінесе балалар компьютерлік ойындар ойнап, ойынға тәуелді болып қалады.

3. Білімді бастапқы игеру және түсінуді тексеру.

1. Компьютерлік тәуелділік – бұл адамның компьютерде уақыт өткізуге тәуелділігі.

2. Ойынға тәуелділік (кибераддикция) компьютерлік ойындарға зиянды құмарлықта көрінеді.

3. Ойындарға деген құштарлық (басқатырғыштар, реакция жылдамдығы), бала ойыннан өтуге немесе максималды ұпай жинауға қуанышты.

4. Бұл ауруға шалдыққан балалар компьютерлерінің мониторларының алдында ұзақ уақыт отырады. Олар тамақ ішуді, ұйықтауды ұмытады.

5. Баланың ойынға тәуелділігі бар екенін қалай түсінуге болады? Балалар кітап оқуды ұмытады. Олар жеке гигиена мен тұрмыстық міндеттерге қызығушылық танытпайды. Олар физикалық белсенділікті, ойындарды және ашық ауада серуендеуді ұмытады.

6. 7-8 жастағы балалардың компьютерде отыру нормасы аптасына 2-3 рет, 30-40 минут.

4. Бекіту.

Балалардың денсаулығына компьютерлік тәуелділіктің қауіптілігі: тамақты аңғармай механикалық түрде жейді; иммунитеттің әлсіреуі, яғни суық тию мен жұқпалы ауруларға бейімділік; есте сақтау, зейін қою проблемалары, нәтижесінде оқудағы қиындықтар; ұйқысыздық.

5. Қорытынды. Рефлексия

Бүгін біз компьютерлік ойындарға тәуелділік туралы сөйлестік. Мұндай тәуелділіктің салдарын есте сақтаңыздар.

Оқушылар «Оң-теріс-қызықты» кестесін толтырады.

+	-	ҚЫЗЫҚТЫ
---	---	---------



Пайдалы сілтеме: <https://youtu.be/42UvCY2PlcI?si=O9mL2qdzs5b06Q9z>

№ 10 САБАҚ. «ЖАЗҒЫ ДЕМАЛЫС КЕЗІНДЕГІ МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚ ЕРЕЖЕЛЕРІ»

Сабақтың мақсаты: жазғы демалыс кезінде оқушылардың қауіпсіз мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру.

Сабақ барысы

1. Ұйымдастыру кезеңі

Жағымды мотивациялық көзқарасты қалыптастыру (1-2 мин).

2. Мақсат қою. Тақырыптың анықтамасы.

- Жазғы демалыстың уақыты келді, онда сіздер көп уақытыңызды үйде, көшеде, құрдастарыңыздың ортасында өткізесіздер. Жазғы демалысты қалай өткізуге болады, әр оқушының балалық шағы осы бақытты кезі қауіпсіз бе? Жазғы демалыста қиыншылықтарға ұшырамау, жарақат алып қалмау үшін біз бүгін жаздағы мінез-құлық ережелері туралы сөйлесетін боламыз.

3. Білімді өзектендіру. Өткенді қайталау

Демалыста қауіпсіздікті қамтамасыз ететін бірнеше негізгі мінез-құлық ережелерін қарастырыңыздар:

Жазғы демалыс кезіндегі оқушылардың қауіпсіздік техникасы және мінез-құлық ережелері.

- Көшеде, жолдан өту кезінде абай болу керек; жол қозғалысы ережелерін сақтау.
- Орманда, өзенде серуендеу кезінде қауіпсіздік ережелерін сақтау.
- От жағуға тыйым салынады.
- Арнайы белгіленген жерлерде ғана шомылыңыз.
- Саңырауқұлақтар мен жидектерді жеуге болмайды.
- Шомылу кезінде уақыт шеңберін сақтаңыз.
- Электр құралдарына абай болыңыз, теледидарды, электр үтікті, шәйнекті және т.б. қосу және өшіру кезінде қауіпсіздік шараларын сақтаңыз.
- Теледидарды көргенде және компьютерде жұмыс істегенде уақыт режимін сақтау.
- Үй жануарларын ұстау кезінде абай болыңыз.
- Салауатты өмір салтын белсенді ұстау қажет.

3. Бекіту

4. Қорытынды. Рефлексия

Пайдалы сілтемелер:

https://www.youtube.com/watch?v=hH_WhoDXIzU&list=PLA5eCSY2FeoQLLocS-IEuEG9KjOrJzvPM&index=25

<https://www.youtube.com/watch?v=eAuWMVuaBbU&list=PLA5eCSY2FeoQLLocS-IEuEG9KjOrJzvPM&index=34>

«ЖЕКЕ ҚАУПСІЗДІК» ТАҚЫРЫБЫНДАҒЫ САБАҚТАР

3-СЫНЫП

№ 1 САБАҚ. «ШҰҒЫЛ ҚЫЗМЕТ НӨМІРЛЕРІ»

Сабақтың мақсаты: оқушыларға шұғыл қызмет нөмірлерін қолдануды үйрету.

Сабақтың барысы

1.Ұйымдастыру кезеңі.

Сәлемдесу. Жағымды мотивациялық көңіл күй орнату (1-2 мин).

2.Мақсат қою. Тақырыпты анықтау.

Постерді қарап шығындар. Сабақтың тақырыбын анықтаңдар.



Сабақтың мақсаты: адам өмірін құтқару үшін төтенше қызмет нөмірлерін есте сақтау.

«Есте сақта!»

Өрт күзеті	101
Полиция	102
Жедел жәрдем	103
Төтенше газ қызметі	104, 112
Бірыңғай құтқару қызметі	112
«111 жедел қызметі» байланыс орталығы балалар мен ересектер өздеріне көмек қажет екендігі туралы, тұрмыстық зорлық-зомбылық, балалардың құқықтарының бұзылуы туралы, баланың көшеде, үйде, көлікте жалғыз қалғаны туралы, өміріне және денсаулығына қауіп төнгенде хабарласу үшін ашылған. - «111» нөмірі – 24/7 байланыста - «111» нөмірі – құпиялылықты сақтайды - «111» нөмірі – тәулік бойы ПД және өңірлердің жедел топтарымен байланыста.	111

3.Білімді жаңғырту. Өткенді қайталау

- Төтенше қызмет нөмірлері туралы не білесіңдер? «Төтенше» деген сөздің мағынасын түсіндіріңдер.

-Адамдар бұл нөмірлерді қандай жағдайларда қолданады?

4.Негізгі бөлім. Оқу мақсатын орындау шешімдері.

Топпен жұмыс. Педагог жұппен жұмыс істеуді ұсынады.

1-оқушы – диспетчер, 2-оқушы – қиын жағдайға тап болған адам.

1-топ: өрт; 2-топ: бұзақылардың шабуылы; 3-топ: көшеде ес-түссіз жатқан адам; 4-топ: пәтердегі газ иісі; 5-топ: терең шұңқырға құлаған бала.

2 мин уақыт беріледі. Әр топ берілген тақырып бойынша дайындалып, іс-әрекеттерін, төтенше қызмет нөмірін қалай қолданғанын сынып алдында көрсетуі керек.

Әр топ жұмысы жеке тыңдалады.

5. Қорытынды. Рефлексия (2минут)

-Төтенше қызметті көмекке шақыру сендерге қиын болды ма, әлде жеңіл ме?

-Қиындыққа ұшыраған адамға көмектесу үшін ең бастысы нені білу керек?

(Сасқалақтамау, не болғанын анық, дұрыс түсіндіру, төтенше қызметке мекенжайды дұрыс айту)

Үй тапсырмасы: жедел жәрдем нөмірлері бар жадынама дайындаңыз, әдемі безендіріңіз және досыңызға беріңіз.

Пайдалы сілтеме:

<https://www.youtube.com/watch?v=fyfkEuHSilc&list=PLA5eCSY2FeoQLLocS-IEuEG9KjOrJzvPM&index=5>

№ 2 САБАҚ. «ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙ КЕЗІНДЕ ШҰҒЫЛ ҚЫЗМЕТТЕРГЕ ҚОҢЫРАУ СОҒУ СКРИПТЕРІ»

Сабақтың мақсаты: қоңырау скриптерін, шұғыл қызмет диспетчеріне телефон соғу жағдайын ұйымдастыруды үйрету.

Сабақтың барысы

1. Ұйымдастыру кезеңі.

Сәлемдесу. Жағымды мотивациялық көңіл күй орнату (1-2 мин)

2. Мақсат қою. Тақырыпты анықтау. Бейнежазбаны қарау.

- Бейнежазбадан не түсіндіңдер?

- Сабақтың тақырыбы мен мақсатын анықтайық.

Біз бүгін шұғыл қызмет өкілдерімен дұрыс сөйлесуді үйренеміз.

3. Білімді өзектендіру. Өткенді қайталау

- Өткен сынып сағатында біз төтенше қызметке телефон соғуды үйрендік.

Адам науқастанып қалса, қандай нөмірге телефон шаламыз? Бұзақыларға тап болса ше? Өртті байқаса ше? Үйде газ иісін сезгенде ше?

- Егер қобалжығаннан қажетті нөмірді ұмытып қалса, бұл жағдайда не істеу керек? Кез келген құтқару қызметін шақыру нөмірі қандай?

4. Негізгі бөлім. Оқу мақсатын орындау шешімдері (6 минут).

- Егер сен құтқару қызметтерінің нөмірлерін білсең, өзің де айналаңдағы басқа адамдарға да көмектесе аласың (Скрипт – бұл телефонмен сөйлесудің нақты скриптері, әрекет жоспары). Қызмет нөміріне хабарласып, диспетчер сұрақтарына дұрыс және нақты жауап беру керек.

Жұптық жұмыс. Үлестірме карточкамен жұмыс. Тапсырма:

Іс-қимыл жоспарын қарап шығындар. Артығын сызып, іс-әрекет реттілігін сол жағындағы торкөздерге белгіле.

Карточка үлгісі:

	Диспетчердің барлық сұрақтарына жауап беру.
	Қорқып тұрғаныңды айтып шағымдану.
	Тиісті төтенше қызмет нөмірін теру.
	Өзің және отбасың туралы әңгімелеу.
	Нақты мекенжайды атау.
	Не болғанын анық және нақты айту.
	Өзіңнің атыңды, тегіңді және телефон нөміріңді атау.

Үлгі бойынша тексеру:

5	Диспетчердің барлық сұрақтарына жауап беру.
1	Тиісті төтенше қызмет нөмірін теру.
3	Нақты мекенжайды айту.
4	Не болғанын анық және нақты айту.
2	Өзіңнің атыңды, тегіңді және телефон нөміріңді айту.

- 112 нөміріне телефон соққан адамға қандай кеңес бересің?

5. Білімді бекіту

Есте сақта!!!

Өрт күзеті	101
Полиция	102

<i>Жедел жәрдем</i>	103
<i>Төтенше газ қызметі</i>	104, 112
<i>Бірыңғай құтқару қызметі</i>	112
<p><i>«111 жедел қызметі» байланыс орталығы балалар мен ересектер өздеріне көмек қажет екендігі туралы, тұрмыстық зорлық-зомбылық, балалардың құқықтарының бұзылуы туралы, баланың көшеде, үйде, көлікте жалғыз қалғаны туралы, өміріне және денсаулығына қауіп төнгенде хабарласу үшін ашылған.</i></p> <p><i>- «111» нөмірі – 24/7 байланыста</i></p> <p><i>- «111» нөмірі – құпиялылықты сақтайды</i></p> <p><i>- «111» нөмірі – тәулік бойы ІІД және өңірлердің жедел топтарымен байланыста.</i></p>	111

6. Қорытынды. Рефлексия (2минут).

- Бүгінгі сабақтан не білдің?

- Төтенше жағдай кезінде адам өмірін құтқару неге байланысты?

Өзіңді 112 қызметінің диспетчері деп ойла. Қорқып, көмек сұраған балаға қандай сұрақтар қояр едің?

Пайдалы сілтеме:

<https://www.youtube.com/watch?v=fyfkEuHSiIc&list=PLA5eCSY2FeoQLLocS-IEuEG9KjOrJzvPM&index=5>

№ 3 САБАҚ. «НЕ ЖӨНІНДЕ ҮНДЕМЕЙ ҚАЛУҒА ЖӘНЕ АТА-АНАЛАРДАН ЖАСЫРУҒА БОЛМАЙДЫ?»

Сабақтың мақсаты: балаларды буллингке және психологиялық немесе физикалық зорлық-зомбылыққа қарсы тұруға үйрету.

Сабақтың барысы

1. Ұйымдастыру кезеңі

Сәлемдесу. Жағымды мотивациялық көңіл күй орнату (1-2 мин).

2. Мақсат қою. Тақырыпты анықтау

Бейнежазбаны қарау. Сабақ тақырыбын анықтау.

- Бейнежазбадан не білдіңдер? Не айтар едіңдер?

Сабақтың мақсаты: буллинг пен зорлық-зомбылыққа қарсы тұруға үйрету.

3. Білімді өзектендіру. Өткенді қайталау

- Г.Х.Андерсеннің «Ұсқынсыз үйрек» ертегісін еске түсірейік.

-Ертегінің қай бөлігінде буллинг пен зорлық-зомбылықты байқауға болады?

4. Негізгі бөлім. Оқу мақсатын орындау шешімдері (6 минут).

-Үйрекке неге әлімжеттік жасады?

-Үйректің қателігі неде? Оны ренжітпес үшін не істеуі керек еді?

-Балалардың бір қиындыққа тап болғанын, біреудің оларды ренжіткенін ата-аналарынан жасырған жағдай кездесті ме?

-Осы әңгімемізден қандай қорытынды шығаруға болады?

5. Бекіту.

-Әлімжеттікке ұшыраған балаға қандай кеңес айтар едің?



6. Қорытынды. Рефлексия (2 минут)

Сөйлемдерді толықтыр:

-Бүгінгі сабақтан мен..... білдім.

-Егер мен бір қиын жағдайға ұшырасам, онда мен міндетті түрде.....

-Егер мен басқалардың біреуді ренжіткенін көрсем, онда.....

«Әлімжеттікке жол жоқ!» тақырыбында сурет сал.

Пайдалы сілтеме: <https://youtu.be/AdGoe5qeIco>

№ 4 САБАҚ. «ҚАЛАЙ ӨЗ-ӨЗІНДІ ҚАУІПСІЗ ҚОРҒАУҒА БОЛАДЫ?»

Сабақтың мақсаты: оқушыларды әртүрлі өмірлік жағдайларда қауіпсіздік ережелерін сақтауға үйрету.

Сабақтың барысы

1. Ұйымдастыру кезеңі

Сәлемдесу. Жағымды мотивациялық көңіл күй орнату (1-2 мин).

2. Мақсат қою. Тақырыпты анықтау.

- Сен басқаларға жиі жақтасасың ба?

-«Өзің үшін тұру» дегенді қалай түсінесіңдер?

Сабақтың мақсаты: өз-өзінді қауіпсіз қорғауға үйрену.

3. Білімді өзектендіру. Өткенді қайталау

- Сені біреу ренжітсе, не істейсің? Оған қалай жауап бересің?

-Сені ренжіткен адамға дәл солай жауап берсең, мәселе шешіледі деп ойлайсың ба?

-Мәселені қалай шешуге болады деп ойлайсың?

4. Негізгі бөлім. Оқу мақсатын орындау шешімдері (6 минут)

-Бүгін бізге «Қалай өз-өзінді қауіпсіз қорғауға болады?» тақырыбында жоба қорғау керек.

- Қалай қорғануға болады? Сені ренжітпеу үшін не істеу керек?

- Не дұрыс: үндемей шыдау ма әлде мәселені шешу ме?

- Балалардың құқығы жөніндегі Конвенция бізге қалай көмектеседі?

- Әлімжеттікті қалай болдырмауға болады?

Тапсырма. Тақтада «Қалай өз-өзінді қауіпсіз қорғауға болады?» тақырыбымен ватман қағаз.

-Қарапайым және түсінікті 3 скрипт жазу керек. Скрипт деген не, еске түсіріңдер.

«Есте сақта!».

1. Батыл бол, ренжіткен адамның көзіне тік қара.

2. Өзінді сабырлы ұста, олардың іс-әрекеті саған ұнамайтынын және оған шыдамайтыныңды, жағдайды өзгертуге дайын екенінді ескерт.

3. Жалғыз күреспе! Міндетті түрде өзін сенетін үлкендерге айт.

5. Қорытынды. Рефлексия (2 минут)

-Бүгінгі сабақтан қандай жаңа нәрсе білдің?

-Қандай қорытынды жасауға болады?

Кейде басқалармен тіл табысу қиын болады, егер тырыссақ, біздің қолымыздан бәрі келеді!

Сені ренжіткен адаммен сенің ойыңды түсініп, ренжітуді доғаратындай 3-4 сөйлемнен тұратын диалог құрастыр.

Пайдалы сілтеме:

https://youtu.be/Br6NbzxTi6g?si=h3-PR84Bhvu7_HeY

№ 5 САБАҚ. «БЕЙТАНЫС АДАМДАРДЫҢ ҚУЛЫҒЫ»

Сабақтың мақсаты: балаларды түрлі жағдайларда бейтаныс адамдармен өзін дұрыс ұстауға үйрету.


Сабақтың барысы

1. Ұйымдастыру кезеңі

Сәлемдесу. Жағымды мотивациялық көңіл күй орнату (1-2 мин).

Мақсат қою. Тақырыпты анықтау.

-Суреттерді қарап шығып, сабақ тақырыбы мен мақсатын анықтайық.



Сабақтың мақсаты: бейтаныс адамдармен қарым-қатынас жасамау дағдыларын қалыптастыру.

Білімді өзектендіру. Өткенді қайталау

- Сен көшеде бейтаныс адамдармен сөйлескен жағдайлар болды ма? Бұл жағдай қалай болды?

- Неге ата-аналар мен педагогтер балаларға көшедегі бейтаныс адамдармен сөйлесуге, қарым-қатынас жасауға тыйым салады?

Негізгі бөлім. Оқу мақсатын орындау шешімдері (6 минут).

Топтық жұмыс. Әр топ түрлі жағдаяттар жазылған карточкаларды алып, сахналап көрсетеді. Дайындыққа 2 минут беріледі.

1-топ. Бейтаныс адам өзін баланың анасының танысымын деп, баланы өзімен бірге баруға көндіргісі келеді. Мысалы, «Менімен бірге дүкенге барасың ба, мен саған кәмпит сатып әперемін», «Менің үйімде тотықұс бар, сенімен достасқысы келеді».

2-топ. Сымбатты жас жігіт баланы өзінің жаңа машинасына отыруға шақырады: «Отыр! Үйдің жанында машинамен жүреміз. Рульге отырғың келе ме? Біз шамалы серуендейміз. Тіпті анаң да білмей қалады».

Жауап беру үлгісі:

«Рақмет, мен асығыспын!», «Кешіріңіз, мені анам күтіп отыр», «Бізде де дәл осындай машина бар», «Мен сізбен сөйлескім келмейді!».

3-топ. Бейтаныс адам пәтердің қоңырауын соғады. Жеделхат әкелгенін айтады. Балалар үйде жалғыз болады. Балалардың жауаптары: «Қазір мен анамды

шақырамын (көршісіне телефон соғады), «Анам ваннада, кішкене күте тұрыңыз».

4-топ: Бала гипермаркетте адасып қалады. Ол не істеуі керек?

Жүгіріп анасын іздейді.

Адасқан жерінде тұрады.

Полиция қызметкеріне көмекке жүгінеді.

«Сенің анаңды жаңа ғана көрдім, жылап, сені іздеп жүр» деген бейтаныс адамға еріп кетеді.

Қасында өтіп бара жатқан адамнан жақын жердегі полиция бөлімшесіне апаруды өтінеді.

Сатушыдан көмек сұрайды.

Қасынан өтіп бара жатқан адамнан полиция бөлімшесіне телефон соғып, оның адасып қалғанын және қай жерде екенін хабарлауды өтінеді.

Жағдаяттар қарастырылып, талқыланып, дұрыс шешімі таңдалады.

3. Қорытынды. Рефлексия (2минут).

-Бүгінгі сабақтан қандай маңызды нәрсені түсіндіңдер?

Үйде өз іні-қарындастарыңа бейтаныс адамдармен сөйлесу тәртібін түсіндіріңдер.

Пайдалы сілтеме:

<https://www.youtube.com/watch?v=hftM9yB25r4&list=PLA5eCSY2FeoQLLocS-IEuEG9KjOrJzvPM&index=36>

№ 6 САБАҚ. «ВИРТУАЛДЫ ДОСТАРДАН БОЛАТЫН ҚАУШТЕН ҚАЛАЙ САҚТАНУҒА БОЛАДЫ?»

Сабақтың мақсаты: балаларды әлеуметтік желілердегі қауіпсіздікке үйрету.

Сабақтың барысы

1. Ұйымдастыру кезеңі

Сәлемдесу. Жағымды мотивациялық көңіл күй орнату.

Мақсат қою. Тақырыпты анықтау.

-Қазір мен сендерге түрлі сөздер мен атауларды айтамын.

-Қандай сөздер мен атаулар сендерге таныс? Осы ойындар туралы не білесіздер?

(«Көк кит», «Тыныш үй», «Мені 4.20-да оятыңыз», «Құс жолы», «Киттер теңізі», U19, F57, «Жүгіру немесе өзіне өзі қол жұмсау», «Киттер жоғары қарай жүзеді»).

-Бұл әлеуметтік желідегі, кіруге тыйым салынатын ойындар.

Сабақтың мақсаты: әлеуметтік желілердегі қауіптен сақтануды үйрену.

Білімді өзектендіру. Өткенді қайталау

-Сендер ғаламторда қанша уақыт өткізесіңдер? Онда сендер немен айналысасыңдар? Қандай ойындар ойнайсыңдар?

- Ғаламтор сонымен, балаларға пайдалы ма, әлде зиян ба? Неліктен?

2. Негізгі бөлім. Оқу мақсатын орындау шешімдері.

-Ғаламтордан балаларға қандай қауіп төнуі мүмкін?

-Жалған виртуалды достардың қулығына алданып қалмас үшін нені білу керек?

3. Қорытынды. Рефлексия (2 минут).

Кестені толтырыңдар

Білемін	Білгім келеді	Үйрендім

«Виртуалды қауіптер» тақырыбына пиктограмма құрастыр.

Пайдалы сілтеме:

<https://www.youtube.com/watch?v=dzFeWkUBOak&list=PLA5eCSY2FeoQLLoeS-IEuEG9KjOrJzvPM&index=10>

№ 7 САБАҚ. «КҮДІКТІ ЗАТТАР АНЫҚТАЛҒАНДА ЖАСАЛАТЫН 5 БЕС ҚАДАМ»

Сабақтың мақсаты: балаларды анықталған күдікті заттардан сақ болуға үйрету.

Сабақтың барысы

1. Ұйымдастыру кезеңі

Сәлемдесу. Жағымды мотивациялық көңіл күй орнату (1-2 мин).

2. Мақсат қою. Тақырыпты анықтау.

- Суреттерді қарап шығындар. Сабақ тақырыбын анықтандар.



- Суреттерден не көріп отырсындар? Не айтар едіңдер?

Сабақтың мақсаты: бүгінгі сабақтан біз күдікті заттарды анықтаған кезде не істеу керек екені жөнінде білеміз.

3. Білімді өзектендіру. Өткенді қайталау

-Көшеде, автобуста, супермаркеттерде қандай да бір сөмке, пакет, қораптарды тауып алған кездерің болды ма?

-Оларды тауып алғанда сендер не істедіңдер?

-Мұндай заттар адам өміріне қауіпті болуы мүмкін бе? Қандай жағдайларда қауіпті болуы мүмкін?

4. Негізгі бөлім. Оқу мақсатын орындау шешімдері (6 минут)

-Төмендегі мәліметпен танысындар.

Күдікті заттар анықталғанда жасалатын 5 қадам.

Қоғамдық көлікте. Егер сіз қоғамдық көлік ішінде ұмыт қалдырылған немесе иесіз затты тауып алсаңыз:

1) Айналаңыздағы адамдардан сұрап көріңіз. Бұл заттың кімдікі екенін анықтауға тырысып көріңіз.

2) Егер заттың иесі анықталмаса, бұл зат туралы жүргізушіге айтыңыз.

Тұрғын үйдің кіре берісінде. Егер үйіңіздің кіреберісінен белгісіз зат тауып алсаңыз:

1) Көршілерден сұраңыз, бұл зат соларға тиесілі болуы мүмкін.

2) Егер заттың иесі анықталмаса, дереу құзырлы орындарға хабар беріңіз.

Мекемелерде. Егер сіз мекемеден белгісіз зат тауып алсаңыз:

1) Дереву анықталған зат жөнінде мекеме әкімшілігіне немесе мекеме күзетшісіне хабарлаңыз.

- 2) Белгісіз заттың табылған уақыты мен орнын жазып алыңыз.
- 3) Адамдардың күдікті заттан мүмкіндігінше алыс кетуін қадағалаңыз.
- 4) Құзырлы орын өкілдерінің келуін күтіңіз, күдікті заттың орналасқан жерін көрсетіңіз, анықталған уақытын хабарлаңыз.
- 5) Үрейленбеңіз. Жарылыс қаупінің мүмкіндігі жөнінде тек білуге тиісті адамдарға ғана хабарлаңыз.

5. Бекіту

Жұптық жұмыс. Күдікті затты анықтаған жағдайда не істеу керектігі жөнінде қасындағы оқушыға әңгімеле.

6. Қорытынды. Рефлексия. (2минут)

Күдікті зат – бұл.....

Күдікті зат анықталған кезде қандай нөмірлерге телефон шалу қажет?

Телефон жоқ болса, не істеу керек?

Күдікті затты ұстауға, ішін ашып қарауға бола ма? Неге?

Күдікті затты тауып алғанда не істеу керек екенін ата-аналарыңа әңгімелендер.

Пайдалы сілтеме:

<https://www.youtube.com/watch?v=CIucCpDxhZA&list=PLA5eCSY2FeoQLLocS-IEuEG9KjOrJzvPM>

№ 8 САБАҚ. «АТА-АНАЛАРДЫҢ БАҚЫЛАУЫ» БАҒДАРЛАМАСЫ – БАЛАЛАРҒА АРНАЛҒАН ЖЕҢІЛДІКТЕР»

Сабақтың мақсаты: балаларды ата-аналарын құрметтеуге және олардың қамқорлығын бағалауға үйрету.

Сабақтың барысы

1. Ұйымдастыру кезеңі

Сәлемдесу. Жағымды мотивациялық көңіл күй орнату (1-2 мин).

2. Мақсат қою. Тақырыпты анықтау.

-Бүгін сендер сабақ тақырыбын анықтамайсыңдар, сабақ мақсатын мен өзім қоятын боламын.

3. Білімді өзектендіру. Өткенді қайталау

-Неге балаларға кішкентай кезінде ата-аналары өте маңызды болады?

-Неге балаларға ата-аналардың нұсқаулары мен тәлімдері көбінесе ұнамайды?

4. Негізгі бөлім. Оқу мақсатын орындау шешімдері.

Біз бүгінгі сабақта «Баланың бас ұстазы ата-ана» тақырыбына дебат өткіземіз.

Сыныпты екі командаға бөлеміз. «Ар-намыс» және «Әділдік» командалары. Әр команда өзінің көзқарасын түрлі аргументтер мен фактілер келтіре отырып қорғайды. Әділ қазылар алдында, әр команда өз пікірін жақтап сөйлейді. Әділ қазылар тобын сыныптан 3 оқушы сайлайды.

Дебат соңында «Ар-намыс» командасы жеңіске жетеді. Егер «Әділдік» тобының спикерлерінің дәлелдері көбірек болса, педагог дебат барысын қажетті арнаға қарай бағыттайды.

5. Бекіту

- Мен бастаймын, сендер жалғастырасыңдар. Әр оқушы бір етістік айтуы керек.

- «Ата-аналар бақылауы» бағдарламасы бақылайды, құтқарады, көмектеседі, қорғайды, қауіпсіздікті қамтамасыз етеді, күш береді, сенімділік қалыптастырады, т.с.с.

6. Қорытынды. Рефлексия (2 минут)

- Бүгінгі сабақтан не үйрендіңдер?

- Бұл жөнінде сендер бұрын білдіңдер ме?

- Алған білімдеріңнен кейін сендердің болашақтағы іс-әрекеттерің қандай болады?

- Ұялы телефонға «Ата-ананың бақылауы» бағдарламасын орнату.

Пайдалы сілтеме:

<https://youtu.be/QO-rBfC4lcY?si=X7m7VlXa6f3fRjfG>

№ 9 САБАҚ. «ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛДЕГІ ҚАУІПТІ ОЙЫНДАР»

Сабақтың мақсаты: балаларға ғаламтордан қауіпсіз ойындарды таңдауды үйрету.

Сабақтың барысы

1. Ұйымдастыру кезеңі

Сәлемдесу. Жағымды мотивациялық көңіл күй орнату (1-2 мин).

2. Мақсат қою. Тақырыпты анықтау.

- Неге біз түрлі қауіп-қатерлер туралы оқып үйренеміз?

- Адам өмірі мен денсаулығы – ең қымбат нәрсе. Сенің денің сау болса, бақытты өмір сүруге мүмкіндігің мол.

3. Білімді өзектендіру. Өткенді қайталау

- Әлеуметтік желідегі адам өмірі мен денсаулығына қауіпті қандай ойындарды білесіңдер?

- Олар неліктен қауіпті?

- Неге балалар осындай ойындарды ойнайды?

4. Негізгі бөлім. Оқу мақсатын орындау шешімдері (6 минут)

- Бүгін мен сендерге ғаламтордағы қауіпті ойындар туралы айтқым келеді.

Сендерді дені сау, бақытты өмір сүру үшін бұл ойындардан аулақ болуға шақырамын.

Педагог ұсынған мәліметтермен танысу

1. Қайғылы жағдайға әкелетін ойындармен ойнаудың қауіптілігін балалар көбінесе түсінбейді. Олар өздерінің «мықтылығын», «батылдығын» дәлелдеу үшін ойнаймын деп ойлайды.

2. «Тұз немесе мұз», «Соль или лед». Қолына тұз сеуіп, мұзбен жабады. Тұз теріні коррозияға ұшыратады. Олар оған кім ұзақ шыдай алатынын көру үшін ойнайды.

3. «Ересекше өртеу», «Зажечь не по-детски». Бұл қорқынышты ойын АҚШ пен Еуропадан басталып, бізге де жетті. Жасөспірімдер өздерін, киімдерін немесе әлсіз, кіші баланы өртеп жібереді.

4. «Бір күнге жоғалып кет», «Исчезни на сутки». Жасөспірімдер, әдетте, әлеуметтік желілерде, бірақ кейде бетпе-бет келіп, 24 сағат бойы ешкімге ескертпестен, өздерімен тамақ алмастан үйден кету.

5. Бекіту

- Бүгінгі сабақтан не білдіңдер?

- Не айтар едіңдер?

- Қандай қорытынды шығарамыз?

6. Қорытынды

Егер сіз өзіңізді ерік-жігер, батылдық және т.б. сынағыңыз келсе, спорт секцияларына жазылуыңыз керек. Бұл нағыз жаттықтырушылар мен шынайы дос табатын өте қызықты секциялар, бұл денсаулыққа пайда әкеледі.

Рефлексия (2 минут)

Ғаламтордағы қауіпті ойындар мен олармен қалай күресуге болатыны туралы досыңа әңгімелеп бер.

Пайдалы сілтеме:

<https://www.youtube.com/watch?v=u3PvSbPiNvo&list=PLA5eCSY2FeoQLLocS-IEuEG9KjOrJzvPM&index=8>

№ 10 САБАҚ. «ТАБИҒАТ АЯСЫНДАҒЫ ҚАУІПСІЗДІК ЕРЕЖЕЛЕРІ»

Сабақтың мақсаты: балаларға табиғат аясындағы қауіпсіздік ережелерін үйрету.

Сабақтың барысы

1. Ұйымдастыру кезеңі

Сәлемдесу. Жағымды мотивациялық көңіл күй орнату (1-2 мин).

2. Мақсат қою. Тақырыпты анықтау

Сабақтың мақсаты: табиғат аясында демалу қауіпсіздігін үйрену.

3. Білімді өзектендіру. Өткенді қайталау

-Неге «табиғатпен ойнауға болмайды» деп айтады?

-Табиғат аясында, теңіз жағасында немесе орманда демалыс кезінде болған келеңсіз оқиға туралы айта аласың ба?

4. Негізгі бөлім. Оқу мақсатын орындау шешімдері (6 минут)

- Бүгін біз табиғат аясындағы қауіпсіздік ережелерін үйренетін боламыз.

- Табиғат аясында демалудың түрлерін атаңдар (теңіз жағалауында демалу, орманда, тауда, шөлді жерде, далада).

- Су қоймаларында(орманда, тауда) демалғанда қандай қауіп-қатерлер болуы мүмкін?

Топтық жұмыс. Постерлерді қарап шығып, демалыс кезінде өзінді қалай қорғауға болатыны жөнінде әңгімелеңдер.



5. Бекіту

Әр топ өзінің постері бойынша табиғат аясындағы қауіпсіздік ережелері туралы әңгімелейді.

6. Қорытынды. Рефлексия (2 минут)

Мен білемін.

Мен түсіндім.

Табиғат аясында қауіпсіздік ережелерін сақтай отырып, мен қорғаймын.

Пайдалы сілтеме: <https://youtu.be/fqSa28dI6KM>

«ЖЕКЕ ҚАУПСІЗДІК» ТАҚЫРЫБЫНДАҒЫ САБАҚТАР

4-СЫНЫП

№ 1 САБАҚ. «ШҰҒЫЛ ҚЫЗМЕТ НӨМІРЛЕРІ»

Сабақтың мақсаты: арнаулы қызмет туралы білімдерін кеңейту. Қажет болған жағдайда алғашқы көмек көрсету әрекетін үйрету.

Сабақ барысы

Ұйымдастыру кезеңі

Сәлемдесу. Жағымды мотивациялық көңіл күй орнату (1-2 мин).

Мақсат қою. Тақырыпты анықтау

- Өмірде кездейсоқ жағдайлар болып тұрады. Ол күтпеген жерден келеді. Оған дайын болмасаң, не істеу керектігін білмесең, үлкен қасіретке соқтыруы мүмкін. ТЖ – төтенше жағдай, бұл тіркесті қалай түсінесіңдер? (Балалардың жауабы: өрт, газдың атылуы, төбелес, ұрылар, жарақат алу т.б.).

- Әр жағдайда қандай әрекет жасау керек?

Адамға көмекке көрсету. Сол әрекетті зиян тигізбей қалай дұрыс жасау керек? Құтқару қызметі жұмыс істейді. Зардап шеккен адамдарға көмек көрсету керек.

- Кім тапты, ол қандай қызмет? Құтқару қызметінің машиналары қандай болады?

3. Білімді өзектендіру. Өткенді қайталау

Суреттерден «Құтқару қызметінің түрін анықта, құтқару қызметінің нөмірлерін айт».



- Ортақ құтқару қызметінің нөмірін айт.

— **«Есте сақта!»**

Өрт күзеті	101
Полиция	102
Жедел жәрдем	103
Төтенше газ қызметі	104, 112
Бірыңғай құтқару қызметі	112
«111 жедел қызметі» байланыс орталығы балалар мен ересектер өздеріне көмек қажет екендігі туралы, тұрмыстық зорлық-зомбылық, балалардың құқықтарының бұзылуы туралы, баланың көшеде, үйде, көлікте жалғыз қалғаны туралы, өміріне және денсаулығына қауіп төнгенде хабарласу үшін ашылған.	111
- «111» нөмірі – 24/7 байланыста	
- «111» нөмірі – құпиялылықты сақтайды	
- «111» нөмірі – тәулік бойы ІІД және өңірлердің жедел топтарымен байланыста.	

Кез келген қауіпті жағдайдан құтқаратын ортақ телефон нөмірі – 111. Бұл

нөмірге хабарласу арқылы барлық қауіпті жағдай бойынша көмек ала аласыз. Төтенше жағдай кезінде бастысы, сабыр сақтап, диспетчерге болған жағдайды дұрыстап түсінікті жеткізу қажет.

4. Негізгі бөлім

- Өмірде жалғыздан-жалғыз қиын жағдайда қалып қоятын кездерде барлығын өзің жеңіп шығуың керек болады. Егер сен құтқару қызметтерінің нөмірлерін білсең, өзіңе де айналаңдағы басқа адамдарға да көмектесе аласың.

Ендеше нөмірлерді жазып ал!

Жағдаяттарды талқылау. Үйде сен бір өзіңсің. Кенет түтіннің иісін сездің. Келесі бөлмеге барсаң, өрт шығып жатыр. Сенің әрекетің.....

Спорттық алаңда балалар ойнап жүр. Араларында ересек адам жоқ. Ұлдардың біреуі құлап қалды. Ол қатты айқайлап жылап тұр. Баланың ауруы қатты ұлғая бастады. Сенің әрекетіңіз...

Сен мектептен үйге келдің. Ата-анаң жұмыста, қарындасың балабақшада. Ал үйден жағымсыз иіс шығып тұр. Газдың иісіне ұқсайды, сен не істейсің ...

Үйде жалғыз қалдың, сенің ішің пысып кетті. Сен қалжыңмен өрт қызметіне телефон соғып, көрші үйде өрт болып жатқандығын хабарладың. Терезеге жақындап өрт қызметінің машинасын күтіп тұрсың. Осы оқиғаны аяқта

5. Бекіту. Өзіндік жұмыс

Тапсырманы орында. Суреттің астына мына құралдар қай құтқару қызметіне қажет болатынын жаз:



6. Қорытынды. Рефлексия:

Мен білемін ...

Мен ешқашан жасамаймын ...

Мен енді әр уақытта біліп жүремін ...

Пайдалы сілтеме:

<https://www.youtube.com/watch?v=fyfkEuHSilc&list=PLA5eCSY2FeoQLLocS-IEuEG9KjOrJzvPM&index=5>

№ 2 САБАҚ. «ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙ ОРЫН АЛҒАН КЕЗДЕ ТӨТЕНШЕ ҚЫЗМЕТКЕ ҚОҢЫРАУ СОҒУ СКРИПТЕРІ»

Сабақтың мақсаты: төтенше қызметі туралы білімдерін кеңейту және қажет болған жағдайда арнаулы қызметке шақыру әрекетін үйрету.

Сабақ барысы

1. Ұйымдастыру кезеңі

Сәлемдесу. Жағымды мотивациялық көңіл күй орнату (1-2 мин).

2. Мақсат қою. Тақырыпты анықтау

- Бүгінгі сабақты тест сұрақтарынан бастаймыз.

Қызмет телефоны нөмірлерінің дұрыс ретін анықта: «Газ қызметі», «Жедел жәрдем», «Өрт қызметі», «Полиция»:

А) 104, 103, 101, 102, 111

В) 104, 101, 103, 102, 111

Б) 101, 103, 104, 102, 111

Г) 104, 103, 102, 101, 111

3. Білімді өзектендіру. Өткенді қайталау

Төтенше жағдай кезінде шұғыл қызметті қалай дұрыс шақыру керектігін, телефон болмаса көмектесе алатын адамды табуды, қиындық туған жағдайды өзін қалай ұстау керектігі туралы білеміз.

«Есте сақта!»

Өрт күзеті	101
Полиция	102
Жедел жәрдем	103
Төтенше газ қызметі	104, 112
Бірыңғай құтқару қызметі	112
«111 жедел қызметі» байланыс орталығы балалар мен ересектер өздеріне көмек қажет екендігі туралы, тұрмыстық зорлық-зомбылық, балалардың құқықтарының бұзылуы туралы, баланың көшеде, үйде, көлікте жалғыз қалғаны туралы, өміріне және денсаулығына қауіп төнгенде хабарласу үшін ашылған. - «111» нөмірі – 24/7 байланыста - «111» нөмірі – құпиялылықты сақтайды - «111» нөмірі – тәулік бойы ІД және өңірлердің жедел топтарымен байланыста.	111

4. Негізгі бөлім.

Жалғыздан-жалғыз қиын жағдайда қалып қоятын кездерде, барлығын өзін жеңіп шығуың керек болады. Егер сен құтқару қызметтерінің нөмірлерін білсең, өзіңе де айналаңдағы басқа адамдарға да көмектес. Скрипт – бұл телефонмен сөйлесудің нақты скриптері, әрекет жоспары.

Қызмет нөміріне хабарласып, диспетчер сұрақтарына дұрыс және нақты жауап беру керек.

«Әрекет жоспарын құр. Скрипт» ойыны. Топтық жұмыс

- Диспетчерге берілетін жауап алгоритмін анықтап алыңыз жәнелікіріңізді дәлелдеңіз. (Балалар әрекет ету карталарын алып, оны ретімен орналастырады).

Әрекет ретін анықтаңыз:

1	Диспетчердің барлық сұрақтарына жауап беру.
2	Болған жағдайды нақты айту.
3	Тиісті құтқару қызметінің нөмірін теру.
4	Өзіңнің тегінді, атыңды, телефон нөміріңді айту.
5	Мекенжайыңды нақты айту.

5.Бекіту. Өзіндік жұмыс

- Көмекші сөздерді пайдаланып сөйлемді толықтыр.

1. Өз _____ сақта.
 2. Өз _____ мен тәжірибеңді толықтыр.
 3. Қателіктеріңнен _____ шығар.
 4. Зейініңді, _____ және зеректігіңді дамыту керек.
 5. _____ орында және _____ сақта.
- Тірек сөздер: қорытынды, қауіпсіздік, қауіпсіздік ережесі, байқағыштығың, білімі, нұсқаулық.

6. Қорытынды. Рефлексия

Құтқару қызметтерінің нөмірлері жазылған карточкалар беріледі. Менің тапсырмама лайықты карточканы көтеріңіздер:

Өртен қорғау үшін сіздер осы нөмірге _____ хабарласыңдар.

Егер жағдайды шешуге полиция араласу керек болса

Егер жағдайды шешуге жедел жәрдем қызметі араласу керек болса

Егер жағдайды шешуге авариялық газ қызметі араласу керек болса

Егер жағдайды шешуге бірыңғай құтқару қызметі араласу керек болса

Пайдалы сілтеме:

<https://www.youtube.com/watch?v=fyfkEuHSilc&list=PLA5eCSY2FeoQLLocS-IEuEG9KjOrJzvPM&index=5>

№ 3 САБАҚ. «КҰПИЯ СӨЗ – СІЗДІҢ ОТБАСЫЛЫҚ ПАРОЛҢИЗ»

Сабақтың мақсаты: үйде және көшеде кездесетін қауіпті жағдайлар туралы түсінік қалыптастыру, осы жағдайда қалай әрекет жасау керектігін үйрету.

Сабақ барысы

1. Ұйымдастыру. Тақырыпты анықтау

Бүгінгі сабақта біз үйде және көшеде өзімізді қалай ұстау керек ережелері туралы айтамыз .

Мақсат қою. Тақырыпты айқындау

Біз өмір сүріп жатқан әлем өте қызықты. Ол ғажайыптарға толы. Күн сайын әртүрлі кездейсоқ оқиғаларға тап боламыз. Өмір күтпеген оқиғаларға толы. Олар жағымды да және жағымсыз да болады. Күтпеген жерден біздің өмірімізге қауіп тудыратын жағдайлар да кездеседі. Қайғылы оқиғаны болдырмау үшін жағдайды тез түсініп, дұрыс шешім қабылдай білуіміз қажет.

Білімді өзектендіру. Өтілгенді қайталау

- Үйде қандай қауіптер бар? (Балалар үйде оларға не қауіп төндіретінін тізімдейді)

- Ал бізді көшеде қандай қауіптер күтіп тұр? (Балалардың жауаптары)

2. Негізгі бөлім

- Үйде бізге қандай қауіп төнуі мүмкін?

(Балалар қорқыныш тудыратын жағдайларды айтады).

- Ал көшеде қандай қауіп төнуі мүмкін? (Балалардың жауаптары)

- Қауіп төндіретін адамдарды қалай атайды? (Қылмыскерлер, алаяқтар).

- Сондай адамдар қандай қауіп төндіруі мүмкін (Балалар жауап береді).

- Өте дұрыс, олар адам өлтіруі балаларды ұрлап кетуі үйді тонауы т.б.

көптеген жағдайларды жасауы мүмкін. Осындай жамандықтан құтылу үшін мына ережелерді есте сақтаңыздар: Бүгінгі сабақта біз осылар туралы біліп алайық!

1-ереже. Есікті танымайтын адам түртсе не қоңырау соқса, ашуға бола ма?

(Балалардың жауаптары: Жоқ, ашуға болмайды, анамызға, не әкемізге қоңырау соғып хабарласу керек, полицияға да хабарлауға болады).

Ешкімге есікті ашуға болмайды! Себебі қылмыскер киімді ауыстырып киіп алуы мүмкін.

- Ал қылмыскер есікті бұзғысы келсе, не істейміз ? (Балалардың жауабы: ата-анамызға қоңырау соғамыз).

- Телефон жоқ болса ше? (Балалардың жауаптары)

- Дұрыс, балконнан немесе терезеден қатты айқайлап көмекке шақырамыз.

«Телефонмен сөйлесу» ойыны:

- Сәлеметсіз бе! Мен қайда түстім?

- ...

- Бұл кімнің пәтері?

- ...

- Сенің есімің кім?

- ...

- Әке-шешен үйде ме?

- ...

- Сен үйде жалғыз отырсың ба?

- ...

- Танымайтын адамның барлық сұрақтарына «Жоқ» деп жауап беріңіздер. «Ата-анаң үйде ме» деген сұраққа «Үйде, бірақ олардың қолдары бос емес, телефонға жауап бере алмайды» деп жауап қайтарыңыз.

2-ереже. Сен көшеде ойнап жүргенде күтпеген жерден бейтаныс адам машинасына мінгізіп аралатып келуді ұсынды. Сен қалай жауап бересің? (Еш уақытта келіспеймін. Бейтаныс адамның көлігіне мінуге болмайды).

- Жарайсыздар. Өте дұрыс жауап бердіңіздер.

3-ереже. Сабақтан соң мектептен шығасың. Саған бейтаныс кісі келіп анаңның досымын дейді. Анаңның телефон қуаттағышы отырып қалғанын, сені мектептен алып кетуімді өтінді деп, жылы лебізін білдіреді. Сен не істер едің?

- Күмәнді адаммен кездесіп қалсаң, не істеу керек?

- Күпия сөз деген не?

- Ата-аналарыңмен бірге бір сөз ойлап табыңыздар – ол сөзді тек сендер, яғни ата-анаң мен өзің ғана білулерің керек. Қауіп төнгенде бұл сөз сіздің өміріңізді сақтап қалуы, жағымсыз байланыстан құтқаруы мүмкін. Міндетті түрде бір сөзден емес, тұтас сөйлем болса да жақсы.

- Сіз қонаққа бардыңыз. Сізге қауіпті жағдай төніп тұр. Бұл жағдайда анаңыз алып кетуі үшін күпия сөз жазасыз немесе айтасыз. Күпия сөз смайл түрінде болуы да мүмкін. Анаңыз түсініп, сізді алып кете қояды.

4-ереже. Еш уақытта бейтаныс адамның көлігіне отырма, барайық деген жеріне барушы болма, бейтаныс адамды өзіңе 2 метрден жақын жолатпа, егер ол жақындайтын болса, айғайлап, көмекке шақыр, күпия сөзді айтуын сұра.

Білімді тексеру.

- Ребусты шешіп, бүгінгі сабаққа қатысты тірек сөзді табыңыздар. Біздің тақырыбымызға сәйкестігін дәлелдеңіздер.

» » » »

»»»»»»



(Күпия сөз)

3. Бекіту. Өзіндік жұмыс

- Алдарыңыздағы қағазда сөйлемдер берілген, тиісті жерінде болымды етістіктерді, болымсыз етістікке айналдырып жазыңыздар.

1. Бейтаныс адамдардың машинасына отыруға болады... _____
2. Танитын адамдармен амандас... _____
3. Көшеде бейтаныс адаммен сөйлес.. _____
4. Күмәнді жағдайды сезгенде күпия сөзді айтуын сұра... _____
5. Танымайтын қонаққа есік аш... _____

4. Қорытынды. Рефлексия

Пайдалы сілтеме:

<https://youtu.be/8rz3wsHhc0Y?si=rP-qFZQQiq3UWV8Z>

№ 4 САБАҚ. «КӨШЕДЕ ҚАҢҒЫБАС ИТТІ КЕЗДЕСТІРУ»

Сабақтың мақсаты: көше ит кездескен жағдайда қалай әрекет жасау керектігін үйрету.

Сабақ барысы

Ұйымдастыру кезеңі

Сәлемдесу. Жағымды мотивациялық көңіл күй орнату (1-2 мин).

Мақсат қою. Тақырыпты анықтау.

-Жұмбақты шешіп сабақта не туралы айтылатынын анықтайды.

Білімді жаңғырту. Өткенді қайталау

<https://www.youtube.com/watch?v=GggchmwkYFs>

Ит – адамның жақын досы. Олар иесіне өте адал қызмет етеді.

Балаларды жақсы көреді. Шаруашылыққа көмектеседі – малды, үйді күзетеді. Өздеріңіз видеодан көргендей, олардың жақсы қасиеттері көп. Алайда, өкінішке қарай, адам өміріне қауіп төндіретін кездері де болады.

Балалар, суретке қараңыздаршы, бұл иттердің біз әңгімелеген иттерден қандай айырмашылығы бар?



Балалардың жауабы. (Көше иттері)

Сабақтың негізгі бөлімі

- Иттер асыранды және тастанды болады. Адамдар итті асырап алады, күтіп баптайды, тамақтандырады, ойнатады. Күндердің бір күнінде одан жалығып, оны бостандыққа, орманға апарып тастайды. Ал ит болса, өздігінен қорек таба алмай, ашығып, ызаланады. Содан өзі сияқты иттерге қосылып, үйірленіп жүреді. Олар аш, әрі ызалы болады. Көше иттері аса қауіпті.

- Есте сақта! Тіпті ең момын жақсы иттің өзі қауіпті.

Ал енді ойлаңыздаршы, көшедегі итті үйдің асыранды итінен қалай ажыратуға болады? (Балалардың жауабы)

Асыранды иттің күтімі бар, тамағы тоқ болады.

Соңғы кезде көше иттер көбейіп кетті. Оған кім кінәлі деп ойлайсыздар? (Балалардың жауаптары)

Топтық жұмыс. «Пікірлер себеті»

- «Ит шабуыл жасағанда не істеу керек? Ит тістеп алса не істеу керек?» деген сұрақтарға жауап бер.

«ЕСТЕ САҚТА!»

Ит (тістеп) алса не істеу керек?

1. Қауып алған (тістеген) жерді сабындап жуу.
2. Қанап жатса, бинт не таза сүлгімен матап тастау.
3. Ең дұрысы жедел жәрдем шақырту, емханаға бару.
4. Құтыруға қарсы иттің екпе алған-алмағаны туралы білу үшін иттің иесін тауып алу. Егер иесі табылмаған жағдайда құтыруға қарсы екпе курсына алу.

Бекіту. Өзіндік жұмыс

Қорытынды. Рефлексия

Сөйлемді толықтыр: «Бүгін мен сабақта.....білдім».

«Менің қуанғаным.....».

ЕСТЕ САҚТА!

Ызалы иттен қашуға болмайды.
Қатты айқайлауға болмайды.

Ызаланған итке арқанды беруге болмайды. Шұғыл, тез қимылдауға болмайды.
Көшедегі итті тамақтандыруға болмайды. Көшедегі итті үйге әкелуге болмайды.
Көшедегі итке асырап алатын адамды іздеуге болмайды, себебі ол бостандыққа үйреніп кеткен.
Көше итті қолмен ұстауға болмайды.

Пайдалы сілтеме: <https://www.youtube.com/watch?v=GggchmwkYFs>

№ 5 САБАҚ. «БЕЙТАНЫС АДАМҒА КӨМЕК КӨРСЕТУГЕ БОЛА МА?»

Сабақтың мақсаты: бейтаныс адаммен байланыс кезіндегі қауіпсіздік дағдыларын қалыптастыру.

Сабақ барысы

1. Ұйымдастыру кезеңі

Сәлемдесу. Жағымды мотивациялық көңіл күй орнату (1-2 мин).

2. Мақсат қою. Тақырыпты анықтау.

-Тақтаға мұқият қарайық! Бірінші жолдағы сөздің әр үшінші тұрған әрпінен, ал екінші жолдағы сөздің әр екінші әрпінен жаңа сөздер құрастырайық!

АСБЖҒЕДУЙӘКТГВАШОНҚҰЫЛУС

АҚСАДУРІНПАТКІ

Сабақ тақырыбын анықтайық! Бейтаныс адамнан төнетін қауіп.

3. Білімді өзектендіру. Өткенді қайталау

4. Сабақтың негізгі бөлімі

- Қандай үлкен адамдардан қауіп төнуі мүмкін?

- Жағымды түрі, әдемі киімі, жылы жүзіне қарап оны тек жақсы адам деп тануға бола ма?

Топтық жұмыс. Әр топқа тапсырма беріледі.

Егер бейтаныс адам сені үйіне ойнай тұруға шақырса, не істеу керек? Достарыңды да шақыру, ақырындап қарсылық білдіру, бұл туралы ата-анаңа айту. Шамалы уақытқа ғана баруға келісу.	Бейтаныс адамнан сыйлық алуға бола ма? Иә, егер адам сені білсе Жоқ, тіптен де болмайды
Егер бейтаныс адам сенің қолыңнан тартып, бір жаққа қарай жетелесе, не істеу керек? Сыпайы түрде жіберуін өтіну керек: «Мен сізді танымаймын. Жіберіңіз мені» деп қатты айқайлау керек.	Адамдар көп жиналған жерде бейтаныс сені көмекке шақырды. Үлкендерді шақырмай, неге сені шақырды?

- Өкінішке қарай, қылмыскерлер өздерінің зұлымдық мақсаттарына жету үшін түрлі кулыққа барады. Ал біз, байқағыш болуымыз керек!

«ЕСТЕ САҚТА!»

1. Көшеде бейтаныс адаммен сөйлесуге және оны үйге жіберуге болмайды.

2. Онымен бірге подъезге кіруге болмайды.

3. Бөтен машинаға мінуге болмайды.

4. Бейтаныс адамдардан сыйлық алуға және олармен бірге бір жаққа немесе оның үйіне шақырса, баруға болмайды.

5. Көшеде жалғыз өзің ұзақ жүруге болмайды.

5. Қорытынды. Рефлексия

- Пікірдің мағынасын түсіндіріңіздер «Сенің қауіпсіздігің сенің қолыңда!».

Пайдалы сілтеме:

<https://www.youtube.com/watch?v=hftM9yB25r4&list=PLA5eCSY2FeoQLLocS-IEuEG9KjOrJzvPM&index=36>

№ 6 САБАҚ. «ҒАЛАМТОР МЕН МЕССЕНДЖЕРЛЕРДЕГІ ҚАУІПТІ СІЛТЕМЕЛЕР»

Сабақтың мақсаты: ғаламторды қауіпсіз қолдану ережелерімен таныстыру.

Сабақ барысы

1. Ұйымдастыру кезеңі

Сәлемдесу. Жағымды мотивациялық көңіл күй орнату (1-2 мин).

2. Мақсат қою. Тақырыпты анықтау.

Бүгінгі сабақта ғаламтор туралы айтамыз. Жағымды және зиянды жақтарын анықтаймыз, ғаламтор желісіндегі қауіптің түрлерін анықтаймыз.

3. Білімді өзектендіру. Өткенді қайталау

- Кім ғаламтор желісін қолдануды біледі?

- Ғаламтор дегеніміз не?

- Адам өміріндегі ғаламтордың маңызы қандай? (Балалардың жауаптары).

Негізгі бөлім.

- Әлемдегі барлық қолданушылар әлеуметтік желілерге қызығушылық танытып отыр.

- Қандай әлеуметтік желілер мен мессенджерлерді білесіздер? ВК, Инстаграм, Телеграм, Тик-Ток...

- Ғаламторда қанша досың бар? Қанша адам жазылған?

- Олардың нешеуін білесің?

- Ол қандай мақсатта сенімен дос болды?

Топтық жұмыс

- Қазір топта жұмыс істеп біздің өмірімізде ғаламтор қандай роль атқаратынын анықтайсыздар.

1-топ – ғаламтор - біздің досымыз деген пікірге 2-3 мысал келтіріңіздер (достармен сөйлесу, ойындар т.б.).

2-топ – ғаламтор – көмекші (ақпарат алу, сурет салуды үйренуге болады түрлі танымдық ойында, онлайн сабақтар...).

3-топ – интернет – жау (вирустар, рұқсат етілмеген сайттар).

- Жарайсыздар! Тапсырманы жақсы орындап шықтыңыздар. Ғаламтордан ақпарат іздеуге, білім алуға, адамдармен сөйлесуге бола ма? Алайда ғаламтор қауіп те тудыратыны туралы өздеріңіз айтып отырсыздар.

- Ол үшін арнайы талаптар бар, егер оларды орындайтын болсақ, алаяқтар мен қаскүнемдікке тап болып қалу мүмкіндігі азаяды.

1. Жарнамаға сенбеу алынған ақпаратты тексеру.

2. Антивирус қосу.

3. Әлеуметтік желілерге жеке ақпараттарды жүктемеу.

4. Бейтаныс адамдармен сөйлеспеу және өзінді дұрыс ұстау.

5. Бейтаныс адамдармен кездесуге бармау.

6. Қиындық туындаған жағдайда үлкендер көмегіне жүгіну.

Қорытынды. Рефлексия

«Бағдаршам» ойыны. Үстелде 3 түрлі түсті қағаз бар. Қызыл – «Жоқ», жасыл

– «Иә», сары – «Ойланамын». Сабақты қалай түсінгендеріңізді тексереміз.

Егер бейтаныс адам қандай да бір әрекетті жасауды ұсынса, ата-анаңмен ақылдасу керек пе? (ойын жүктеу, бейнефильм қарау).

Белгісіз сайттардан ойындар жүктеп алуға бола ма? (Жоқ)

Зиянды бағдарлама сіздің компьютер мен телефоныңызды «құртуы» мүмкін бе? (Иә)

Пайдалы сілтеме:

<https://www.youtube.com/watch?v=u3PvSbPiNvo&list=PLA5eCSY2FeoQLLocS-IEuEG9KjOrJzvPM&index=8>

№ 7 САБАҚ. «ТАМАҚПЕН ЭКСПЕРИМЕНТ ЖАСАУДЫҢ ҚАУШПТІЛІГІ»

Сабақтың мақсаты: оқушылардың бойында салауатты өмір салты негіздерінің құрамдас бөлігі, дұрыс тамақтану мәдениетін қалыптастыру, өз денсаулығына дұрыс қарауға дағдыландыру.

Сабақ барысы

1. Ұйымдастыру кезеңі

Сәлемдесу. Жағымды мотивациялық көңіл күй орнату (1-2 мин).

2. Мақсат қою. Тақырыпты анықтау

Мақалдардың адасқан бөліктерін тауып, толық құрастыр.

Олардың мағынасын түсіндір.

Денсаулықтың қадірін	Саулық – байлық негізі.
Тазалық – саулық негізі	Ауырғанда білерсің.
Көзің ауырса қолыңды тый	Ауырмайтын жол ізде.
Ауырып ем іздегенше	Ішің ауырса, аузыңды тый.

- Балалар, біздің бүгінгі сабағымызда не туралы айтылады?

- Денсаулық және оны сақтау туралы.

3. Білімді өзектендіру. Өткенді қайталау

«Пайдалы және онша пайдалы емес тағамдар» ойыны

- Мен тағам түрін атаймын, егер ол пайдалы болса, шапалақтаймыз, ал пайдалы болмаса, жұдырығымызды түйеміз.

Қолданылатын сөздер: алма, торт, қияр, балық, тәтті, сәбіз, ірімшік, зефир, чупа-чупс, мармелад, сыр, бұрыш, сүт, бал.

Әңгіме не туралы болады?

4. Сабақтың негізгі бөлімі

Тақтадан не көріп тұрсыздар?



- Иә, бұл тамақтандыру фирмаларының логотиптері. Сіздер олар туралы білесіздер ме, олардың өнімдерін жеп көрдіңіздер ме? Ұнай ма? Оларды қандай тағам түріне жатқызуға болады? (пайдалы, не зиянды тағам).



- Кімнің телефонында бұл қосымша жүктелмеген?
- Бұл қосымша туралы білетіндеріңізді айтып беріңіздер (балалардың жауабы).

- TikTok – бұл қолданушыларға кез келген тақырыпқа арналған 15 секундтық бейнероликтерді дайындауға және жариялауға мүмкіндік береді.

«TikTok» әлеуметтік желісінде балалар челленджерді іздейді, ал олар қауіпті болуы мүмкін.

- Челленджер әртүрлі болады: қауіпті, зиянсыз, ал кейде пайдалы.
- Қаралған бейнеролик қай топқа жатады?
- Енді олар қандай қауіп төндіретінін талқылайық.

5.Бекіту.

-Естеріңізде болсын, адам денсаулығы бәрінен маңызды. Өзінді және денсаулығыңды сақта!

6. Қорытынды. Рефлексия.

Сұрақтарға жауап беріңіздер:

- Мен бүгін досыма қандай кеңес беремін?

Пайдалы сілтемелер:

<https://youtu.be/jYGQOcCA2JM?si=sVmJrYSo6iKba6mg>

<https://youtu.be/FgLou94O9RQ?si=gAgjLQwPYw65mfl>

№ 8 САБАҚ. «ТАБИҒАТ АЯСЫНДАҒЫ ДЕМАЛЫСҚА ҚАЛАЙ ДАЙЫНДАЛУ КЕРЕК?»

Сабақтың мақсаты: табиғат аясындағы демалыс кезінде тәртіп ережелерін талқылау, демалыс орындарында негізі қауіпсіздік ережелерін сақтауға үйрету.

Сабақ барысы

1. Ұйымдастыру кезеңі

Сәлемдесу. Жағымды мотивациялық көңіл күй орнату (1-2 мин).

2. Мақсат қою. Тақырыпты анықтау

- Балалар үшін ең тамаша уақыт – бұл каникул, ғажап кезең.
- Ол қандай жағдайлар? (балалар жауабы)
- Ендеше, бүгінгі сабақта біз табиғат аясындағы демалысқа дайындық туралы әңгіме жүргіземіз. Өмірімізді сақтау үшін не істеу керектігі туралы білеміз.

3. Білімді өзектендіру. Топтық жұмыс

(Карточкамен жұмыс).

- Табиғатқа аттану үшін мұқият дайындалуымыз керек. Ең бірінші түрде киетін киімдерді дайындау. Әр топ демалыс түрі бейнеленген карточка, иллюстрацияны алады да, дәл сол саяхат түріне арналған киімді таңдайды.



Негізгі бөлім

Демалыс кезінде туындайтын қауіп түрлері:

Ормандағы өрт.

Жәндіктердің шағып алуы, соның ішінде кенелер.

Жануарлардың тістеп, не шағып алуы, соның ішінде жылан шағуы.

Ірі сүтқоректі жануарлардың болуы, мысалы, аю, бұлан.

Жабайы жануарлардың болуы.

- Егер сіз саяхатқа аттанар болсаңыз, міндетті түрде келесі ережелерді біліп алыңыз:

Саяхат кезінде нұсқаушының айтқанын тыңда. Онымен қасарысып, сөз таластырма.

Топтың алдына шығып ұзап кетпе, артында да қалып қойма.

Саяхат өзіне ие бола алмайтындарды, еркелікті көтермейді.

Егер сен бір нәрсеге ренжіп қалсаң, қашып кетуші болма, негізгі топтан қалып қойма.

Табиғатқа ұқыптылықпен қара, бостан-босқа сіріңке жақпа, қоқыс пен бөгде заттарды лақтырып кетпе.

Таныс емес жидектерді саңырауқұлақты, өсімдіктерді жеуші болма.

Қорытынды. Рефлексия

- Пікірдің мағнасын түсіндір: «Әр адам – табиғаттың бір бөлшегі».

Пайдалы сілтемелер:

<https://youtu.be/fqSa28dI6KM?si=8dmlBrieThknfOah>

https://youtu.be/sKT-1ot7paY?si=_ssBtHSfgosm-VZN

№ 9 САБАҚ. «ҮЙДЕГІ ОЙЫНДАР: ҚАУПСІЗДІК ШАРАЛАРЫН САҚТАЙМЫЗ»

Сабақтың мақсаты: компьютерлік ойындардың зиянды әсерлерімен таныстыру, компьютерге тәуелділік туралы түсінік қалыптастыру.

Сабақ барысы

1. Ұйымдастыру кезеңі

Сәлемдесу. Жағымды мотивациялық көңіл күй орнату (1-2 мин).

2. Мақсат қою. Тақырыпты анықтау.

-Тақтаға мұқият қарайық! Суреттен не көріп тұрсыздар?



- Ғаламтор не себепті қауіпті болуы мүмкін?

- Осындай мәселе сендерде бар ма?

- Сондықтан бүгін сіздермен компьютерлік ойындарға тәуелді болу мәселесі туралы сөйлесеміз.

3. Білімді жаңғырту. Өткенді қайталау

- Компьютерлер біздің өміріміздің барлық салаларына еніп болды. Олар жұмыста да, үйде де мектепте де, балабақшада да тұр. Бір жағынан компьютер біздің жұмысымызды жеңілдетсе, екінші жағынан, балалар компьютерлік ойындармен айналысады да, оған тәуелділік пайда болады.

4. Сабақтың негізгі бөлімі

1. Адамның компьютер алдында уақыт өткізуге, компьютермен ойын ойнауға деген құмарлығын компьютерлік тәуелділік деп атайды. Ойынға құштарлық – компьютерге тәуелділіктің бір түрі.

2. Ойынға тәуелділік (кибераддикция) компьютерлік ойындарға әуестену, рольдік емес ойындарға беріліп кету (басқатырғыштар).

3. Балалар компьютер мониторы алдында ұзақ уақыт отыра береді. Олар тамақтануды, тіпті ұйқыны да ұмытып кетеді.

4. Баланың ойынға тәуелді екенін қалай аңғаруға болады?

Балалар кітап оқымайды. Үйдегі міндеттерін ұмытады, жеке бас гигиенасын сақтамайды. Олар физикалық тұрғыда белсенді емес, таза ауада серуен, ойын дегенді ұмытады.

5. Компьютерде отыру мөлшері 7-8 жасар балалар үшін күніне 30-40 минут, аптасына 2-3 рет.

5. Сабақты бекіту. «Бағдаршам» әдісі

Балалар өздерінің жұмыс орындарына барады.

Педагог тезисті біртіндеп оқиды. Балалар тезиспен келіссе, жасыл карточканы – келіспегендер, қызыл карточканы – келіскендер, күмәнділер – сары карточканы көтереді.

Егер тезисті талқылау қажет болса, онда қатысушылар өздерінің пікірлерін дәлелдейді.

Тезистер:

Компьютерлік тәуелділіктің бала денсаулығына тигізетін қауіптері:

- семіздік, өйткені қозғалыс аз. жүрмейді, ойнамайды, асқа тәбеті болмайды;
- иммунитет әлсірейді, демек, суық тию, жұқпалы ауруларды тез қабылдайды;
- есте сақтауы, зейіннің шоғырлану қабілеті төмендейді де, оқуына қиындық келтіреді.
- ұйқысыздық;
- аутизм.

6.Қорытынды. Рефлексия

Оқушылар «Плюс-минус-қызықты» кестесін толтырады.

+	-		ҚЫЗЫҚТЫ

Пайдалы сілтеме:

https://youtu.be/34qqqO1eH9M?si=CBBwZ_j2IOfvMVdh

№ 10 САБАҚ. «КӨШЕДЕГІ ҚАУІПСІЗ ОЙЫНДАР»

Сабақтың мақсаты: қауіп төндіретін жағдайлар туралы түсінік қалыптастыру, қауіпті жағдай болатындығын байқай білуге дағдыландыру, көшеде қауіпсіздік шараларын сақтау.

Сабақ барысы

1. Ұйымдастыру кезеңі

Сәлемдесу. Жағымды мотивациялық көңіл күй орнату (1-2 мин).

2. Мақсат қою. Тақырыпты анықтау.

Сурет бойынша сабақ тақырыбын анықтап алайық!



Сабақ тақырыбын дұрыс анықтадыңыздар, «Даладағы ойындар» тек қауіпсіз сөзін қосуды ұмытпайық.

Даладағы қауіпсіз ойындар.

3. Білімді өзектендіру. Өткенді қайталау

- Балалар, суреттерге тағы да мұқият қарап шығайық. Қай суреттегі ойын қауіпсіз деп ойлайсыздар?

Қауіпсіздік дегеніміз қатер төнбейтін және қауіптен қорғана алатын жағдайдың болуы.

Жазғы демалыс – оқудан бос демалыс уақыт.

- Алдымызда ұзақ жазғы демалыс далада, көшеде серуендеп жүргенде қауіпсіздік ережесін сақтап, абай болу керек!

4. Сабақтың негізгі бөлімі

- Қауіпсіздік ережелерін екі топқа бөлу. Бірінші топ – мүлдем жасауға болмайтын әрекеттер. Екінші топ – міндетті түрде жасалатын әрекеттер.

- Қазір сіздер ереже парағын аласыздар. Оның ішінен сабаққа қатысты 3 ережені белгілейсіздер.

1. Жол бойында ойнауға тыйым салынады.
2. Жағадан алысқа жүзіп кетуге болмайды.
3. Үтікті қосып кетуге болмайды.
4. Бейтаныс кісіні пәтерге кіргізуге болмайды.
5. Иттерді ызыландыруға болмайды.
6. Құрылыс алаңында ойнауға болмайды.

7. Өткір, үшкір заттармен ойнауға болмайды.
 8. Жол бойында велосипед тебуге болмайды.
 9. Қараңғы түскеннен кейін далада ойнауға болмайды.
 10. Сіріңкемен ойнауға болмайды.
- «Міндетті түрде жасауға болады» деген ойынымызды бастайық.
«Есте сақта!»

- Жолдан өтпес бұрын әуелі сол жағыңа қара. Егер жол бөлігі бос болса, өте бер. Жол ортасына келгенде тоқтап, оң жағыңды қара, машиналар болмаса, жолдан өт.
- Егер саған қауіп төнсе, айқайлап көмекке шақыр.
- Жолдан асықпай өту керек.
- Жолдың арғы бетіне бағдаршамның жасыл түсі жанғанда өт.
- Егер саған ұят қылық жасауды ұсынса, жоқ деп айта біл.

Бекіту. Өзіндік жұмыс

1. Көшеде жалғыз жүргенде не істеу керек?
 - А) Жануармен ойнау үшін оған тоқаш беремін
 - Б) Егер бейтаныс адам машинама мін десе, мен оған жақындамаймын
 - В) Өзім жалығып кетпеу үшін жолшыбай кездескен барлық бейтаныс адамдармен сөйлесе беремін
2. Досың бір жерін қатты соғып алса қандай көмек көрсетер едің?
 - А) Салқын басу және үлкендерге айту.

5. Қорытынды. Рефлексия

1	Мен сабаққа қатыстым	белсенді / белсенді емес
2	Менің көңіл күйім	көтерілді / түсіп кетті
3	Ақпарат	пайдалы / пайдасы жоқ

Пайдалы сілтеме:

https://www.youtube.com/watch?v=nIVbqv9_Da8&list=PLA5eCSY2FeoQLLocS-IEuEG9KjOrJzvPM&index=23

<https://youtu.be/NCnr6WmrZ4o?si=edmNbVlfGFrLJNJm>

«ЖЕКЕ ҚАУПСІЗДІК» ТАҚЫРЫБЫНДАҒЫ САБАҚТАР

5-СЫНЫП

№ 1 САБАҚ. «ТӨТЕНШЕ ҚЫЗМЕТ НӨМІРЛЕРІ»

Сабақтың мақсаты: оқушыларға төтенше жағдайлар қызметі не үшін арналғанын және олардың жұмыс істеу тәртібімен таныстыру.

Сабақтың міндеті:

1) Оқушыларды жедел қызмет түрлерімен таныстыру, балаларға өрт қауіпсіздігі ережелерін, жол жүру ережелерін сақтаудың маңыздылығын және өз денсаулығын сақтау жайлы түсіндіру.

2) Зейінін, есте сақтауын, ойлауын дамытуға ықпал ету.

3) Оқушыларды өмірлік қиын жағдайда үлкендермен қарым-қатынас жасау қажеттілігіне тәрбиелеу; төтенше жағдайларда баланың мінез-құлқының қауіпсіз үлгісін қалыптастыру.

Материалдар: осы тақырып бойынша иллюстрациялар, жедел телефондар туралы еске салғыштары бар үлестірмелі материалдар, рольдік ойындарға арналған телефон аппараттарының түрлерінің макеттері.

Сабақ барысы

1. Кіріспе (2 минут)

Сәлемдесу:

Педагог оқушылармен амандасып, сабақтың тақырыбы мен мақсатын хабарлайды.

Төтенше жағдайлар қызметінің маңыздылығын талқылаңыз.

2. Негізгі бөлім (6 минут)

Ұғымдарды түсіндіру:

Жедел қызмет шақырған кезде диспетчерге не айту керек? Мекенжайды, нысанды, жағдайды көрсету, қажет болған жағдайда фамилияңызды және телефон нөміріңізді көрсету қажет.

Төтенше жағдайлар қызметінің негізгі түрлерінің иллюстрацияларын көрсетіңіз.

Төтенше жағдай туралы хабарлау неліктен маңызды?

Оқушыларға жалған қоңырау ойыншық емес екенін, оның салдары өте ауыр болатынын түсіндіру.

Сақтық шараларының қарапайым мысалдарын келтіріңіз.

Қазақстанда кез келген ұялы байланыс операторының пайдалы жедел қызмет нөмірлері мен қала нөмірлері тегін беріледі:

«Есте сақта!»

Өрт күзеті	101
Полиция	102
Жедел жәрдем	103
Төтенше газ қызметі	104,112
Бірыңғай құтқару қызметі	112
«111 жедел қызметі» байланыс орталығы балалар мен ересектер өздеріне көмек қажет екендігі туралы, тұрмыстық зорлық-зомбылық, балалардың құқықтарының бұзылуы туралы, баланың көшеде, үйде, көлікте жалғыз қалғаны туралы, өміріне және денсаулығына қауіп төнгенде хабарласу үшін ашылған. - «111» нөмірі – 24/7 байланыста - «111» нөмірі – құпиялылықты сақтайды	111

- «111» нөмірі – тәулік бойы ІІД және өңірлердің жедел топтарымен байланыста.	
---	--

3. Қорытынды (2 минут). Ережелерді қайталау

Жедел телефон нөмірлері мен олардың мағыналарын қарастырыңыз.

Жедел жәрдем нөмірлері бар парақшаны таратыңыз.

Пайдалы сілтеме:

<https://www.youtube.com/watch?v=fyfkEuHSilc&list=PLA5eCSY2FeoQLLocS-IEuEG9KjOrJzvPM&index=5>

№ 2 САБАҚ. «МЕКТЕПТЕГІ ҚАУІПСІЗ МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚ ЕРЕЖЕЛЕРІ»

Сабақтың мақсаты: мектептегі қауіпсіздік ережелерін түсіндіру.

Сабақтың міндеті:

1. Күнделікті өмір мектепте балаларды қандай қауіптер күтіп тұрғанын айтыңыз.
2. Қауіпті және қауіпсіз жағдайларды талқылау.
3. Жағдаяттарды жылдам басқаруға және ұтымды шешім қабылдауға үйрету.

Материалдар: осы тақырып бойынша иллюстрациялар, тәртіп ережелері жазылған үлестірімелі материалдар, проектор, компьютер.

Сабақ барысы

1. Кіріспе (2 минут)

Сәлемдесу.

Педагог оқушылармен амандасып, сабақтың тақырыбы мен мақсатын айтады.

Жаңа тақырыпты түсіндіру.

2. Негізгі бөлім (6 минут)

Мектептегі мінез-құлықтың негізгі ережелерін түсіндіру:

«Оқушыларға арналған ішкі ережелер» туралы айтып беріңіз.

Неліктен мінез-құлық ережелерін сақтау керек?

3. Жағдайларды талдау.

1. Асханадағы өзін-өзі ұстау.

2. Үзіліс кезіндегі мінез-құлық.

3. Дене шынықтыру сабағында өзін-өзі ұстау. Оқушылар мінез-құлық ережесі жайлы өз ойларын білдіреді.

«Есте сақта!»

Өрт күзеті	101
Полиция	102
Жедел жәрдем	103
Төтенше газ қызметі	104, 112
Бірыңғай құтқару қызметі	112
«111 жедел қызметі» байланыс орталығы балалар мен ересектер өздеріне көмек қажет екендігі туралы, тұрмыстық зорлық-зомбылық, балалардың құқықтарының бұзылуы туралы, баланың көшеде, үйде, көлікте жалғыз қалғаны туралы, өміріне және денсаулығына қауіп төнгенде хабарласу үшін ашылған.	111
- «111» нөмірі – 24/7 байланыста	
- «111» нөмірі – құпиялылықты сақтайды	
- «111» нөмірі – тәулік бойы ІІД және өңірлердің жедел топтарымен байланыста.	

4. Қорытынды (2 минут)

Сабақты қорытындылау.

Есіңізде болсын, мектепте қауіпсіз мінез-құлық ережелерін сақтау арқылы сіз өзіңізді ғана емес, сонымен қатар құрбыларыңызды да қорғайсыз!

Пайдалы сілтемелер:

https://drive.google.com/drive/folders/li5ehiRqo_OTDxnMB2_YzAUwS7gBhBo

№ 3 САБАҚ. «ҮЙГЕ ҚАУІПСІЗ ОРАЛУ: ҚОЛАЙСЫЗ АУА РАЙЫНДА НЕ ІСТЕУ КЕРЕК?»

Сабақтың мақсаты: оқушыларды ауа райы құбылыстарымен таныстыру және найзағай, көктайғақ, бұрқасын кезінде қауіпсіз әрекет ету дағдыларын дамыту, ауа райы және оның негізгі көрсеткіштері туралы білімдерін бекіту.

Сабақтың міндеті:

1. Берілген тұрғылықты жеріне тән ауа райы құбылыстарының терминологиясымен және сипаттамасымен танысу.

2. Найзағай, көктайғақ, бұрқасын кезінде қауіпсіздік ережелерін білу.

3. Табысты әлеуметтік бейімделу үшін қауіпсіз тұлға түрін дамыту.

Материалдар: осы тақырып бойынша иллюстрациялар, проектор, дербес компьютер.

Сабақ барысы

1. Кіріспе (2 минут)

Сәлемдесу.

Педагог оқушылармен амандасып, сабақтың тақырыбы мен мақсатын хабарлайды.

Ауа райын болжау, ауа райы оқиғалары және адам қауіпсіздігі терминдерін енгізеді.

2. Негізгі бөлім (6 минут)

Тақырып бойынша түсініктеме.

Қауіпті ауа райы құбылыстарының сипаттамасы

Қауіпті ауа райы оқиғалары	Мінездеме
Дауыл	Жаңбыр, күн күркіреп, найзағай ойнайтын дауылды ауа райы.
Найзағай	Бұлттар мен жер арасында пайда болатын электр разрядтары.
Көктайғақ	Жер бетінде мұз қабаты, ауа температурасы 0-ден -3 ° С-қа дейін болады.
Қарлы боран	Боран – күшті желдің (жылд. 15 м/с-тан астам) әсерінен қардың ұйтқып соғуы.

Бір ауа райы құбылысының суретін сал.

Қорытынды (2 минут). Ережелерді қайталау:

Өтілген тақырыпты қайталау.

Пайдалы сілтемелер:

<https://youtu.be/sKT-1ot7paY?si=qHTSwREIZhVgz900>
https://youtu.be/NCnr6WmrZ4o?si=h9Q4BsCE_qoZagCi

№ 4 САБАҚ. «ҚАҚТЫҒЫС ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ҚАРАПАЙЫМ ҚАДАМДАР»

Сабақтың мақсаты: оқушыларды қақтығыс кезіндегі қарым-қатынас негіздерімен таныстыру.

Сабақтың міндеті:

1. Өз көзқарасын білдіру қабілетін дамыту.
2. Адамгершілік қасиеттерді дамыту: адамдарға төзімділік, мейірімділік, жанашырлық құндылықты үйрету.
3. Оқушылардың өзара сыйластық, өзін-өзі бағалауды дамыту.

Материалдар: осы тақырып бойынша иллюстрация, проектор, проекциялық экран, дербес компьютер.

Сабақ барысы

1. Кіріспе (2 минут)

Жаңа тақырыпты түсіндіру.

2. Негізгі бөлім (6 минут)

Ұғымдарды түсіндіру:

Мейірімділік

Көңілсіздік.

Бір-бірін түсінбеу.

Достық қарым-қатынас.

Көңіл күйдің төмендеуі, көңілсіздік.



Қорытынды (2 минут). Ережелерді қайталау

Өткен тақырыпты қайталау.

Достық туралы мақал-мәтелдер дайындау.

Пайдалы сілтемелер:

https://youtu.be/RCA_wFW-mSo?si=KDRq73ETmvPJat6H

https://www.youtube.com/watch?v=KTxqDfaQAvC&list=PLA5eCSY2FeoQLLo_cS-IEuEG9KjOrJzvPM&index=16

№ 5 САБАҚ. «ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІЛЕР: НЕГІЗГІ ҚАУІПСІЗДІК ЕРЕЖЕЛЕРІ»

Сабақтың мақсаты: оқушыларды әлеуметтік желідегі қауіпсіздік ережелерімен таныстыру.

Сабақтың міндеті:

1. Мақсаты бойынша ақпараттық қоғамда мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету.

2. Интернеттегі балалардың мінез-құлық нормалары мен ережелерін әзірлеу.

3. Оқушылардың ой-өрісін кеңейту.

Көрнекіліктер: әлеуметтік желі түрлері көрсетілген иллюстрациялар, қауіпсіздік ережелері жазылған жадынама.

Сабақ барысы

1. Кіріспе (2 минут)

Негізгі бөлім (6 минут)

Ұғымдарды түсіндіру

Әлеуметтік желі дегеніміз не?

Facebook, YouTube, WhatsApp, Instagram, Tik-Tok, Telegram, Pinterest, Twitter және т.б.

Әлеуметтік желідегі иллюстрацияларды көрсетіңіз. Әлеуметтік желілердің пайдасы мен зияны?

Әлеуметтік желілерді пайдаланудың негізгі ережелері:

1-ереже. Мінез-құлық ережесі.

Бейтаныс сайттарға өтпеу керектігін түсіндіріңіз. Әлеуметтік желілердегі дұрыс және бұрыс мінез-құлық иллюстрацияларын көрсету.

2-ереже. Жазбалардағы лайк санын тексермеңіз.

Оқушыларды керек емес, таныс емес адамдардың парақшаларына кірмеуге және оларға лайк баспауға үйретіңіз.

3-ереже. Әлеуметтік желілерде өткізу уақытына шектеу қойыңыз.

Компьютерде ұзақ отыруден саулыққа зиян.

4-ереже. Бейтаныс адамдарды қоспаңыз.

Қауіпсіз болып көрінбесе де, жеке деректерді интернетте жарияламау керектігін түсіндіріңіз.

Қорытынды (2 минут). Ережелерді қайталау

Осы тақырыпты талқылау ұнады ма?

Бұл туралы ата-анаңызға айтасыз ба?

«Ғаламтордағы қауіпсіз мінез-құлық» туралы кеңесі бар парақшаны тарату.

Пайдалы сілтемелер:

<https://www.youtube.com/watch?v=u3PvSbPiNvo&list=PLA5eCSY2FeoQLLocS-IEuEG9KjOrJzvPM&index=8>

<https://youtu.be/u3PvSbPiNvo?si=05cNMvRk0lIX168w>

№ 6 САБАҚ. «ҚАУІПТІ ЧЕЛЛЕНДЖДЕР»

Сабақтың мақсаты: оқушыларды қауіпті хоббимен таныстыру.

Сабақтың міндеті:

1. Жасөспірімдердің өмірі мен денсаулығына қауіпті хоббидің салдарын көрсету.
2. Дұрыс нұсқауларды қалыптастырыңыз.
3. Ой-өрісін, логикасын дамыту, алған ақпараты бойынша қорытынды жасау, қоғамда өзін-өзі ұстау мәдениетін қалыптастыру.

Сабақ барысы

Кіріспе (2 минут)

Педагог оқушылармен амандасып, сабақтың тақырыбын, мақсатын айтады.

Жаңа тақырыпты түсіндіру.

Негізгі бөлім (6 минут)

Оқушыларға қауіпті челлендждер не әкелетінін түсіндіріңіз. Қауіпті челлендждер: балаға құрбан болмауға қалай көмектесуге болады. Үнемі ата-аналар балаларына интернетте құрдастары ұсынатын әртүрлі қауіпті сынақтар туралы алмасады: аяқ тіректерін ауыстыру, биіктіктен секіру немесе біреуді тұншықтыру, үйден қашу. Мұндай жағдайларда балаларды дұрыс жауап беруге үйрету маңызды. Жасөспірімдер барлық уақытта ерекшеленіп, назар аударғысы келді, өз күштерін сынап көреді. Алайда бүгінде бұл үшін қауіпті әдістер қолданылады. Өйткені, әсер бірнеше құрдастарына емес, үлкен, кейде миллиондаған аудиторияға, лайк пен жазылымдарға ие болу керек. Белгілі бір челлендждердің қауіптілігі туралы ескерту маңызды. Жасөспіріммен сөйлесуді сіз бұрын естіген челлендждер туралы және осындай сынақтардың қайғылы салдары туралы айтудан бастауға болады.

Оқушылармен «Осындай ойындардың қауіп-қатерінен қалай қорғануға болады?» пікірталас.

«Есте сақта!»

III

«III жедел қызметі» байланыс орталығы балалар мен ересектер өздеріне көмек қажет екендігі туралы, тұрмыстық зорлық-зомбылық, балалардың құқықтарының бұзылуы туралы, баланың көшеде, үйде, көлікте жалғыз қалғаны туралы, өміріне және денсаулығына қауіп төнгенде хабарласу үшін ашылған.

- «III» нөмірі – 24/7 байланыста

- «III» нөмірі – құпиялылықты сақтайды

- «III» нөмірі – тәулік бойы ІІД және өңірлердің жедел топтарымен байланыста.

Қорытынды (2 минут).

Сабақты қорытындылау.

«Мен қауіпті ойындарға қарсымын» тақырыбында суретін сал.

Пайдалы сілтемелер:

<https://orken-instituty.kz/ru/telefony-goryachih-linij>

<https://orken-instituty.kz/ru/dashboard/cpsp-material/poleznye-materialy-cpsp>

<https://www.youtube.com/watch?v=Wvt8Zxf48is>

<https://www.youtube.com/watch?v=u3PvSbPiNvo&list=PLA5eCSY2FeoQLLocS-IEuEG9KjOrJzvPM&index=8>

№ 7 САБАҚ. «КӨШЕДЕГІ ҚАУІПТІ НЫСАНДАРДАН ҚАЛАЙ АУЛАҚ БОЛУҒА БОЛАДЫ?»

Сабақтың мақсаты: оқушыларды көшеде қауіпсіздікті сақтау ережелерімен таныстыру.

Сабақтың міндеті:

1. Оқушылардың қауіпті заттармен жұмыс істеу дағдыларын дамыту.
2. Өз өміріне деген қамқорлықпен қарауды тәрбиелеу.
3. Оқушылардың ой-өрісін кеңейту, шығармашылық қабілеттерін дамыту.

Құралдар: «Электр қауіпсіздігі ережелері» иллюстрациялары, проектор, компьютер.

Сабақ барысы

Кіріспе (2 минуты)

Таныстыру:

Педагог оқушылармен амандасып, сабақтың атын, мақсатын айтады. Жаңа тақырыпты түсіндіру.

Негізгі бөлім (6 минут)

Ұғымдарды түсіндіру:

Электр панелі дегеніміз не?

1. Оқушыларға трансформаторлық қосалқы станцияларға кіруге тыйым салынғанын түсіндіру.
2. Тақырып бойынша иллюстрацияларды қарау. Көшедегі қауіпсіздік шаралары. Электрлік қауіпсіздік шараларын қарастырыңыз. «Электр қауіпсіздігі ережелері» жадынамасын оқыңыз. Төтенше жағдайда қызмет көрсету туралы ескерту – 112.

«Есте сақта!»

Өрт күзеті	101
Полиция	102
Жедел жәрдем	103
Төтенше газ қызметі	104, 112
Бірыңғай құтқару қызметі	112
«111 жедел қызметі» байланыс орталығы балалар мен ересектер өздеріне көмек қажет екендігі туралы, тұрмыстық зорлық-зомбылық, балалардың құқықтарының бұзылуы туралы, баланың көшеде, үйде, көлікте жалғыз қалғаны туралы, өміріне және денсаулығына қауіп төнгенде хабарласу үшін ашылған. - «111» нөмірі – 24/7 байланыста - «111» нөмірі – құпиялылықты сақтайды - «111» нөмірі – тәулік бойы ІІД және өңірлердің жедел топтарымен байланыста.	111

Электр қауіпсіздігі туралы ескерту белгілері мен плакаттар

Электр қондырғыларына кездейсоқ енудің алдын алу және сол арқылы адамдарды электр тогының соғуын болдырмау үшін арнайы ескерту белгілері мен плакаттар бар. Олар электр қондырғыларын қоршайтын қоршаулар мен

қоршауларда кез келген кернеудегі электр беру әуе желілерінің тіректеріне, электр жабдықтары орналасқан әртүрлі электр қалқандарының есіктеріне ілінеді немесе салынады. Оларды елемеу, әсіресе оларды алып тастау және жұлып алу мүмкін емес!

Көшедегі қауіпсіздік техникасы.

Қауіпсіздік техникасын электр қуатымен қайталаңыз.

«Электр қауіпсіздігі ережелері» жадынамасын бөлшектеңіз.

Төтенше жағдайларда қызмет туралы еске салу – 101, 102, 103, 112.

3.Қорытынды

Сабақты қорытындылау.

Балалар қарап шығу үшін үйге апара алатын жедел жәрдем нөмірлерін тарату.

Пайдалы сілтемелер:

<https://www.youtube.com/watch?v=r44vj0cTO9c>

<https://www.youtube.com/watch?v=CIucCpDxhZA&list=PLA5eCSY2FeoQLLoC5-IEuEG9KjOrJzvPM>

№ 8 САБАҚ. «ҚАУІПСІЗ АШЫҚ ОЙЫН АЛАҢЫНЫҢ ЕРЕЖЕЛЕРІ»

Сабақтың мақсаты: оқушыларды көшеде қауіпсіз ережелерімен таныстыру.

Сабақтың міндеті:

Өз өміріне деген қамқорлықпен қарауды тәрбиелеу.

Сабақ барысы

1. Кіріспе (2 минут)

Сәлемдесу:

Педагог оқушылармен амандасып, сабақ тақырыбын, мақсатын айтады. Жаңа тақырыпты түсіндіреді.

2. Негізгі бөлім (6 минут)

Көшедегі қауіпсіздік ережелерін түсіндіру

1. Қайда бара жатқаныңызды, кіммен және қашан қайтатыныңызды ата-анаңызға үнемі ескертіп отырыңыз. Бұл өте маңызды, қауіп төнген жағдайда сізге көмектесе алады!

2. Қараңғыда көшеде жалғыз жүрмеңіз. Бұл жағдай туындаса, тек жарықтандырылған жерлерге барыңыз. Егер сіздің жолыңыз қараңғы және тар аллеялардан өтсе, ата-анаңызға қоңырау шалыңыз және олардан сізбен кездесуін сұраңыз.

3. Телефоннан қатты музыка тыңдау арқылы өзіне назар аудармау, т.б.

4. Пәтер кілттерін мойынға іліп қоюға болмайды және оны шалбардың белдігіне ілуге болмайды.

5. Ешқашан, ешбір жағдайда, қоғамдық орында ұрыспаңыз.

6. Көшеде адамдар сізге келіп, көшені қалай табуға болатынын сұраса, сіз оған қалай жетуге болатынын түсіндіре аласыз, бірақ ешбір жағдайда оларды шығарып салмаңыз.

3. Қорытынды (2 минут)

Сабақты қорытындылау

Балаларға жедел жәрдем нөмірлерін тарату.

4. Ережелерді қайталау:

Осы тақырыпты талқылау ұнады ма?

Бұл туралы ата-анаңызға айтасыз ба?

«Көшеде қауіпсіз ережесі» бойынша кеңестері бар парақшаны тарату.

Пайдалы сілтемелер:

<https://orken-instituty.kz/ru/telefony-goryachih-linij>

<https://orken-instituty.kz/ru/dashboard/cpsp-material/poleznye-materialy-cpsp>

https://youtu.be/8rz3wsHhc0Y?si=gM_6ok5B2tqAdkJw

№ 9 САБАҚ. «ДЕНСАУЛЫҚТЫ САҚТАЙТЫН ӘДЕТТЕР»

Сабақтың мақсаты: салауатты өмір салтының пайдасы туралы және денсаулықты күтуді үйрету.

Сабақтың міндеті:

- 1) дұрыс тамақтану принциптерін дамыту;
- 2) қандай тағамдық қоспалардың зиянды екенін анықтау;
- 3) балаларды топпен жұмыс істеуге үйрету.

Құрал-жабдықтар: презентация, парақтар, қаламдар, проектор, компьютер.

Сабақ барысы

Кіріспе (2 минуты)

Негізгі бөлім (6 минут)

Зерттеу жұмысын өткізу.

Сынып топтарға бөлінеді. Зерттеу жұмыстары жүргізіледі. Әр топта денсаулыққа зиян келтіретін өнімдер жайлы зерттеу жұмысын жүргізген оқушылар өздерінің зерттеу жұмыстарымен бөліседі.

1-топ: Бір қорап сүтті зерттедік. Құрамында тағамдық қоспалар жоқ және жарамдылық мерзімі өткен жоқ. Бұл пайдалы өнім.

2-топ: Шаян еті. Біз одан зиянды E120, E160c бояғыштарын, E621, E631 хош иістендіргіштерін таптық. Олар теріге зиянды және ішектің бұзылуын тудырады. Бұл қауіпті өнім.

3-топ: «Кириешки» крекер. Дәмді күшейткіштер E627, E631 анықталды. Олар ішектің бұзылуын тудырады. Қауіпті өнім, бірақ көптеген оқушылар оларды жиі пайдаланады. Бұл туралы ойлануға тұрарлық.

4-топ: Газдалған сусын «Эстрагон». Бұл ең қауіпті өнім. Оның құрамында қатерлі ісік тудыратын антиоксидант E330, тәттілендіргіштер E954 - қатерлі ісік, E952 - тыйым салынған, E102 бояуы қауіпті. Бұл өнімді жеуге **БОЛМАЙДЫ!**

Денсаулықтың мықты болуы үшін дұрыс тамақтану аса маңызды!!!

Қорытынды (2 минут)

Сабақты қорытындылау

Денсаулыққа не зиян екенін есте сақтау керек және денсаулықты сақтау ережелерін қайталау керек.

Пайдалы сілтемелер:

https://youtu.be/sXN8vhXzEz8?si=Vc_teoFhifClwsCc

<https://www.youtube.com/watch?v=jWklhxwLxmA>

№ 10 САБАҚ. «БЕЙТАНЫС АДАМНЫҢ ШАҚЫРУЫНАН ҚАЛАЙ СЕНІМДІ ЖӘНЕ ҚАУІПСІЗ БАС ТАРТУҒА БОЛАДЫ?»

Сабақтың мақсаты: балаларды бейтаныс адамдар әртүрлі амалдар арқылы алдауға немесе қауіпсіз мінез-құлық негіздеріне үйрету.

Сабақтың міндеті:

1. Балаларды бейтаныс адамдармен қарым-қатынас ережелерімен таныстыру.
2. Балаларды бейтаныс адамдарға сенбеуге үйрету.
3. Көшеде бейтаныс адамдармен қарым-қатынас жасауда әртүрлі айла-тәсілдерді қолдана білу дағдыларын дамыту.

Материалдар мен ресурстар:

Сабақ тақырыбы бойынша мысалдарды көрсету үшін суреттер мен бейнелер.

Сабақ барысы

Кіріспе (2 минут)

Негізгі бөлім (6 минут)

Педагог: сіздердің сеніміңізге кіру үшін бейтаныс адамдар әртүрлі айла-амалдарды қолдана алатынын есте ұстаңыздар. Әрқашан сақ болыңыздар және бейтаныс адамдармен жүрмеңіздер.

«Бейтаныс» ашық ойыны (3 минут)

Ойын ережесін түсіндір.

- Бір бала «бейтаныс» ролінде, қалғандары «балалар» ролінде ойнайды.
- «Бейтаныс» әр «балаға» жақындап, трюктердің бірін қолдана отырып, бірдеңе ұсынады (мысалы, «Кэмпит керек пе?», «Менің күшігімді табуға көмектес»).
 - «Балалар» дұрыс жауап беруі керек. «Жоқ» деп айтып, «қауіпсіз жерге» барыңыз (жерге таспамен немесе бормен белгіленген).
 - Ойын бірнеше рет қайталанады, сонда барлық балалар әртүрлі рольдерді ойнауға үлгереді.

2. Қорытынды (2 минутқа дейін)

- Сабақты қорытындылау. Бейтаныс адаммен өзінді қалай ұстау керек? Есіңізде болсын, бейтаныс адам сізді алдамақ болса, ересектерге міндетті түрде хабарлау керек!

Пайдалы сілтемелер:

<https://www.youtube.com/watch?v=JkUvKopOdII>

<https://youtu.be/JkUvKopOdII?si=HfpLqdP0EEGGPuI1>

«ЖЕКЕ ҚАУПСІЗДІК» ТАҚЫРЫБЫНДАҒЫ САБАҚТАР

6-СЫНЫП

№ 1 САБАҚ. «ТӨТЕНШЕ ҚЫЗМЕТ НӨМІРЛЕРІ»

Сабақтың мақсаты: оқушыларды төтенше жағдайлардағы ережелерімен таныстыру.

Негізгі міндеттер:

1. Оқушылардың мамандандырылған қызметтерге көмек сұрай білуін дамыту.

2. Қандай жағдайларда шұғыл қызметтерге қоңырау шалу керектігін түсіндіріңіз.

3. Оқушыларды шұғыл қызмет операторына ақпаратты дұрыс және анық жеткізуге үйрету.

Материалдар мен ресурстар:

Сабақтың осы тақырыбы бойынша мысалдарды көрсетуге арналған презентация.

Жедел қызмет нөмірлері туралы жадынамалары бар үлестірме материалдар.

Проектор, проекциялық экран, компьютер.

Сабақтың барысы

1.Кіріспе (2 минутқа дейін):

Суреттерден құтқару қызметінің түрін анықта, құтқару қызметінің нөмірлерін айт.



- Ортақ құтқару қызметінің нөмірін айт.

Кез келген қауіпті жағдайдан құтқаратын ортақ телефон нөмірі – 112. Бұл нөмірге хабарласу арқылы барлық қауіпті жағдай бойынша көмек ала аласыз. Төтенше жағдай кезінде бастысы, сабыр сақтап, диспетчерге, болған жағдайды дұрыстап түсінікті жеткізу қажет.

«Есте сақта!»

Өрт күзеті	101
Полиция	102
Жедел жәрдем	103
Төтенше газ қызметі	104,112
Бірыңғай құтқару қызметі	112
«111 жедел қызметі» байланыс орталығы балалар мен ересектер өздеріне көмек қажет екендігі туралы, тұрмыстық зорлық-зомбылық, балалардың құқықтарының бұзылуы туралы, баланың көшеде, үйде, көлікте жалғыз қалғаны туралы, өміріне және денсаулығына қауіп төнгенде хабарласу үшін ашылған.	111
- «111» нөмірі – 24/7 байланыста	
- «111» нөмірі – құпиялылықты сақтайды	

2. Негізгі бөлім

- Өмірде жалғыздан-жалғыз қиын жағдайда қалып қоятын кездерде барлығын өзің жеңіп шығуың керек болады. Егер сен құтқару қызметтерінің нөмірлерін білсең, өзің де, айналаңдағы басқа адамдарға да көмектесе аласың. *Ендеше нөмірлерді жазып ал!*

Жағдаяттарды талқылау:

Үйде сен бір өзіңсің. Кенет түтіннің иісін сездің. Келесі бөлмеге барсаң, өрт шығып жатыр. Сенің әрекетің.....

Спорттық алаңда балалар ойнап жүр. Араларында ересек адам жоқ. Ұлдардың біреуі құлап қалды. Ол қатты айқайлап жылап тұр. Баланың ауруы қатты ұлғая бастады. Сіздің әрекетіңіз...

Сен мектептен үйге келдің. Ата-анаң жұмыста, қарындасың балабақшада.

Ал үйден жағымсыз иіс шығып тұр. Газдың иісіне ұқсайды, сен не істейсің ...

Үйде жалғыз қалдың, сенің ішің пысып кетті. Сен қалжыңмен өрт қызметіне телефон соғып, көрші үйде өрт болып жатқандығын хабарладың. Терезеге жақындап өрт қызметінің машинасын күтіп тұрсың.

Осы оқиғаны аяқта

3. Практикалық бөлім. (6 минут)

Қызметтер мен қосымшалар үшін бөлек электронды поштаны ашыңыз.

Көптеген қолданбаларға тіркелу үшін алдымен электрондық пошта қажет. Зиянкестер өздерінің электрондық пошта мекенжайын біле отырып, оған байланысты әлеуметтік желілерді бұза алады, спам жібере алады, ақша сұрай алады, түсініктеме қалдыра алады немесе тыйым салынған ақпаратты жариялай алады.

Бірнеше электрондық пошта мекенжайларының болуы қауіпсіздікті арттырады. Мысалы, сіз маңызды әлеуметтік медианы біріншісімен байланыстырып, екіншісін жеке хаттар үшін, ал үшіншісін ықтимал спам үшін пайдалана аласыз.

№ 2 кеңес

Екінші телефон нөмірін пайдаланыңыз.

Жеке пошта сияқты, жеке қоңыраулар үшін және әлеуметтік желілерде, негізгі қызметтерде тіркелу үшін негізгі телефон нөмірін пайдаланыңыз. Мысалы, бұл мемлекеттік қызметтерде, банктік қосымшаларда тіркелу үшін болуы мүмкін. Екіншісін курьерлермен, сауалнамалармен, құжаттармен және ақшамен, Avito-да тауарларды сатумен және т. б. байланысты қолданбаларға тіркелу үшін пайдаланыңыз.

№ 3 кеңес

Деректеріңізді қоғамдық орындарда қалдырмаңыз.

Әлеуметтік желілер мен форумдарда құжаттардың сканерлері мен фотосуреттерін немесе телефон нөмірлерін жарияламаңыз. Құпия деректерді қоғамдық орындарға орналастырмаңыз.

№ 4 кеңес

Күшті құпия сөздерді ойлап табыңыз

Қарапайым құпия сөздерді шабуылдаушылар бірнеше секунд ішінде бұзады. Парақшаларыңызды қорғау үшін әртүрлі регистрлердегі әріптері бар 12 таңбалы құпия сөздерді, сандарды және арнайы таңбаларды пайдалану керек (яғни бас және кіші әріптерді араластыру). Екі факторлы аутентификация – бұл сіздің парақшаңызға кірудің қосымша растауы. Жеке кабинетке кіру үшін пайдаланушы алдымен логин мен парольді, содан кейін кодты енгізеді. Содан кейін ол тіркеу кезінде көрсетілген поштаға SMS немесе хабарлама түрінде келеді.

№ 5 кеңес

Күдікті сілтемелерді баспаңыз

Сондай-ақ бейтаныс жіберушілердің хаттарын ашпаңыз және олардың ішіндегі сілтемелерге өтпеңіз. Кейде алаяқтар ресми ресурстардың атынан хат жазады. Мысалы, мемлекеттік қызметтер. Жіберушінің пошта мекенжайын тексеру маңызды: ресми хаттар олардың домендерінен жазылады (мысалы, no-reply@gosuslugi.ru) және ешқашан танымал электронды пошта қызметтерінен (@mail.ru, @bk.ru, @inbox.ru, @gmail.com және т. б.) жазылмайды.

№ 6 кеңес

Сайттарды тексеріңіз

Алаяқтар интернеттегі парақтарды қалай бұрмалауды біледі, кейде оларды нақты адамдардан ажырату қиын. Сарапшылардың айтуынша, сіз өзіңіздің деректеріңізді интернет дүкеннің веб-сайтында қалдырмас бұрын немесе әлеуметтік желілерге тіркелмес бұрын оның шынайы ресурс екеніне көз жеткізуіңіз керек.

Веб-сайттың URL мекенжайына назар аудару өте маңызды. Digital Security сарапшыларының пікірінше, кез келген өзгерістер, қосымша әріптер мен сандар ресурстың зиянын көрсетуі мүмкін. Мысалы, vk.com оның орнына алаяқтар өз сайттарын пайдаланады wk.com немесе gosuslugi.ru орнына gossuslugi.ru.

№ 10 САБАҚ. «СІЗГЕ ҚАТЫСТЫ ЖАҒЫМСЫЗ СӨЗДЕРГЕ ЖАУАП БЕРУДІҢ ТИІМДІ СТРАТЕГИЯЛАРЫ»

Сабақтың мақсаты: оқушылардың өзіне деген сенімділігін арттырып, эмоциясын бақылай білуге үйрету.

Негізгі міндеттері:

1. Оқушылардың өзіне деген сенімділігін артыру.
2. Кез келген жағдайды сабырлы, мәдениетті түрде шешуге үйрету.

Сабақтың барысы

1. Кіріспе

Есте ұстаңыз, кез келген адамды басқару үшін алдымен оның эмоциясын басқаруды үйрен дейді психологтер. Олай болса сізді басқалар басқарып жүр. Сіздегі көңіл күйді неге өзгелер басқаруы керек? Ол сізге тиесілі ғой. Ендеше, өзіңізді өзіңіз басқарғыңыз келсе, эмоцияларыңызды бағындырып үйреніңіз. «Ит үреді, керуен көшеді», өмірде өзгенің жағымсыз сөзі мен ұнамсыз жайттар ешқашан таусылмайды, тек олардың кейбіріне көңіл аудармай өтіп кеткен жөн, елемей естімеуге тырысқан дұрыс-ақ, сонымен қатар барлық жайтты сабырмен және заң аясында шешуге болады.

2. Негізгі бөлім (6 минутқа дейін)

«Жақсы сөз – жарым ырыс», «Ойнап сөйлесең де, ойлап сөйле», «Сөз сүйектен өтеді» деген өнегелі нақылдарын қалдырған ата-бабамыз сөздің құдіретін жете сезінген дана болған. Сөз арқылы адамның көңілін көтеруге де, мұнайтуға да, күлдіруге де, жылатуға да болады. Сондықтан да, жақсы байқап сөйлер, жаман шайқап сөйлер деген сөз бекерге айтылмаса керекті.

Жақсы сөз жанды жадыратады. Позитивті мағынада айтылған әр сөз жағымды әсер қалдырады. Жалпы алғанда, айтылған сөздердің позитивті және негативті әсерлері бар екені бағзы заманнан бері белгілі. Медицина ғылымы жақсы дамымаған заманда халық дауаны дұғалар мен жақсы тілек сөздерден тапқан. Ал әдепсіз және балағат сөздерді айтудың өзін қарғыс деп есептеген. Тіпті, сол заманда адамдардың ойында балағат сөздерді айтудың дұрыс еместігі туралы болжамдар болса, бүгінде ол сөздердің зияндығы ғылыми түрде дәлелденіп отыр. Сол себепті, не ойлап жүргеніңізге, қандай кітаптар оқып, қандай ақпараттар қабылдап жатқаныңызға, айналаңызға қандай сөздер айтып, қандай сөздер естіп жүргеніңізге аса мән беріңіз. Өміріңізді жақсарту да, құлдырату да өз қолыңызда!

Дерекшілікке тиімді жауап берудің стратегияларымен бөлісу.

3. Қорытынды.

Пайдалы сілтеме:

<https://youtu.be/sJgmacWuhW0>

Жағымсыз сөздерге қалай жауап беруге болады?

Құқық бұзушыға өзінің қадір-қасиетін жоғалтпай және басқалардың құрметін жоғалтпай қалай дұрыс жауап беруге болады?

Қақтығысты бастаушының сәтсіз сценарийі

Қақтығысты бастаушы сізге ауызша (психологиялық) шабуыл жасай бастағанда, оның ойында қандай да бір сценарий болады. Әсіресе, егер сіз өте жақсы таныс болсаңыз. Ол сіздің оның шабуылдарына қалай қарайтыныңызды болжайды және қазірдің өзінде бірқатар қарсы дәлелдер жинады.

Оған бармаңыз, сабыр сақтаңыз. Ол үшін күтпеген жолмен әрекет етіңіз, алдыңғы қақтығыс жағдайларында жасағандай емес.

Егер сіз оған жанашырлық білдірсеңіз, бұл ол үшін мүлдем күтпеген қадам болады: иә, мен сондай сенімсіз серіктес екенімді түсінемін, сенің жолың болмады. Әрине, әңгімелесуші абдырап, шабуылды тоқтатады.

Үнсіз ойын

Келесі техниканы орындау өте оңай, бірақ күтпеген жерден тиімді болуы мүмкін. Рас, бұл үшін сіз ерік-жігерді де, актерлік шеберлікті де жаттықтыруыңыз керек. Бұл әдіс әсіресе қоғамдық орындарда жақсы жұмыс істейді.

Сондықтан, егер сіз ауызша шабуылға ұшырасаңыз, онда барлық қорлауға жауап ретінде жай ғана үнсіз болуға тырысыңыз. Әңгімелесуші көп ұзамай өзінің жалынын жоғалтады және тынышталады. Дегенмен, сізге әртүрлі жолмен үндемеуге болады. Бұл жағдайда сіз бұл жерде болмағандай тыныш, қабылдауға болады. Бұл жағдайда сарқыраманың жанындағы таулардың баурайын елестетіп, медитация жасап, жағдайдан бас тартқан жөн. Айтпақшы, бұл әдіс жақсы, өйткені айналаңыздағылар сіздің екеуіңіздің кім ересек адам сияқты әрекет ете алатынын және кімге емделетін уақыт келгенін бірден түсінеді.

Көзбен байланыс орнату

Көзбен байланыс жасау – бұл әртүрлі жағдайларда ең күшті психологиялық әдіс: іскерлік келіссөздер, көпшілік алдында сөйлеу, кездейсоқ әңгіме және тіпті сүйіспеншілік таныту. Өзіңіздің пайдаңызға қарай қолдануға тырысыңыз. Әдіс үнсіз ойнау техникасымен тамаша үйлеседі.

Сіздің келесі жолы өзіне дәрекілік танытуға мүмкіндік бергенде (бұл тіркеу бөліміндегі медбике, кассадағы сатушы, жұмыстағы бастық болсын), жай ғана оның көзіне үнсіз көз тастаңыз. Бұл оның ұялуына әкелуі мүмкін. Әрине, ол сіздің көзқарасыңызға төтеп бере алмайды және көзін тез тартып алады немесе мүлдем кетеді. Маған сеніңіз: адамның ұялған басына емес, көзіне қарап, негізсіз шағымдарды айту әлдеқайда қиын.

Диалогтен бас тарту

Егер бұл сіздің жеке мүдделеріңізге қатысты болса, ең ақылға қонымды тактика – бұл мәселені талқылауды біраз уақытқа кейінге қалдыру. Әйтпесе, қарсыластың шабуылдарының әсерінен өзіңізді тастап кету қаупі бар, сіз артық нәрсені айтасыз. Сайып келгенде, бұл сізге жақсылық әкелмейді. Сондықтан пікірталастан үзіліс жасап, ашуды басыңыз.

Жағымпаздық

Іске өзіндік көзқарас мың қауіп пен қорлаудан гөрі тиімді болуы мүмкін. Дәрекілік пен дәрекілікке тап болғанда, ескі ережені есте сақтаңыз: шыбын ащыға емес, балға ұшады. Тәкаппарлықты басу қаншалықты қиын болса да, көрегендік пен икемділік танытыңыз. Егер сіз әңгімелесушінің жағымпаздыққа бой алдырғанын білсеңіз (бұл сөзсіз: дәрекі адамдардың көпшілігі өзіне деген сенімсіз келеді, мақтаған жанына майдай жағады), оны қолданыңыз. Сонымен қатар оған әрі қарай өзін мақтаған адамға шабуыл жасауды жалғастыру қиынға соғады.

Бос қауіптер жоқ ультиматум

Егер сіз шыдамдылық шегі іс жүзінде таусылғанын түсінсеңіз, қатаң және нақты ультиматум қою керек. Мұны мүмкіндігінше тыныш және салқын түрде жасау керек. Егер сіздің бастығыңыз сізге тағы бір рет дәрекілік танытса, байыппен айтыңыз: «Алды-арты осы болсын, менімен осылай сөйлесуге соңғы рет шыдаймын. Келесі жолы мені жұмыстан босату туралы өтініш беремін».

Бірақ мұндай ультиматумдарды қою арқылы қауіп-қатерге дайын болыңыз. Бос сөз және жалған қорқыту кері әсер етеді. Кейін бұл сөзде тұру керек болады.

«Айкидо» техникасы

Бұл әдіс «сәтсіз сценарий» техникасымен үндеседі, бірақ жағдайды абсурд дәрежесіне дейін көтеруге болатындығымен ерекшеленеді. Ондағысы сіз қаншалықты әділетсіз немесе тіпті күлкілі болса да, қарсыластың әрбір ескертуі мен айыптауына келісуіңіз керек.

Әзілмен шабуыл

Қарсылас ашумен ызалы сөзін бастағалы жатқанда, ол кеудесіне көбірек ауа жинайтыны сөзсіз. Тосын қадам – оны осы сәтте күлдіру. Рас, бұл әдіс әзілкештік мен үлкен тапқырлықты талап етеді және оны әзіл түсінетін адамдарға қолданған жөн.

«ЖЕКЕ ҚАУПСІЗДІК» ТАҚЫРЫБЫНДАҒЫ САБАҚТАР

11-СЫНЫП

№ 1 САБАҚ. «ЖЕДЕЛ ҚЫЗМЕТ НӨМІРЛЕРІ»

Сабақтың мақсаты: жоғары сынып оқушыларына қажет болған жағдайда жедел жәрдем нөмірлерін есте сақтауға және дұрыс пайдалануға үйрету.

Негізгі міндеттері:

- 1) шұғыл жағдайдағы әрекетке қажетті телефон нөмірлерімен таныстыру;
- 2) қандай жағдайларда жедел жәрдем шақыру керектігін түсіндіру;
- 3) балаларды төтенше жағдай операторына ақпаратты дұрыс және анық жеткізуге үйрету.

Сабақтың барысы

1. Кіріспе (2 мин)

Шұғыл жағдайдағы әрекетке қажетті телефон нөмірлерімен кеңінен таныстыру.

- Қажетті нөмірді тер.
- Анық және байсалды сөйле.
- Аты-жөніңді, қайдасың, не болғанын айт.

«Есте сақта!»

<i>Өрт күзеті</i>	101
<i>Полиция</i>	102
<i>Жедел жәрдем</i>	103
<i>Төтенше газ қызметі</i>	104,112
<i>Бірыңғай құтқару қызметі</i>	112
<i>«111 жедел қызметі» байланыс орталығы балалар мен ересектер өздеріне көмек қажет екендігі туралы, тұрмыстық зорлық-зомбылық, балалардың құқықтарының бұзылуы туралы, баланың көшеде, үйде, көлікте жалғыз қалғаны туралы, өміріне және денсаулығына қауіп төнгенде хабарласу үшін ашылған.</i>	111
<i>- «111» нөмірі – 24/7 байланыста</i>	
<i>- «111» нөмірі – құпиялылықты сақтайды</i>	
<i>- «111» нөмірі – тәулік бойы ІІД және өңірлердің жедел топтарымен байланыста.</i>	

2. Негізгі бөлім (6 мин)

Рольдік ойын:

- ✓ Балаларды жұпқа бөліңіз. Бір оқушы қоңырау шалушы ролін ойнайды, екіншісі – төтенше жағдай операторы;
- ✓ Әртүрлі жағдайлары бар (өрт, адам құлап қалды, көшеде біреу айғайлап жүр және т.б.) карточкаларды таратыңыз.
- ✓ Жедел қызмет нөмірлерін жаттау: бала қалаған нөмірді теріп, операторға ақпарат беруі керек.

Жедел нөмірлерді қайталаңыз.

Сандарды есте сақтау үшін балалар 3-4 оқушыдан бірігіп сценарий құрастырып, орындап көрсін.

3. Қорытынды (2 мин): қорытындылау, балаларға жедел телефондар жазылған карталарды немесе стикерлерді тарату.

Пайдалы сілтемелер:

<https://orken-instituty.kz/kz/telefony-goryachih-linij>

[https://www.youtube.com/watch?v=fyfkEuHSiIc&list=PLA5eCSY2FeoQLL
ocS-IEuEG9KjOrJzvPM&index=7](https://www.youtube.com/watch?v=fyfkEuHSiIc&list=PLA5eCSY2FeoQLLocS-IEuEG9KjOrJzvPM&index=7)

№ 2 САБАҚ. «СІЗДІҢ ӘРЕКЕТТЕРІҢІЗ ҮШІН ЖАУАПКЕРШІЛІКТІ ҚАЛАЙ ҚАБЫЛДАУҒА ЖӘНЕ МЕКТЕПТЕГІ ҚАУІПСІЗ ОРТАНЫ САҚТАУҒА БОЛАДЫ?»

Сабақтың мақсаты: білім беру мекемесінде қауіпсіз орта қалыптастыра отырып, білім алушылардың жан-жақты дамуына жағдай туғызу. Әр іске жауапкершілікпен қарауға дағдыландыру.

Негізгі міндеттері:

- жоғары сынып оқушыларымен бірлесе отырып бастауыш сынып, орта буын білім алушылардың қауіпсіз ортасын қалыптастырудың алғышартын құру;
- жеке бас қауіпсіздігін сақтай алатындай азамат болуға тәрбиелеу;
- әр іске жауапкершілікпен қарайтын ұқыпты, жауапты тұлға қалыптастыру.

Материалдар мен ресурстар: ватмандар, маркерлер, стикерлер, желім.

Сабақтың барысы

1. Кіріспе (2 мин)

Қауіпсіздік адам баласы үшін әрқашанда керек. Қауіпсіздік аясындағы мектептің қызметі – оқу және еңбек қызметі кезіндегі күтпеген жерден туындайтын ықтимал жайттардан (өрттен, апаттан) оқушылар мен қызметкерлердің өмірін сақтау және денсаулығын қорғауға бағытталған заманауи технологияларды қолдана отырып, оқушыларды сабақ қызметі кезінде қорғау.

2. Негізгі бөлім (6 мин)

Үзіліс кезінде мектептегі қауіпсіз мінез-құлық:

- дәліздер мен баспалдақтар арқылы қадам жасаңыз, жүгірмеңіз, айналаңыздағыларды итермеңіз;
- қарама-қарсы жаққа тап болмас үшін оң жағымен жүріңіз;
- баспалдақтағы қоршауды ұстаңыз, олармен жүрмеңіз, баспалдақтан секірмеңіз;
- кезекші жоғары сынып оқушылары мен педагогтердің талаптарын орындау;
- сабақта оқу заттары мен жиһаздарды ұқыпты ұстаңыз;
- қарындаштарды ұштауда қауіпсіз ұштағыштарды қолданыңыз;
- сыныпқа кіру немесе шығу, кенеттен есікті ашпаңыз немесе тарсылдатпаңыз.
- физика, химия және биология сабақтарында зертханалық жұмыстарды орындау кезінде ерекше күтім қажет.

Оқу шеберханаларындағы сабақтар туралы да айтуға болады. Аспаптар, химиялық реактивтер, ағаш ұстасы және дәнекер құралдары қауіпсіздік ережелерін қатаң сақтауды және белгілі бір пайдалану дағдыларын қажет етеді.

Келесі ережелерді сақтау қажет:

- жұмыс басталар алдында педагогтің қауіпсіздік туралы нұсқаулығын тыңдаңыз;
- жұмыс кезінде нұсқауларды дәл орындаңыз;
- жұмыстарды орындау немесе жұмысшылардың жанында болу кезінде еркелікке немесе немқұрайдылыққа жол бермеу;
- жабдықтар мен реактивтерді мақсатсыз пайдалануға болмайды.

Дене шынықтыру сабақтарында спортзалдың немесе мектеп стадионының жабдықтары да, мектеп оқушыларының мінез-құлқы да қауіпті болуы мүмкін. Дене шынықтыру сабағын көптеген адамдар разряд, қозғалыссыз отырған

сабақтар кезіндегі жинақталған энергияны босату мүмкіндігі ретінде қабылдайды.

Еңбекке баулу сабақтарында жарақат алу мүмкіндігі жоғары. Ағаш ұстасы, дәнекер және басқа құралдармен жұмыс істеудің қарапайым дағдыларын игеру, станоктарда және электромеханизмдерде жұмыс істеу.

Мектептегі сабақ кезінде мектеп ғимаратынан тез кетуді қажет ететін жағдай туындауы мүмкін, мысалы, өрт. Әдетте дүрбелең пайда болады, балалар терезеден секіріп, жарақат алып, тіпті қайтыс болуы мүмкін. Бұған жол бермеу үшін педагогтер де, оқушылар да үнемі бір-біріне кедергі келтірмей, мектеп ғимаратынан ұйымдасқан түрде шығуға жаттығады.

Кешенді қауіпсіздік жүйесі білім беру мекемесінің қауіпсіз жұмыс істеуін қамтамасыз ететін әлеуметтік, техногендік және табиғи сипаттағы нақты және болжамды қауіптерден қорғалу жағдайын білдіреді. Оқушылар қауіпсіздік ережелерін біліп, оларды сақтауға міндетті.

«Мұнара» жаттығуы

Алдарыңызға А4 қағаздары мен маркер, желім берілді. Сіздерге тапсырма *«Мектепте білім алушылардың қауіпсіз ортасын қалай қалыптастырамыз?»*.

Сұрақты жан-жақты зерттеп, әр қабырғасына мектептегі қауіпсіздік шарасын күшейтуге қажет ресурстар мен қажет дағдылар туралы жазып шығыңыздар.

3. Қорытынды

Пайдалы сілтемелер:

https://youtu.be/NHWYVHBHch4?si=zdCOob9ZZJzKBg_p

<https://youtu.be/DycscArvAYw?si=uBpUSdWzZB9-fYc>

<https://youtu.be/eAuWMVuaBbU?si=f7Bu5Hev8Xii7u9j>

№ 3 САБАҚ. «ҚАУІПСІЗ ҚАРЖЫЛЫҚ ОПЕРАЦИЯЛАРДЫ ЖҮРГІЗУ ЕРЕЖЕЛЕРІ. ҚАРЖЫЛЫҚ ПИРАМИДАЛАРДЫҢ ҚАУІП»

Сабақтың мақсаты: қаржылық пирамида белгісін анықтай отыра, қаржылық пирамида қаупінің алдын алу. Қауіпсіз қаржылық операцияларды жүзеге асырудың қағидаларымен таныстыру.

Негізгі міндеттері:

- 1) қаржылық пирамиданың анықтамасына тоқталу;
- 2) қаржылық пирамиданың белгілерімен таныстыру;
- 3) қаржылық пирамиданың түрлерін ажырата білу.

Материалдар мен ресурстар:

Қаржылық пирамидалар туралы үлестірмелі материалдар, ватмандар, менталды карта жасауға арналған маркерлер.

Сабақтың барысы

1. Кіріспе

Қаржы – бұл әртүрлі қаржылық экономикалық саладағы есептеу бірлігі. Экономикалық қызметті жүзеге асыратын кәсіпорындар тауар айналымын ұлғайту, қызмет көрсету саласын кеңейту, жаңа өнімдерді игеру, өндіріске заманауи технологияларды енгізу үшін коммерциялық негізде қаражат тартумен айналысады.

Қаржылық пирамида дегеніміз (кейде оны инвестициялық пирамида деп те атайды) – жаңа адамдарды тарту арқылы, солардың қаражаты есебінен өзге қатысушылардың табысын қамтамасыз ету әдісі. Яғни, пирамиданың бірінші қатысушыларына табыс, кейінгі қатысушылардың салымы есебінен төленеді. Көп жағдайда соңғы қатысушының қаражаты қайтарылмайды.

2. Негізгі бөлім (6 мин)

Табыс деңгейін арттыруға деген ұмтылысты зиянкестер адамдарды алдау үшін жиі пайдаланады. Қаржы пирамидаларының қызметі туралы жаңалықтарда үнемі хабарланғанымен, қазақстандықтар әлі де алданып қалып жатыр. Сондықтан алаяқтық ұйымдарды ресми және тіркелген қаржы компанияларынан ажырата білу маңызды. Қаржы пирамидасы (сонымен қатар инвестициялық пирамида, схемасы – жаңа қатысушылардың қаражатын үнемі тарту арқылы құрылым мүшелеріне кірісті қамтамасыз ету жүйесі. Пирамиданың бірінші қатысушыларына кіріс кейінгі қаражаттың есебінен төленеді. Әдетте қаржы пирамидасының негізін қалаушылар инвесторларға ұзақ уақыт бойы сақталмайтын жоғары кірісті уәде етеді. Бұл ретте пирамиданың барлық қатысушылар алдындағы міндеттемелерін өтеу көрінеу мүмкін емес.

Қаржы пирамидасының белгілері туралы әңгіме. Қаржы пирамидасы – бұл құрылтайшылар жаңа салымшылардың ақшасы арқылы салымшылар алдындағы міндеттемелерді жабатын алаяқтық схемалардың бір түрі. Қаржы пирамидалары ұйымдастыру принципімен немесе құрылымымен ерекшеленеді.

Бір деңгейлі пирамида. Бұл дәл пирамида МММ. Алаяқтық схеманың қарапайым түрі. Ұйымдастырушы белгілі бір бағалы қағаздарды жеткілікті қамтамасыз етпей немесе мүлдем шығармай салымшыларға сатады. Бірінші салымшылардың табысы жаңаларының есебінен жабылады. Ерте ме, кеш пе, мұндай

шынжыр үзіліп кетеді, өйткені барлық салымдар мен уәде етілген пайдаға кепілдік жоқ.

Көпдеңгейлі пирамида. Бұл пирамида қазірдің өзінде күрделі құрылымға ие. Бұл дегеніміз, салымшылар тек ақша әкеліп қана қоймай, сонымен бірге жаңа салымшыларды жалдап, әрқайсысы үшін пайда табады. Осылайша, пирамида құрылады, онда деңгей неғұрлым төмен болса, салымшылар соғұрлым көп болады. Бұл схемаға қатысуы мүмкін адамдардың саны бір кездері аяқталатындықтан, ерте ме, кеш пе пирамида құлайды. Бірақ оның қадамдары неғұрлым көп болса, жоғарыдағылар соғұрлым бай болады, өйткені олар әр жаңа жалдаушыдан пайда табады. Сондықтан пирамидаға ерте кезендерде қосылу тиімді саналады.

«Сегіз шар» моделі. Алаяқтар қаржы нарықтағы пирамидалар арқылы адамдарды алдау қиындай түскенін түсінді. Сондықтан олар өз кәсіпорнының пирамидалық мәнін камуфляждайды. Бұған мысал ретінде сегіз шардың құрылымын келтіруге болады. Онда әр қатысушы тек екі жаңа клиентті әкелуі керек, олар да өз кезегінде тек екі клиенттен әкеледі.

Матрицалық схема. Мұнда принцип одан да күрделі. Клиенттер белгілі бір адамдардан тұратын ұяшықтарға орналасады, жаңа клиенттерді жалдайды. Ұяшық қатысушылардың қажетті санына жеткенде, олар белгілі бір бонустар ала отырып, бір сатыға көтеріледі.

1. Инвестициялау қажеттілігі көптеген схемаларда қарапайым нұсқа болуы мүмкін, қатысушылар ұйымға немесе олардың өнімдері мен қызметтеріне қаржылық инвестиция салуға шақырады.

2. Үлкен пайда туралы уәде, сондай-ақ алаяқтар құрбандарды келесі ұсыныстар арқылы тартады: үлкен пайыздар – пирамида қатысушыларына салынған қаражатты банктік депозиттер бойынша сыйақыдан бірнеше есе артық қайтаруға, салынған ақшаны тез қайтаруға уәде беріледі. Әдетте үлкен сыйақы туралы уәде оны алудың жылдам мерзімдерімен (бірнеше апта немесе тіпті күндер) күшейтіледі.

3. Жаңа адамдарды тарту. Қаржы пирамидалары қатысушы төлем алу үшін адамдарды белсенді түрде тартуы керек дегенді білдіреді.

4. Жоба «Ноу-хау» ретінде беріледі. Яғни, алаяқтар нарықта теңдесі жоқ мүлдем жаңа өнімді немесе шешімді ұсына алады.

3. Қорытынды. Сабакты қорытындылау. Қаржы пирамидалары туралы менталды карта құру.

Пайдалы сілтемелер: <https://youtu.be/FKicYDjYTW4?si=ZA-S-auI5fEgrTM->

№ 4 САБАҚ. «ҚАУІПСІЗ ЕҢБЕК ЖАҒДАЙЛАРЫН ҚАЛАЙ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ КЕРЕК?»

Сабақтың мақсаты: қауіпсіз еңбек туралы ақпарат беру, оны қамтамасыз ету жолдарымен таныстыру.

Негізгі міндеттері:

- 1) жұмыскер мен жұмыс беруші арасындағы еңбек шартын талқылау;
- 2) жұмыскердің құқы мен міндеттері туралы еңбек кодексіне тоқталу;
- 3) еңбек қауіпсіздігі тұрғысында жұмыскерге жүктелген талаппен таныстыру.

Материалдар мен ресурстар:

Еңбек кодексі.

Инфографика жасауға арналған ватмандар, маркерлер, суреттер.

Сабақтың барысы

1. Кіріспе (2 мин)

Қауіпсіз еңбек жағдайлары – адамның негізгі құқықтарының бірі және «Қауіпсіз еңбек» ұғымының ажырамас бөлігі. Халықаралық еңбек ұйымы еңбекті қорғауды, еңбек стандарттарын, әлеуметтік диалогті, қызметкерлердің осал санаттарын әлеуметтік қорғауды дамыта отырып, лайықты еңбек қағидаттарын қалыптастырады. Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау талаптарын орындамау кәсіпорындардың экономикалық әл-ауқатына нұқсан келтіреді, оның тұрақты даму стратегиясына және жалпы алғанда ел экономикасына кері әсер етеді.

2. Негізгі бөлім (6 мин):

Еңбек қауіпсіздігі – еңбек қызметі процесінде жұмыскерлерге зиянды және (немесе) қауіпті өндірістік факторлардың әсерін болғызбайтын іс-шаралар кешенімен қамтамасыз етілген, жұмыскерлердің қорғалуының жай-күйі. Кәсіпорындағы еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау (бұдан әрі – ЕҚЖЕК) жағдайлары ҚР Еңбек Кодексімен реттеледі.

Еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз етудің негізгі принциптері:

- қауіп көздерін жою немесе шектеу, жабдықты жаңарту;
- технологиялық процестерді, жеке және ұжымдық қорғаныс құралдарын жетілдіру.

Еңбекті қорғау – құқықтық, әлеуметтік-экономикалық, ұйымдастырушылық-техникалық, санитариялық-эпидемиологиялық, емдеу-профилактикалық, оңалту және өзге де іс-шаралар мен құралдарды қамтитын, еңбек қызметі процесінде жұмыскерлердің өмірі мен денсаулығының қауіпсіздігін қамтамасыз ету жүйесі.

Еңбек шартын жасасқан кезде жұмыскер өз еңбек функциясын қандай еңбек жағдайында атқаратыны және бұл жұмыс оның денсаулығына, өміріне қандай зиян тигізетіні туралы толық мәлімет алып, жұмыс орнында қауіпсіздік талаптарына қатысты жүргізілген аттестация қорытындысымен толық танысуға құқылы.

Жұмыскер мен жұмыс беруші еңбек шартын жасасқан кезде екі тарап та өзара келісу негізіндегі әдісті қолдана алады. Жұмыс беруші нақты өз талаптарына сәйкес келетін жұмыскерді қабылдауға құқылы, ал жұмыскер көрсеткен қызметі үшін өзіне тиімді еңбекақы төлеуді талап етуге құқылы. Жұмыскердің құқықтары мен міндеттері Еңбек кодексінің 22-бабында ескерілген. Еңбек қатынастарына түскен әр адам осы заңды мұқият оқып шықса, өзіне жақсы.

3.Қорытынды. Сабақты қорытындылау, еңбек тақырыбына мақал-мәтелдер айту:

Пайдалы сілтеме: <https://youtu.be/DpMSqGKZBno?si=OhIfjkuMghn-2-vr>
https://youtu.be/DpMSqGKZBno?si=H4966mKInWa911_R

№ 5 САБАҚ. «ӘРЕКЕТСІЗДІК ПЕН СЕРІКТЕСТІК ЖАУАПКЕРШІЛІГІ»

Сабақтың мақсаты: қылмысқа қатысушылық ұғымын енгізу; топтық қылмыстық әрекетке қатысушылардың негізгі рольдерін зерттеу; топтық қылмысқа қатысушылардың жауапкершілік дәрежесін анықтау; білім алушылардың теориялық білімдерін заңды фактілерді талдауға қолдану дағдыларын дамыту.

Негізгі міндеттері:

1. жасөспірімдерде өз іс-әрекеті үшін жауапкершілік сезімін тәрбиелеу;
2. азаматтық ұстанымдарын қалыптастыру, заңды құрметтеуге үйрету.

Сабақтың барысы

1. Кіріспе (2 мин)

Кәмелетке толған балалар қатысатын әрекеттер қылмыс сипатында болуы мүмкін немесе теріс қылық ретінде қарастырылуы мүмкін. Қылмыс та, теріс қылық та заң бұзушылық. Екі жағдайда да оларды жасаған адам қылмыскер. Бүкіл қоғамға қауіпті әрекеттер қылмыс; қылмыстардың нақты тізімі Қылмыстық кодексте көрсетілген.

Балаға қай уақытта ойын-сауық мекемелері мен үйден тыс жерлерге баруға тыйым салынады?

Баланың заңды өкілдерінің ертіп жүруінсіз түнгі уақытта (сағат 22-ден таңғы 6-ға дейін) ойын-сауық мекемелерінде болуына, сол сияқты онда жіберілуіне тыйым салынады.

Ойын-сауық мекемелеріне:

- ойын мекемелері;
- түнгі клубтар;
- кафе-барлар;
- мейрамханалар;
- интернет-кафе;
- компьютер;
- бильярд бөлмелері;
- боулинг клубтары мен кинотеатрлар.

Сағат 23.00-ден таңертеңгі 6.00-ге дейін кәмелетке толмағандарға заңды өкілдерінің ертіп жүруінсіз көшеде болуына тыйым салынады.

Егер бұл уақытта балалар үйдің ауласындағы орындықта отырса, қоқыстарды кешкі уақытта шығарса, өзі тұрған үйден 5 метр қашықтықта орналасқан дүкенге барса, полиция оны табудың себебін анықтауға, заңды өкілдерін құруға, оларды уақытылы анықтау мүмкіндігі болмаған жағдайда, кәмелетке толмаған адамды оның заңды өкілдерін табу жөніндегі келесі шаралар үшін полиция органына жеткізуді қамтамасыз етуге міндетті.

Заңды өкілдер, мекеме иелері қандай жауапкершілікке тартылады.

Ата-аналарға, заңды өкілдерге кәмелетке толмаған балалардың заңды өкілдерінсіз түнде ойын-сауық мекемелерінде немесе үйден тыс жерлерде жүргені үшін:

- кешкі 22.00-ден таңғы 6.00-ге дейін ойын-сауық мекемелерінде болса, 3 АЕК мөлшерінде айыппұл салынады;

➤ түнгі 23.00-ден таңғы 6.00-ге дейін үйден тыс жүретін болса – ескерту жасалынады.

Егер ұқсас факт жыл ішінде қайталанса, 7 АЕК көлемінде айыппұл қарастырылған.

Баланы тиісті емес уақытта болғаны үшін ойын-сауық мекемесінің иелеріне де айыппұл салынады.

Айыппұлдың мөлшері құқық бұзушының мәртебесіне, сондай-ақ құқық бұзушының жыл ішінде осындай бұзушылық үшін бұрын жауапқа тартылған-тартылмағанына байланысты. Айыппұл іс-әрекетті тоқтатумен немесе белгілі бір қызмет түрімен бірге қолданылуы мүмкін.

2. Негізгі бөлім (6 мин):

Рольдік ойын: «Адал болу!».

Қатысушылар серіктес болып бірге атқарады.

Сұрақ-жауап:

- «Қылмысқа қатысу» деген сөзді қалай түсінесіз?
- Қылмысқа сыбайластар қандай жауапкершілікке тартылады?
- «Жазалау» дегенді қалай түсінесіңдер?
- Өзіңізге белгілі жаза түрлерін атаңыз.
- Жазаның бір түрін толығырақ түсіндіріңіз.

3. Қорытынды.

Пайдалы сілтеме:

<https://youtu.be/NHWYVNBHch4?si=eO08802OqPxTp3wt>

№ 6 САБАҚ. «ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙЛАРДА ӘРЕКЕТ ЕТЕ БІЛУ»

Сабақтың мақсаты: табиғатта болатын төтенше жағдайлар туралы мәлімет беру.

Негізгі міндеттері:

- 1) төтенше жағдайлар туралы мәлімет беру;
- 2) «жеті жұт» деген ұғыммен танысу;
- 3) төтенше жағдайларда әрекет ете білу ережелерімен таныстыру.

Сабақтың барысы

1. Кіріспе (2 мин)

Адам – табиғат перзенті. Тіршілікте төрт құдірет – Күн-ана, Жер-ана, ауа мен су болса, олардың біреуінсіз тіршілік тоқтайды деген мақалдар осы төрт құдіретті қадірлеуден тараған. «Табиғаттың бізге жұмбақ сырлары көп таңданар», – деп ақын Мұхтар Шаханов айтқандай, адам мен табиғаттың, табиғат пен қоғамның арасындағы қарым-қатынас өмір сүрудегі аса қажетті алғышарт.

Табиғат мейірімі, табиғат көркемдігі адам баласын мейірімге бөлеп, ар тазалығын сақтауға бейімдеп отырады екен.

Қазақ халқы салт-дәстүрге өте бай. Бұл – оның мәдениетті, әрі тәрбиелі екендігінің айғағы. Біздің халқымыз жеті санын киелі сан деп біледі. Осыған байланысты айтылған «Жеті жұт» дегеніміз не? Құрғақшылық (қуаңшылық), Жұт (мал қырылу), Өрт, Оба (ауру), Соғыс, Топан су, Зілзала (жер сілкінісі).

2. Негізгі бөлім (6 мин)

Табиғатта болып жататын экологиялық апаттардың ішінде төтенше жағдайларды білу өте маңызды. Өйткені бұл апаттар кенеттен пайда болады да жергілікті экожүйелер, елді мекендер аяқ астынан сұрапыл апатқа ұшырайды. Сендер бұндай жағдаймен кездескенде сабырлық сақтап, жан сақтап қалуға мүмкіндік жасау керек. Сол себептен бұны білу және оны дұрыс қолдану біздің міндетіміз. (Интерактивті тақтадан «Төтенше жағдай» атты презентация көрсету)

Топтық жұмыс: «Біздің түсінігімізде» постерін қорғайды. Әр топ қауіпті жағдайлар туралы ойларын жеткізеді.

- Төтенше жағдай дегеніміз не?
- Төтенше жағдайдың түрлері және сипаттамалары?
- Төтенше жағдайларда ең әуелі не істеу керек?

3. Қорытынды

Пайдалы сілтемелер:

https://youtu.be/tAhDCJC0Ttc?si=IBfvcpWxZl_t9moS

https://youtu.be/LF-svPIBOVw?si=OECgGeLiP_frsUj0

<https://youtu.be/VjbLbO0uHIA?si=7viGekCfmv36O5jV>

<https://youtu.be/tApoEyYn2FE?si=DHdS5Xidrv5A8rJ1>

<https://youtu.be/DY3DRxWokn8?si=W3rUjZA2AHnxn6Dp>

№ 7 САБАҚ. «СЕКТАЛАРДЫҢЫҚПАЛЫНА ҚАЛАЙ ТҮСПЕУГЕ БОЛАДЫ?»

Сабақтың мақсаты: секта туралы терең түсінік беру, оның түрлері, себептері мен зардаптарын ұғындыру.

Негізгі міндеттері:

- 1) діни секталардың бала өміріне қауіптілігін түсіндіру;
- 2) деструктивті бағыттағы секталардың ұстанымдарын ажыратуға үйрету;
- 3) елін, жерін сүйетін, отанын, тілін, ата-бабасының дінін қастерлей білуге баулу.

Сабақтың барысы

1. Кіріспе (2 мин)

Христиандықта, исламда және басқа діндерде қандай да бір басым бағыттан әртүрлі себептермен бөлінген сенушілердің бірлестігі секта деп аталады. Деструктивті діни ағымдар қоғамдық қауіпсіздікке, отбасына, адам денсаулығына қауіп төндіреді.

2. Негізгі бөлім (6 мин)

Деструктивті діни ағым немесе ұйым – бұл адамның санасы мен еркіне толық бақылау орнатуға ұмтылатын деструктивті діни немесе жалған діни ұйым.

Деструктивті культтерге тарту тәсілдері мынадай жолдармен жүзеге асырылады:

- Әлеуметтік желілер ең тиімді және кең тарту жолы.
- Спортпен айналысатын жас жігіттер мен қыздарды тартады. Спорт түрлерімен айналысатын (күрес, бокс және басқа түрлері).
- Балалар үйлері, дағдарыс орталықтары, қарттар үйлері және мүгедектерге көмек көрсету орталықтары да қолжетімді.

Деструктивті діни ағымдар қоғамдық қауіпсіздікке, отбасына, адам денсаулығына қатер төндіреді.

- Діни секталардың белгілері: ұлттық құндылықтары мен салт-дәстүрлерін (Наурыз мейрамын тойлауды, қазақ халқының «Беташар», «Сәлем салу» салттарын, өмірден озған жандарға құран бағыштауды және т.б.) жоққа шығарады.
- Мемлекеттік рәміздерді және мемлекеттік мерекелерді құрметтемейді.
- Дәстүрлі исламды ұстанатын мұсылмандарды кәпірлік жасайды деп айыптайды, өзге діндердің өкілдері мен дінді ұстанбайтын адамдарға төзімсіздік танытады.
- Заманауи мәдениет және өнер түрлеріне (музыка, балет, бейнелеу өнері және т.б.) өшпенділік танытады.
- Заңда белгіленген міндеттерді (әскерде қызмет ету, міндетті орта білім алу және т.б.) орындаудан бас тартады.
- Медициналық рәсімдердің кейбір түрлерінен (қан құю, вакцинация, ағза мүшелерін трансплантациялау және т.б.) бас тартады.
- Білім мекемелеріндегі жекеленген пәндерге (биология, дене шынықтыру, ән-күй, сурет салу және т.б.) қатыспауға шақырады.

Постер жасау және қорғау.

1-топ. «Қазақстан Республикасының аумағында тыйым салынған діни бағыттағы ұйымдардың тізімі».

3-топ. «Діни секталардың белгілері».

2-топ. «Сектанттардың қулықтарына қалай түспеуге болады?».

3. Қорытынды: сабақты қорытындылау.

Пайдалы сілтеме:

<https://youtu.be/mVKWd4Xkd7Q?si=spEFbKTVgePjbtQf>

№ 8 САБАҚ. «ШЫНАЙЫ ДОСТЫҚ ПЕН ЖАЛҒАН ДОСТЫҚТЫ АЖЫРАТУ»

Сабақтың мақсаты: оқушыларға достың адам өміріндегі маңызы, достықтың шынайы белгісі туралы түсіндіру.

Негізгі міндеттері:

- достық, сыйластық туралы пікірлесе отырып оқушылар арасында сыйластық қалыптастыру;
- оқушыларды әдеби тілмен сөйлеуге дағдыландыру, олардың өзін қоршаған ортасын дұрыс түсінулеріне, өмірге деген көзқарастарының қалыптасуына, өз ойын, пікірін баяндай жеткізе білулеріне көмектесу;
- оқушыларды достыққа адал болуға, имандылыққа, сыйластыққа тәрбиелеу.

Сабақтың барысы

1. Кіріспе (2 мин). «Ой қозғау» әдісі

Ертеректе ел ішінде Әйтiмбет деген сөзге шешен кісі болыпты. Бірде замандастары шешеннен:

– Достық нешеу? - деп сұрапты.

Әйтiмбет:

– Достықтың 2 түрі болады. Бірі – адал достық, екіншісі – амал достық, - дейді.

Дұрыс-ақ енді оларды қалай ажырата аламыз?

Шешен:

– Адал достық – өмірлік нұсқа, амал достықтың өрісі қысқа, – деп жауап беріпті.

Осыны қалай түсінесiндер?

2. Негізгі бөлім (6 мин)

Рольдік ойын.

Екі дос арасындағы сүйіспеншілікті бейнелеу

Жағдаяттан шығу:

- Саған досың өкпелі. Неге екенін білмейсің. 2 күн болды сені көрсе қашқақтайды. Сен не істейсің?
- Досың сенің жақсы көретін киіміңді күйдіріп алды. Қандай шешім қабылдар едің?
- Сенің жаңа досың бұрынғы досыңмен араласпауыңды өтінді. Өзімен ғана дос болғаныңды қалайды. Не істейсің?
- Досың сенің қимас ағаң сыйлаған сувениріңді ұнатып қалды. Қайта-қайта оны қызықтаумен болды. Қимас досың сұраса берер ме едің?

3. Қорытынды (2 мин): сабақты қорытындылау, кеңес беру.

Достықты қадірлей біліңдер. Досыңның кемшілігін кешіре біл. Достық сезім нұр құяды сезімге, досым үшін тойым дағы, төрім де. Қуаныштың ақ құсы боп самғаған, дос көңілдер шырқай берсін өмірде! Адам бойындағы барлық жақсы қасиеттер, адамгершілік нормалары, әлемнің татулығы – бәрі де осы достықтан бастау алады. Сол бастау сендердің бойларыңда қаланды деп сенемін!

Пайдалы сілтеме:

<https://youtu.be/gH3zqZPR4EQ?si=BqIN4gX0HtWlpK6T>

№ 9 САБАҚ. «ЗОРЛЫҚ-ЗОМБЫЛЫҚТАН ҚОРҒАНУ: ҚОРҒАУ ӘДІСТЕРІН ЖӘНЕ КӨМЕККЕ ЖҮГІНУ ЕРЕЖЕЛЕРІН БІЛУ»

Сабақтың мақсаты: балалар қоғамда кездесіп отырған балаларға қатысты зорлық-зомбылық пен қатыгездіктің зияны мен салдары туралы түсінік беру, талқылау.

Негізгі міндеттері:

- бір-біріне мейірімді қарым-қатынасқа, жанашырлыққа, қайырымдылыққа тәрбиелеу;
- оқушыларға өзін тұлға ретінде құрметтеуге және айналасындағы адамдарды құрметтеуге негізделген белсенді өмірлік ұстанымды қалыптастыруға көмектесу.

Сабақтың барысы

1. Кіріспе (2 мин)

Әлемде қазіргі ең өзекті мәселелердің біріне айналып отырған – бұл жасөспірімдердің, балалардың зорлық-зомбылыққа ұшырауы. Барлық бала үйінде, мектепте және басқа да қоғамдық мекемелерде күнделікті қатыгездікпен және зорлық-зомбылықпен ұшырасып отырады. Зорлық-зомбылық адам ағзасына тікелей әсер ететінін, жаман әдеттерден бойларын аулақ ұстап, ондай әрекеттерге бармауға тәрбиелеу немесе ондай әрекеттерден сақтандыру адамгершілігі мол саналы азамат болып өсуіне ықпал жасау барлығымыздың міндетіміз.

2. Негізгі бөлім (6 мин)

Қалай зорлық-зомбылыққа душар болмау керек?

- Көшеде түнгі беймезгіл уақытта қалмауға тырысу, көшеде танымайтын адамдармен әңгімелеспей және онымен қараңғы жерлерге, адамдар жоқ орындарға және т.б. жерлерге бармау.
- Үйде жалғыз болғанда, бөтен адамдарды үйге кіргізбеу керек.
- Бөтен біреудің машинасына отырмау, қыдырып жүргенде бөтен адамдардан тәтті, сыйлықтар алмау керектігін үйрету қажет.
- Көшенің қараңғы жерлерінен, көпшілік жүрмейтін саябақтар мен стадиондардан аулақ жүруге үйрету.

Қоғам үшін ең бастысы – тәуелсіздік, адам үшін бас бостандығы және уайым қайғысыз өмір. Оның кепілі – заңдылық. Тәуелсіздік тәрімізден орын алған қоғамымыздағы ең басты құндылық – адам бостандығы. Адамның және адамзаттың құқықтары мен бас бостандықтарын қамтамасыз ету және қорғау – конституциялық заңдылықтың басты талабы.

Қазақстанда салауатты өмір салтына қол жеткізуде, денсаулықты сақтау мен нығайтудағы басты міндеттің бірі – бала құқығын қорғау, зорлық-зомбылыққа қарсы күрес жүргізу. Егер жалпы айтқанда зомбылықты физикалық қасірет көрсету әрекеті деп анықтауы болса, онда тұрмыстық зомбылықта осы әрекеттің бастауы мен айқындау нүктесі анық белгіленеді.

«Зорлық-зомбылықсыз және қатігездіксіз балалық шақ» ойыны

Оқушылар 4 топқа бөлінеді, «Зорлық-зомбылықсыз және қатігездіксіз балалық шақ» тақырыбында постермен жұмыс істеу.

Есте сақта!

- Полицияның, ата-аналардың, жақын туыстарының, көршілерінің, достарының телефондарын жатқа біліңіз;

- Әрқашан ұялы телефонды өзіңізбен бірге алып жүріңіз.

Бейнені қарау. Қатыгездік пен зорлық-зомбылық кезінде көмек сұрауға болатын орындар туралы ақпаратпен жадынамалар ресімдеу.

3. Қорытынды: сабақты қорытындылау.

Пайдалы сілтеме: <https://youtu.be/a3IOUb8aFvI?si=IBpdAquO4py1IS6D>

№ 10 САБАҚ. «АДАМНЫҢ ЖЕКЕ ШЕГАРАСЫН ҚОРҒАУДЫҢ НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕРІ»

Сабақтың мақсаты: жеке шегара туралы түсінік беру, жеке шегараны қорғау ережелерімен таныстыру.

Негізгі міндеттері:

- жеке шегара бұзылуының кең таралған түрлеріне тоқталу;
- адамның жеке шегарасы: психологиялық, физикалық, эмоциялық түрлерін зерттеу;
- адам өзінің жеке шегарасын қалыптастыруда ұстану керек негізгі үш ережені анықтау.

Сабақтың барысы

1. Кіріспе (2 мин)

Жеке шегара әр адамға өзін жайлы ұстау үшін керек. Егер адам өзін жайсыз сезінсе, бұл кейін күйзеліске әкеп соқтыруы мүмкін. Мысалы, бейтаныс адам сізге сүйкеніп тұрса, рұқсатсыз қолыңыздан ұстаса, жаныңызға келіп отырса, көз алмай қарап тұрса немесе телефоныңыздағы хабарламаға көз салып оқып отырса, бұл сізге жайсыздық тудырады. Мұндай қылықтар жеке шегараны бұзуға жатады. Сонымен қатар, эмоциялық шегара деген де болады. Егер бейтаныс адам немесе жақыныңыз сізге ашуланып, дауыс көтерсе, ол да сіздің шегараңызды бұзғанға жатады. Себебі, бұл сізге жайсыздық тудырып тұр.

Жеке шегараны құру басқалардың сіздің өміріңізге араласпауына, өзіңізге сенімді болуыңызға көмектеседі. Бір сөзбен айтқанда, біздің эмоциялық, физикалық қауіпсіздігімізді қамтамасыз етеді. Кейбір адамның санасында «жеке шегара» деген ұғым жоқ. Мысалы, ол біреудің затын рұқсатсыз алады, сұрамайды. Ондай адамдарда жеке шегара бала күннен қалыптаспағандықтан, өзгелердің шегарасынан рұқсатсыз өте береді. Сондықтан өзгелердің де шегарасына құрметпен қарау керек.

Есте сақта!

- Ең алдымен, адам өзінің қалауын, қажеттілігін нақты білуі керек.
- Екіншіден, өз шегараларыңа сенімді болу.
- Біреу сізге ұнамайтын қағиданы ұсынса, өз шегараңызды қорғап, бас тарта білуіңіз керек.
- Өз шегараңыздан ұялмауыңыз керек.

Үшіншіден, көмек сұраудан қорықпау қажет.

2. Негізгі бөлім

Жеке шегаралардың түрлері:

Эмоциялық. Олар эмоциялық әл-ауқат пен психиканы қорғауға арналған. Мысалы, жақын адамдар сізбен моральдық тұрғыдан сөйлескенде сізді ренжітеді және сіз олардан бас тартуды сұрайсыз.

Физикалық. Сізге қандай физикалық өзара әрекеттесу ұнамайтынын анықтаңыз. Мысалы, сіз сәлемдесу кезінде басқалармен күшақтасуға ыңғайсызданасыз және сіз мұны жасамауды сұрайсыз.

Жұмыс уақытында. Сіздің лауазымдық міндеттеріңізден тыс жүктемелерді, соның ішінде психологиялық жүктемелерді алмау.

Уақытша. Басқалардың сіздің уақытыңызды теріс пайдалануына жол бермеңіз. Сіз біреуге қазір бос емес екеніңізді айтқан сайын және кейінірек жауап берген сайын осындай шегараларды белгілейсіз.

Материалдық. Оларға сіздің меншігіңізге және жеке кеңістігіңізге қатысты ережелер кіреді. Мысалы, сіз үйде болмаған кезде басқалардың бөлмеңізге кіруіне немесе заттарыңызды алуына қарсысыз.

Жеке шегараларды қалай құруға болады?

Жеке шегараларды тиімді қорғау үшін келесі бірнеше ережелерді білу қажет:

1. Ең алдымен, түсіну керек: жеке шегараны қорғау – бұл біздің жеке жауапкершілігіміз. Адамдар бізбен өзімізге рұқсат еткендей әрекет етеді.

2. Қарапайым шын жүректен сұрау көбінесе ұзақ уәде пен қысымға қарағанда әлдеқайда тиімді жұмыс істейді. «Мейірімді болып, айқайламаңыз. Маған сенің айқайлағаның ұнамайды».

3. Алдыңғы келісімдерді тыныш еске түсіруге дайын болыңыз. Егер адам бір нәрсені ұмытып кетсе, ашуланбаңыз.

4. Агрессия әрқашан агрессияны тудырады. Егер сізге қарсы ауызша агрессия қолданылса, жанжалға түспеген жақсы.

Рольдік ойын.

Топтағы оқушылар адамның жеке шегаралары бұзылған жағдайлардың мысалдарын сахналайды және оларды қорғау жолдарын көрсетеді.

4. Қорытынды: сабақ тақырыбы бойынша жадынамалар тарату.

Пайдалы сілтеме:

https://www.youtube.com/live/H8OH6O90c8o?si=Te-ipkM6n3o2_1jo

«ЖЕКЕ ҚАУІПСІЗДІК» ТАҚЫРЫБЫНДАҒЫ САБАҚТАР

Барлығы **260** сабақ әзірленді (130 - қазақ тілінде, 130 – орыс тілінде):

- Мектепке дейінгі білім беру ұйымдары үшін - 20 сабақ;
- Орта білім беру және ТЖКБ ұйымдары үшін-110 сабақ.

Оқу-ағарту Министрлігінің «Өркен» балалардың әл-ауқатын арттыру ұлттық ғылыми-практикалық институты» коммерциялық емес акционерлік қоғамы, «Жеке қауіпсіздік» сабақтары, 2024 ж. – **252 б.**

ҚҰРАСТЫРУШЫЛАР:

Ю. Овечкина – Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің Балалардың кукуктарын қорғау ктмитеті

Г. Балғабаева - «Өркен» КЕАҚ

Г. Сыздықова - «Өркен» КЕАҚ

С. Дауешова - Астана қ. «Әдістемелік орталық» МКҚК басшысы

Г. Бекетаева - Астана қаласының «Әдістемелік орталығы» МКҚК әдіскері

Ж. Байгозинова - Астана қ. «Әдістемелік орталық» МКҚК әдіскері

Г. Оразбекова - Астана қ. педагогі

С. Ақселеу - Астана қ. педагогі

Н. Некрасова – Маңғыстау облысының педагогі

Л. Карпушова – Маңғыстау облысының педагогі

В. Дробышева – Маңғыстау облысының педагогі

РЕДАКТОР

М. Мейрамбеков – «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ, Педагогикалық шеберлік орталығы